

РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ОРАЗА

الصوم في رمضان

<қазақ тілі – Kazakh – كازاخي – >



сайтының редакциясы дайындаған

إعداد: إدارة الموقع toislam.com



қазақ тіліне орыс тілінен аударған www.abuhanifa.kz және www.uraza.ws
сайттарының редакциялары
орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, тексеріп, өңдеген «Абу Ханифа
мирасы» сайтының редакциясы

ترجمة: إدارة الموقع www.abuhanifa.kz و www.uraza.ws

مراجعة: إدارة الموقع www.abuhanifa.kz

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ОРАЗА



сайтының редакциясы дайындаған

қазақ тіліне орыс тілінен аударған www.abuhanifa.kz және www.uraza.ws

сайттарының редакциялары

орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, тексеріп, өңдеген «Абу Ханифа мирасы»

сайтының редакциясы

Рамазан айының және ораза ұстаудың артықшылығы

Абу Һурайраның сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: *«Рамазан келгенде Жәннаттың қақпалары ашылады, Тозақтың қақпалары жабылады және шайтандар шынжырларға бұғауланады»* (әл-Бухари 1899, Муслим 1079).

Хафиз ибн Ражаб осы хадисті келтірген соң былай деді: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларын Рамазанның келуімен сүйіншілейтін. Ғалымдар: «Бұл хадис адамдар бір-бірін Рамазан айының келуімен құттықтауына рұқсат етілгеніне негіз болып табылады», — деген»* (қараңыз: “әл-Ләтаиф” 279).

Сондай-ақ Абу Һурайрадан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны да жеткізіледі: *«Рамазан айының алғашқы түні келгенде жындардан болған ма`арид шайтандары бұғауларға кісенделеді, Тозақтың бірде-бір есігі қалдырылмай, бәрі жабылады, Жәннаттың бірде-бір есігі қалдырылмай, бәрі ашылады, содан бір үндеуші: «Әй, жақсылыққа ұмтылушы, (жақсылықтарыңды) баста! Әй, жамандыққа ұмтылушы, доғар!», — деп шақыру салады. Әрі осы айда Аллаһтың Тозақтағы азаптан босатылатын адамдары бар, және мұндай босатылу рамазанның әрбір түнінде орын алып тұрады»* (әт-Тирмизи 682, Ибн Мәжаһ 1642, әл-Хаким 1/421. Сахихтығын шейх Әлбани растаған).

Ма`арид шайтандары – бұл жындардан болған алып, қуатты шайтандар.

Осыдан біз рамазан айында кісендерге барлық шайтандар емес, бірақ, Ибн Хузайма өзінің «Сахихында» (3/188) айтқандай, тек олардың ішінен ма`аридтері ғана бұғауланатынын түсінеміз.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Рамазандағы умра – қажылықпен тең»*, – деген (әл-Бухари 1863, Муслим 1256).

Хадисте рамазан айында жасалған умраның сауабы қажылықтың сауабымен тең екені айтылуда, бірақ бұл рамазандағы умра толыққанды қажылықтың орнын басады дегенді білдірмейді (қараңыз: Имам Ибн Баттал “Шарх «Сахих» әл-Бухари” 4/438 және имам ән-Науауи “Шарх «Сахих» Муслим” 9/285).

Абу Саид әл-Худриден Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Ақиқатында, Аллаһ Тағаланың алдында сондай адамдар бар, Ол оларды рамазанның әрбір күндісі мен түнінде Оттан босатады. Әрі,*

расында, әрбір мұсылман рамазанның түнінде де, күндізінде де өзінің дұғасына жауап алып отырады» (әл-Баззар, сахих хадис, «Сахих ат-Тарғиб» 1002).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деген: *«Кімде-кім рамазан айында Аллаһтың сый-сауабына деген иманмен және үмітпен ораза ұстаса, оның бұрынғы күнәлары кешіріледі»* (әл-Бухари 38, Муслим 760).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және былай деді: *«Бес парыз намазды орындау, алдыңғы жұма намазынан кейін келесі жұма намазына қатысу және әр рамазан келген сайын ораза ұстау олардың арасында істелген күнәларды өтейді, тек егер олардың арасында ауыр күнәлар болмаған болса»* (Муслим 233).

Ал үлкен күнәлар тек шын ықыласпен тәубе жасағанда ғана кешіріледі.

Абу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтатыны хабарланады: *«Адам баласының әрбір игі ісі еселенеді, ал игі іс үшін берілетін ең аз сый он есе болады, бірақ ол жеті жүз есеге дейін де көбеюі мүмкін. Аллаһ Тағала: «Оразадан басқасына. Өйткені, шынында, ораза Мен үшін ұсталады, және оның сыйын Мен Өзім беремін. Өйткені адам өз қалауларын қанағаттандырудан және өз тамағынан Мен үшін бас тартады!», - деп айтады. Ораза ұстаушыны екі қуаныш күтіп тұр: бірі – ауызын ашқанда, екіншісі – өзінің Раббысымен кездескенде. Әрі ораза тұтушының ауызынан шығатын иіс Аллаһ үшін мисктің (әтірдің) хош иісінен де жағымдырақ!»* (Муслим 1151).

Аллаһ Тағала оразаны басқа құлшылықтардан ерекшелегенінің себебі - оразада намаз, жиһад, қажылық және садақа сияқты құлшылықтардан айырықша, көзбояушылық (рия) аз болады (Қараңыз: “Фатхул-Бәри” 4/107).

Хафиз ибн Абдул-Барр былай деген: *«Аллаһ Тағаланың «Ораза Мен үшін» деген сөзі оразаның құндылығын және оның басқа құлшылықтардан артықшылығын көрсету үшін жетіп асады»* (қараңыз: “Мәжәлису шаһри рамадан” 15).

Сәһлдің сөздерінен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Шынында, Жәннатта «әр-Райян» деп аталатын қақпа бар. Қиямет күні одан ораза ұстаушылар ғана кіреді, әрі ол қақпадан олардан басқа ешкім кірмейді. (Сол күні:) «Ораза ұстаушылар қайда?» — деп айтылады, сонда олар алға шығады, және олардан басқа ол қақпадан ешкім өтпейді. Ал олар кіріп болған соң, ол қақпа жабылады да, одан басқа ешкім кірмейді»* (әл-Бухари 1896, Муслим 1152).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Ораза – бұл Аллаһтың құлы оның көмегімен Оттан қорғанатын қалқан*», — деген (әт-Табарани “Кабирде”, хадис хасан. Қараңыз: «Сахих әл-жәми’» 386).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деді: «*Кімде-кім ораза ұстаған күйінде қайтыс болса, Жәннатқа кіреді*» (әл-Баззар. Хадистің сахихтығын шейх әл-Әлбани растаған. Қараңыз: «Сахих әл-жәми’» 6224).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деді: «*Ораза мен Құран Аллаһтың құлына Қиямет күні шапағатшы болады. Ораза: «Уа, Раббым! Мен оны күндіз тағам мен сусыннан құр қалдырдым, ендеше, оған шапағат етуіме рұқсат бере гөр!»*, — дейді. Ал Құран: «Уа, Раббым! Мен оны түнде ұйқысынан айырдым, ендеше, оған шапағат етуіме рұқсат бере гөр!», — дейді. Сонда олардың шапағаттары қанағаттандырылады» (Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, хафиз әл-Мунзири, шейх Ахмад Шәкир және шейх әл-Әлбани растаған. Қараңыз: “Сахих әт-тарғиб” 973).

Рамазан айында ораза ұстауды себепсіз қалдыруға тыйым салынғандығы туралы

Рамазан айында күндіз тамақтанған адам Аллаһқа және Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі болсын) мойынсұнбаушылық жасады әрі ұлы тәубе етуді қажет ететін үлкен күнә істеді.

Ғалымдар ораза ұстаудың парыз екендігін мойындамай, одан бас тартқан адамның кәпір болатынына бір ауыздан келіскен, өйткені Құранда да, Сүннетте де оразаның парыз екеніне тікелей нұсқаулар бар. Ал егер де адам шарифат тұрғысынан ешқандай үзірі болмай, жалқаулық пен селқостықтың себебімен ораза ұстамаса, бірақ оразаның парыз екенін жоққа шығармаса, онда ғалымдардың бірауызды пікірі бойынша ол пасық (бұзақы) болады, бірақ діннен шықпайды. Ол ұлы тәубеге келіп, алдағы уақытта мұны қайталамауы керек (“Итхәф әһлюл-Исләм би хусусыяти-ссыям” 72).

Абу Умама әл-Бәһили былай деп баяндайтын: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі болсын) былай деп айтқанын естідім: «Бірде маған түсімде екі (кісі) келді де, мені иықтарымнан ұстап, көтерілу қиын бір тауға әкелді. Олар: «Көтеріл», - деді. Мен: «Расында, мен мұны істей алмаймын», - деп жауап бердім. Олар: «Біз саған жеңілдетеміз», - деді. Сонда мен таудың шыңына жеткеніме дейін көтеріле бердім. Сол сәтте мен қатты айқайларды естідім. Мен: «Бұл не айқай?», - деп сұрадым. Олар: «Бұл Тозақ тұрғындарының зар еңіреуі», - деді. Сосын олар мені әрі қарай апарды. Сонда мен жұлындарына ілініп қойылған адамдарды көрдім. Олардың беттері*

жырттылған әрі қансырап жатқан еді. Мен әлгі (екеуінен): «Мына адамдар кімдер?», - деп сұрадым. Олар: «Бұлар - уақытынан бұрын ауыздарын ашатындар», - деп жауап берді» (ән-Нәсаи “Сунанул-кубра” 3273. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, әз-Зәһаби, хафиз әл-Хайсами және шейх әл-Әлбани растаған).

Егер осындай қатал азапқа оразаға немқұрайлы қарап, уақытынан бұрын аузын ашатын адамдар салынатын болса, онда орынды себепсіз мүлде ораза тұтпаған адамдардың жағдайын елестету тіпті қиын!

Ибн Мас`уд (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқан: *«Рамазанның бір күнінің оразасын орынды себепсіз бұзған адам Аллаһпен кездескенінше өмір бойы ораза ұстап шықса да, оны (лайықты түрде) өтей алмайды. Егер Аллаһ қаласа - оны кешіреді, ал егер қаласа - азаптайды»* (Ибн Әбу Шәйба 9784. Иснады сахих).

Имам әз-Зәһаби былай деген: *«Мүминдер рамазан айының оразасын орынды себепсіз тастаған адамды зинақордан, салық жинаушы мен маскүнемнен де жаманырақ деп есептейді»* (қараңыз: “әл-Кәбаир” 78).

Рамазан айының басталуы мен аяқталуын қалай анықтау керек?

Рамазанның келуі екі тәсілмен анықталады:

1. Аспанда рамазан айын көру арқылы.

Егер жаңа туған ай ша`бан айының жиырма тоғызынан отызына қараған түні байқалған болса, онда бұл Рамазан айының басталғанын білдіреді. Ол айдың әрбір күнінде ораза ораза ұстау керек, өйткені Аллаһ Тағала былай деді: **«Сендерден кім осы айда болса, ораза ұстасын!»** («әл-Бақара» сүресі, 185-аят).

2. Оған дейінгі ша`бан айының аяқталуын анықтау арқылы.

Егер ша`банның отыз күні өтіп кеткен болса, онда отыз бірінші күн міндетті түрде Рамазанның алғашқы күніне сай келеді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«(Жаңа) айды көріп ораза ұстаңдар, және (жаңа) айды көріп ауыз ашыңдар. Ал егер ол (бұлттылықтың себебімен) сендерге көрінбесе, онда одан алдыңғы айды (ша`банды) отыз күнмен аяқтаңдар»** (әл-Бухари 1909, Муслим 1081).

Рамазанның басталуы мен аяқталуын бекіту үшін неше мұсылманның куәлігі қажет?

Рамазанның жаңа айы көрінгенін бекіту үшін бір ізгі мұсылманның куәлігі қажет. Ибн `Умар былай деп баяндайтын: *«Адамдар жаңа туған айды көруге тырысып жатқан, ал мен болсам Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны көргенімді хабарладым. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстауға шешім қабылдады да, басқаларға да соны бұйырды»* (Әбу Дауд 2342, әд-Дәrimi 1691, әл-Хаким 1/423. Хадистің сенімділігін Ибн Хузайма, Ибн Хиббан, әл-Хаким, Ибн Хазм, әз-Зәһаби, әл-Мунзири, ән-Науауи, Ибн Хәжар, әл-Әлбани секілді имамдар растаған).

Ал рамазан айының аяқталуы мен шәууалдің жаңа айын көру туралы айтар болсақ, онда оны бекіту үшін ізгі мұсылмандардан екі куәлік керек. `Абдур-Рахман ибн Зәйд ибн әл-Хаттаб рамазанның басталуына қатысты күмән туған күні жасаған құтпасында былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Расында, мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының арасында отырдым және олардан ораза туралы сұрастырдым. Олар маған Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын хабарлады: “Жаңа туған айды көріп ораза ұстаңдар және оны көріп ауыздарыңды ашыңдар, әрі діни рәсімдеріңді атқара беріңдер. Ал егер сендерге ай көрінбесе, онда (алдыңғы айдан) отыз күнін санап шығарыңдар. Әрі ізгі мұсылмандардан екі куәгер куәлік берсе, ораза тұтыңдар және ауыздарыңды ашыңдар”»* (Ахмад 4/321, ән-Нәсаи 1/300, әд-Дәрақутни 232. Хадис сахих. Қараңыз: “Ируа әл-ғалил” 909).

Осылайша адамдар айды көрген екі мұсылманның куәлігімен оразаны бастаулары және аяқтаулары керек екені бізге түсінікті болды, бірақ Ибн `Умардың оразаның басталуы туралы хадисі бұған ерекшелік енгізеді де, оразаны бастау үшін бір адамның куәлігін жеткілікті етеді. Ал оразаның аяқталуы жайында айтар болсақ, бізде бір куәгермен шектелудің рұқсат етілгеніне ешқандай дәлелдер жоқ (қараңыз: “Тухфатул-ахуази” 3/374).

Айды көрген ел ғана ораза ұстайды ма, әлде барлық елдер ме?

Бұл мәселеде ғалымдар арасында үлкен келіспеушілік бар. Олардың кейбірі жаңа туған айды көрудің негізінде әлемнің түкпір-түкпіріндегі барлық мұсылмандар ораза ұстауы қажет деп есептейді. Басқалары жаңа айды көрген ел ғана ораза ұстайды деп санайды. Ал үшіншілері географиялық орналасауы ортақ елдердің барлығы ораза ұстауы керек деген пікірді ұстанады. Осы орайда ғалымдардың барлығы бір хадистерге сүйенген, бірақ оларды түсінуде келіспеушілікке түскен.

Алайда бұл мәселеде «егер ай белгілі мекенде пайда болса, онда онымен түндері ортақ мекендердің барлығына ораза парыз етіледі, өйткені жаңа айдың тууы географиялық жағдайдаға байланысты әртүрлі болады» деген пікір ең жақсы пікір болып табылады.

Мысалы, Азиядағы жаңа айдың тууы оның Еуропадағы тууынан өзгешеленеді, ал оның Африкада тууы Америкада тууынан өзгеше. Әрбір аймақта немесе елде тұрғындардың өздері оразаның басталуын анықтайды. Бұл ханафилердің, шәфи`илердің, ханбалилердің және кейбір мәликилердің пікірі болып табылады. Сондай-ақ бұл пікірді шейхул-Ислам Ибн Таймийя да абзал көрген (“әл-Қауанинул-фиқһия” 103).

Оразаны өз елінің мұсылмандарымен бірге бастап, олармен бірге аяқтау керек

Абу Һурайрадан жеткен хадисте Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: *«Барша ораза тұтқанда ораза тұтыңдар және барша ауыз ашқанда ауыз ашыңдар, әрі құрбан шалуды да барша орындайтын кезде орындаңдар»* (әт-Тирмизи 697, Ибн Мәжаһ 1660. Хадистің сенімділігін имам Әбу Иса әт-Тирмизи, имам Ибн Муфлих, шейх Ахмад Шәкир және шейх әл-Әлбани растаған).

Осы хадисте «жаңа айды көрген адам, егер имам (билеуші) оның куәлігін қабылдаса, өзі ораза тұта беруі керек» деп есептейтіндерге қарсы дәлел бар. Имам Әбу `Иса әт-Тирмизи былай деген: *«Кейбір ғалымдар айтқандай, бұл хадис жәма`атпен (қауыммен) және адамдардың көпшілігімен бірге ораза тұтып, олармен бірге ауыз ашу керектігін білдіреді»* (қараңыз: «әл-Жәми’» 3/311).

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай деген: *«Адам айды көрсе де, жалғыз өзі ораза ұстамауы және оразасын аяқтамауы керек. Ол, бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисі нұсқағандай, адамдармен бірге ораза ұстап, (адамдармен бірге) оны аяқтауға тиісті»* (Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 25/114).

Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: *«Бұл хадисте «Астрономиялық есептер арқылы айдың орналасуын білетін адамға, тіпті егер басқалар мұны білмесе де, ораза тұтып, ауыз ашуға болады» дейтін кісілерге қарсы дәлел бар. Сол сияқты: «Егер адам айды көрсе, бірақ қазы (шариғат соты) оның куәлігін қабыл етпесе, онда ол жалғыз өзі ораза ұстауына болмайды», - деп айтылған»* (қараңыз: “Тахһзибу-с-Сунан” 3/214).

Имам әс-Сән`ани былай деген: *«Бұл хадисте айт күндерін анықтауда адамдармен келісімде болу керектігі және айды көріп әрі айт басталды деп санайтын жеке адам, жұртпен келісімде болуға міндетті екеніне дәлел бар. Айт намаздарға, оразаның аяқталуына және құрбандық шалуға қатысты адамдардың біртұтастығы – жеке адамға уәжіп (міндетті) болып табылады»* (“Субулю-с-Сәләм” 2/72).

Бұл пікір сахабалардың амалдарымен де расталады. Масруқ былай деген: *«Мен `Айшаға `Арафа күні бардым, сонда ол: “Масруққа ботқа беріндер, әрі оны тәттірек жасаңдар”, - деді»*. (Сонда) Масруқ: *“Бүгін Құрбан Айт күні деп қауіптенбесем, басқа ештеңе мені осы күні*

ораза тұтудан тыймайтын еді”. Бұған `Айша: “Құрбан Айт күні - барлық адамдар құрбандық шалғанда, әрі Ораза Айт күні де - барлық адамдар ауыз ашқанда (болады)!” , - деп жауап берді» (әл-Бәйһақи. Иснады хасан. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-Сахиха” 1/442).

Осы дәйектердің негізінде ислам елдерінде тұрып, өз халықтарымен бірге ораза ұстамайтындардың істері қате екендігі айқын болады. Яғни егер, мысалыға, Сауд Арабиясында рамазан айның келуі анықталды, ал Мысырда немесе басқа ислам еліндегі мұсылмандар айды әлі көрмеді делік. Бұндай жағдайда осы елдің тұрғынына Сауд Арабиясымен бірге ораза ұстауына болмайды, өйткені бұл әрекет Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Барша ораза тұтқанда ораза тұтыңдар және барша ауыз ашқанда ауыз ашыңдар, әрі құрбан шалуды да барша орындайтын кезде орындаңдар**»», - деген әміріне қайшы келеді.

Рамазан айының келуін астрономиялық есептерге сүйеніп анықтауға бола ма?

Рамазан айының басталуы мен аяқталуын анықтаудың шарифатта екі тәсілі ғана бар деп жоғарыда айтып өткен едік:

1. Жаңа айды көзбен көру арқылы.
2. Және бұлтты күні ша`бан айының отыз күнін санап шығып, содан соң Рамазан айының бірінші күні ораза ұстау.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айқын және бірмағыналы түрде былай деді: «**(Жаңа) айды көріп ораза ұстаңдар, және (жаңа) айды көріп ауыз ашыңдар. Ал егер ол (бұлттылықтың себебімен) сендерге көрінбесе, онда одан алдыңғы айды (ша`банды) отыз күнмен аяқтаңдар**» (әл-Бухари 1909, Муслим 1081).

Бірақ көптеген мұсылмандар бүгінгі күні Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздеріне көңіл бөлмей жүр. Олар, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оразаны жаңа айды көргенде бастауды және оны жаңа айды көргенде аяқтауды бұйырған болса да, әлдебір астрономиялық есептерге сүйеніп, адамдарға оразаның басталуы мен аяқталу күндерін бір жыл бұрын алдын-ала хабарлап қояды!

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары да, ізгі сәләфтар да бұл сияқты еш нәрселерді істемеген. Әрі Рамазаның басталуы мен аяқталуын осындай тәсілмен анықтау «Рамазан айының басталуы мен аяқталуы (жаңа айды) тек көзбен көру арқылы анықталуы керек» деп айтатын үммет имамдарының бір аузды келіскен пікіріне

қайшы келетін дінге еңгізілген жаңалық болып табылады (қараңыз: “Бидаятул-мужтаһид” 1/423, “Хашияту Ибн ‘Абидин” 2/393, “Фатхул-Бәри” 4/159).

Көптеген ғалымдар Рамазан айын анықтауда астрономиялық есептерге сүйенуге болмайтыны жайлы үмметтің бір ауызды пікірін (ижма`) жеткізді.

Хафиз ибн Хәжар былай деп айтқан: *«Ибн әл-Мунзир оразаны астрономиялық есептерге сүйеніп анықтауға болмайтыны туралы бірауызды пікірді (ижма`) жеткізді»* (қараңыз: “Фатхул-Бәри” 4/147).

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай деді: *«Сүннет пен сахабалардың бірауызды пікірі астрономиялық есептерге сүйенуге болмайтындығына нұсқайтынына ешқандай күдік жоқ! Ал кім айдың басталуын бекітуде осыған сүйенетін болса, ол шаригатта адасқан, дінге жаңалық енгізуді жақтайтын және өзінің ақылы мен есебінде жаңылысқан адам болып табылады»* (қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 25/207).

Алайда кейбір ғалымдар бұл бірауызды пікірге оразаны бекітуде астрономиялық есептерге сүйенуді рұқсат еткен атақты табиғин Мутарриф ибн Абдуллаһ әш-Шәхир қайшы келгенін жеткізген.

Алайда хафиз Ибн Абдул-Барр былай деген: *«Бұл (пікірдің) Мутарриф ибн Абдуллаһтан жеткізілетіні сенімді емес! Бірақ бұның одан жеткендігі сенімді болғанның өзінде де, оның қате болуы себепті оған ілесуге болмайды»*. Қз.: “әт-Тамхид” 14/352.

Тура соны шейхул-ислам Ибн Таймийя да былай деп жеткізген: *«Егер бұл (хабар) одан сенімді түрде жеткен болса да, ол ғалымның қатесі болып табылады»*. Қз.: “Мәжму’ул-фәтауа” 25/182.

Сол секілді Ибн Рушд та өзінің «Бидаятул-мужтаһид» (2/557) кітабында, Рамазанды осылайша есептеудің әдісін имам әш-Шәфи`и де рұқсат ететін деп айтып кеткен. Алайда бұл да сенімді емес, өйткені имам әш-Шәфи`идің еңбектерінде бұған ешқандай нұсқау жоқ, әрі шәфи`и мазһабының атақты ғалымдары да одан ғалымдардың бір ауызды келісіміне сәйкес келетін пікірді жеткізген. Шейхул-ислам Ибн Таймийя: *«Бұл - имам әш-Шәфи`иге жапсырылатын негізсіз өтірік, бұдан қалса имам әш-Шәфи`иден осыған қарама қайшы пікір жеткізіледі!»*, - деген. Қз.: “Мәжму’ул-фәтауа” 25/183.

Тура соны хафиз Ибн Абдул-Барр, қады Абу Бакр ибн әл-Араби және хафиз Ибн Хәжар да айтқан. Қз.: “әт-Тамхид” 14/354, “Ахкамул-Қуран” 1/82, “Фатхул-Бәри” 4/146.

Сөйтіп, бізге бұл мәселедегі ғалымдардың бірауызды пікірінің ақиқат, ал бұған қарсы айтылған сөздердің астында ешқандай негіз жоқ екендігі айқын болды.

Бірақ тіпті егер имамдардың бірі рамазанның басталуы мен аяқталуын астрономиялық есептерге сүйеніп анықтауды рұқсат еткені расталған жағдайда да, бұл ол істің рұқсат етілгендігіне нұсқамайтын еді. Шейхул Ислам Ибн Таймийя былай деп айтқан: *«Шариғи дәлел – бұл Құран, Сүннет және ғалымдардың бірауызды пікірі (ижма)!* Ал кейбір немесе көпшілік қалалардың әдеттері, немесе ғалымдардың көпшілігі, немесе қарапайым құлшылық етушілердің және т.с.с. пікірі туралы айтар болсақ, онда бұлардың ешқайсысын да Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздеріне қайшы қоюға болмайды» (қараңыз: «әл-Иқтида” 1/270»).

Имам Ибн Қудама былай деген: *«Кімде-кім оразаның басталуын анықтауда астрономдардың сөздеріне сүйенсе, әрі тіпті олар дұрыс (анықтаумен) бірдей болып шықса да, оның оразасы жарамсыз болады, тіпті егер сол астрономдар (рамазан айын есептеп шығаруда) жиі жағдайда дұрыс айтып жатса да. Өйткені оразаны есептеудің бұндай әдісі оған сүйенуге болатындай шариғи дәлел болып табылмайды, әрі мұндай тәсілдің бары жоқпен тең. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “(Жаңа) айды көріп ораза ұстаңдар және жаңа айды көріп ауыз ашыңдар! - ал басқа хадисте, - (Жаңа) айды көрмейінше ораза ұстамаңдар және (жаңа) айды көрмейінше ауыз ашпаңдар!”*, - деген» (Қараңыз: “әл-Муғни” 3/9).

Имам әл-Хараши былай деп айтқан: *«Ораза астрономның сөздеріне негізделіп бекітілмейді. Шариғат оразаны тек (жаңа) айды көрудің негізінде немесе оны көргендердің куәлігі арқылы, немесе ша`бан айының аяқталуы арқылы бекітті. Әрі шариғат осыдан артық нәрселер туралы хабарлаған жоқ. Сондықтан егер астроном айдың басталғаны не аяқталғаны туралы айтса, онда жүрек оған сенсе де, сенбесе де, оның сөздеріне де, есептеріне де сүйенуге болмайды!»* (қараңыз: “Шарх мухтасар Халил” 2/237).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оразаның басталуы мен аяқталуын анықтау әдісіне нұсқаған, әрі ол – (айдың басталуын) көзбен көріп бекіту. Оны қолдануға әрбір адамның мүмкіншілігі бар. Әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оразаны анықтап бекіту үшін мұндай астрономиялық әдісті орнатқан жоқ, өйткені мұндай білімге тек жеке біреулер ғана ие.

Айта кетерлік тағы да бір жайт: бұл жерде сөз айды көру үшін қандай да бір астрономиялық құралдарды пайдалану туралы емес, оразаның басталуы мен аяқталуын дәл астрономиялық есептерге негізделіп анықтау туралы болып тұр.

Қорытындылай келе, егер мұсылмандар, мысалы, Діни басқармасы астрономиялық есептерге негізделетін және бір ай бұрын оразаның басталатын күнін алдын ала хабарлап қоятын елде өмір сүрсе, онда осыда оларға ілесуге болмайтынын атап өту қажет.

Жоғарыда имам Ибн Қудаманың «*«Кімде-кім оразаның басталуын анықтауда астрономдардың сөздеріне сүйенсе, әрі тіпті олар дұрыс (анықтаумен) бірдей болып шықса да, оның оразасы жарамсыз болады, тіпті егер сол астрономдар (рамазан айын есептеп шығаруда) жиі жағдайда дұрыс айтып жатса да»* деген сөздері келтірілген болатын.

Олар тарапынан жасалатын мұндай іс-әрекеттің себебі жиі жағдай үкіметпен келісім жасауға байланысты болады, өйткені демалыс күнін жариялау қажеттігінен т.с.с. нәрселерден туындап жатады. Бұл, әрине, шарият ережелерімен ойнауға жатады. Мұндай жағдайда мұсылман адам оразаның басталуын және аяқталуын (жаңа айды) көзбен көріп бекіту арқылы есептейтін мұсылман еліне ілесуі қажет.

Бірақ егер діни басқарманың өзі оразаның басталуын анықтауда (жаңа айды) көзбен көруге негізделсе әрі оған осы мәселеде осы елдің мұсылмандарының басым бөлігі ілессе, онда олармен бірге ораза ұстау керек болады. Сондай-ақ олар оразаны бастауда қандайда-бір ислам еліне, мысалы, Мысырға, сүйенсе, онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «*Барша ораза ұстағанда ораза ұстаңдар*» деген бұйрығына ілесу үшін, оразаны бастауда басқа мұсылман еліне, мысалы, Сауд Арабиясына сүйенбей, оразаны елмен бірге бастау керек.

Осы мәселеге қатысты пікірлерді осылайша біріктіруге болады.

Осы жерде «Мұсылман елдерінде сол елдің тұрғындарымен бірге ораза ұстау керек, тіпті осы ел оразаны анықтауда астрономиялық есептерге сүйенсе де», - деп есептеген шейх әл-Әлбанидің пікіріне де нұсқау керек болады. Ол осыда үмметтің біртұтастығы бар деп санаған, әрі бір үйде әкесі мен баласы оразаны әртүрлі ұстайтын жағдай болып жататынын, өйткені баласы Саудияға қарап, ал әкесі өз еліне қарап ораза ұстайтынын мысалға келтірген. Ол сондай-ақ бүкіл дүние жүзінің мұсылмандары о баста оразаны (жаңа айды) көзбен көріп бекітуге негізделіп ораза ұстауға тиісті екендігін, әрі біртұтастық пен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) баршаға арналған «*(Жаңа) айды көріп ораза ұстаңдар және (жаңа) айды көріп ауыз ашыңдар*» деген бұйрығы осыны қамтитынын, алайда бұл қазіргі кезде орын алмай жатқанын айтқан. Сондықтан да, оның айтуынша, екі жамандықтың ішіндегі аздауын таңдау қажет, ал бұл өз елімен бірге ораза ұстау, тіпті егер ол астрономиялық есептерге сүйенсе де. Бұл туралы шейх «Силсиләтул-Һуда уа-н-Нурда» № 403, 698 бірнеше рет айтқан.

Біз¹ құрметті шейхтың бұл пікірін әділеттілік үшін атап өттік, бірақ біз осы мәселеде Ләжнаның пікіріне² ілесеміз. Бұдан қалса, имамдардың «Астрономиялық есептерге

¹ Яғни www.TolIslam.com сайтының редакциясы.

негізделген ораза өздігінен жарамсыз, тіпті бұл есеп дұрыс болса да» деген сөздері өте қорқынышты-ақ. Содан соң, «Бір елде айды көрудің негізінде барлық ел ораза ұстауға міндетті ме, әлде тек айды көрген ел ғана ораза ұстайды ма?» деген мәселеді орынды келіспеушілік және екі тараптан да күшті дәлелдер бар, ал оразаны астрономиялық есептерге сәйкес анықтауға қатысты мұны айтуға болмайды.

Оразаның шарттары мен тіректері

1. Ислам дінін ұстану

Ислам дінін ұстану – бұл бүкіл амалдардың қабыл болуының негізінде жатқан аса маңызды шарт. Аллаһ Тағала былай деді: **«Кім иманға қарсы шықса, сонда оның амалы жойылды және ол Ақыретте де зиян шегушілерден болады»** («әл-Мәида» сүресі, 5-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді: **«Расында, саған да, сенен бұрынғыларға да: "Егер Аллаһқа ортақ қоссаң, әлбетте амалың жойылып кетеді де, анық зиянға ұшыраушылардан боласың", - деп уахи етілді»** («әз-Зүмар» сүресі, 65-аят).

2. Тыйылу

Оразаны бұзатын жеп-ішу, жыныстық қатынасқа бару сияқты кез-келген нәрселерден тыйылу оразаның шарты болып табылады ("Тухфатул-фуқаһа" 1/537).

3. Уақыт

Бұл жерде оразаны таң атқаннан күн батқанға дейін ұстау жайында айтылуда. Аллаһ Тағала: **«...ал сосын түнге дейін ораза тұтыңдар»**, — деген («әл-Бақара» сүресі, 187-аят).

4. Ниет

² Яғни "Егер мұсылман адам [.....] оразаның басталуы мен аяқталу мәселесімен өз әуесқалауларына сәйкес ойнайтын елде өмір сүрсе, онда ол шаригат заңнамаларын басшылаққа алатын елге ілессе, мұның оқасы жоқ!" деген пікіріне. Толығырақ «Суал уа жауап» № 1602, 1248, 1226, 12600, 50522 қараңыз (ред.).

Умар ибн әл-Хаттабтан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: *«Расында, амалдар тек ниетке қарай бағаланады. Шынында, әрбір адамға ол қол жеткізуге ниеттенген нәрсесі ғана тиеді»* (әл-Бухари 1, Муслим 1907).

Бұл ұлы хадис Аллаһтан басқа біреу үшін жасалатын кез-келген амал жарамсыз болып табылатынына әрі ықылассыз амал істеуші адам осы дүниеде де, Ақыретте де ешқандай игілікке қол жеткізе алмайтынына нұсқайды.

Имам Ибн әл-Мунзир былай деген: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «Амалдар тек ниетке қарай бағаланады» деген сөздері амалдардың барлық түрлеріне нұсқайды, әрі осыда ешбір амал үшін: мейлі ол міндетті немесе ерікті болсын - ерекшелеу жоқ»* («әл-Әусат» 1/371).

5. Ораза ұстауға қабілетті болу

Бұл жерде ораза ұстау үшін қажетті денсаулықтың болуы, сондай-ақ етеккірден (хайз) және босағанан кейінгі қаннан (нифас) тазару туралы айтылуда (қараңыз: «Хашия әд-Дусуқи» 1/509).

Оразаның ниеті

Мұсылман адам ораза ұстағанда «Аллаһтың әміріне бағынамын және Оған жақындаймын» деген ниетке ие болуы керек. Ал ораза денсаулыққа пайдалы болғандығы үшін ғана, немесе барша ораза ұстай бастағандығы үшін ғана, немесе адамдар мақтасын деген оймен ауызын бекіткен адамның оразасы есептелмейді (жарамсыз). Олардың ұстаған оразалары қабыл болмайтынымен бірге, көз бояушылық (рия) үшін ораза ұстағандар осы үшін азапталады да. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Көзбояушылықпен (рия жасап) ораза ұстаған адам ширк (көпқұдайшылық) жасады»,* — деп айтқан (Ахмад 4/126 Хадис хасан).

Абу Умама әл-Баһилиден де (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Расында, Аллаһ тек Оның Жүзіне жақындауға деген ұмтылыспен, ықыласты түрде жасалған амалдарды ғана қабылдайды»* (ән-Нәсаи 3140, Шейх әл-Әлбани хадисті сахих деген).

Ораза ұстау үшін ниетті қашан бекітіп қою керек?

Ораза дұрыс болуы үшін, біз Рамазанның әр түні таң атқанға дейін жүрегімізде ораза тұтуға деген ниетімізді бекітіп қоюымыз қажет. Әрі бұл ең күшті пікір болып саналады, өйткені ол сенімді хадистерге негізделген.

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі Хафсадан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: **«Таң атқанға дейін жүрегінде ораза ұстауға деген ниетін бекітпеген адамның оразасы жоқ»** (Әбу Дауд, Ибн Мәжаһ, әт-Тирмизи, ән-Нәсаи. Хадистің сенімділігін әд-Даракутни, Ибн Хузайма, Ибн Хиббан, әл-Хаким, Ибн Хазм, әл-Хаттаби және әл-Әлбани секілді имамдар растаған. Қараңыз: “Тухфатул-аһуази” 2/80, “Ируа әл-ғалил” 914).

Тура осыны `Айша мен Ибн `Умар да айтқан (Мәлик 1/288, әд-Даракутни 2/172. Екі иснад та сенімді болып табылады).

Имам әл-Бағауи былай деп айтқан: **«Бұл хадис ғалымдардың көпшілігі айтатын (таң атқанға дейін ниетті бекітіп қою қажет деген пікірге) нұсқайды. Өйткені күнделікті ораза өзінің ниетін талап ететін жеке құлшылық болып табылады»** (Қараңыз: “Шарху-с-Сунна” 3/476, сондай-ақ “Раддул-мухтар” 2/87, және “Шархул-кәбир” 1/521).

Имам ибн Хузайма: **«Нәпіл оразадан басқа оразаға ниетті түнде бекітіп қою міндетті»,** — деп айтқан (Қараңыз: “Сахих Ибн Хузайма” 3/198).

Шейх Сыддық Хасан Хан былай деген: **«Әр күнге ниетті бекітіп қою міндетті болып табылады»** (“Раудату-нәдийя” 1/539).

Таң атқанға дейін бір себептермен ниетін бекіте алмаған адамның оразасы жайлы

Егер адам таң атқанға дейін ниетін бекіту керек екенін білмеген, ұмытып қалған болса немесе ұйықтап қалса, онда оның оразасы дұрыс болады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Расында, Аллаһ мен үшін үмметіме қателесіп, ұмытып және де мәжбүрленіп істегендерін кешіреді»,** — деп айтқан (Ибн Мәжаһ 2045, әл-Бәйһақи 7/356, әт-Тахауи 2/56. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, әз-Зәһаби, имам ән-Науауи, хафиз Ибн Ражаб, шейх әл-Әлбани растаған. Сондай-ақ «Ируа әл-ғалил» 83 кітабын қараңыз).

Ниетті қалай бекіту керек

Ниет – бұл жүректің ісі, әрі ол түннің кез-келген сәтінде жасала береді, тіпті бұл тура таң атудың алдында болса да. Имам ән-Науауи былай деп айтқан: **«Ниетсіз ораза есептелмейді (жарамсыз), ал ниеттің орны – жүрек!»** (қараңыз: “Раудату-т-талибин” 2/350).

Ал енді, мұны көп адамдар жасайтындай, ниетті тілмен айту мәселесіне келер болсақ, бұл дінге енгізілген жаңалық (бидғат) болып табылады, өйткені Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), оның сахабалары да, және имамдардың бірде - біреуі де мұндайды істемеген.

Шейхул-Ислам ибн Таймийя былай деп айтқан: «*Ниетті тілмен айту – бұл дінге енгізілген жаңалық (бидғат), әрі ертең Рамазан күндерінің бірі болатынын білетін және ораза ұстағысы келетін әрбір адам ниетін бекітуге міндетті*» (“Мәжму’ул-фәтауа” 25/215).

Оразаны не бұзатыны туралы

1. Әдейілеп ішіп-жеу

Аллаһ Тағала: «**Таңның ақ жібі мен қара жібін ажырата алғандарыңша жеңдер және ішіндер. Сосын түнге дейін ораза ұстандар**», — деген («әл-Бақара» сүресі, 187-аят).

Шейх Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: «*Әдейілеп ішіп-жеу оразаны бұзатынында ешқандай келіспеушіліктер жоқ*» (“Зәдул-мә’ад” 2/60).

Рамазан айының күндізінде әдейілеп тамақ жеген адам үлкен тәубені талап ететін ұлы күнә жасаған болады. Ғалымдардың басым бөлігі (жумһур) сондай-ақ егер адам тістерінің арасында қалып қалған тамақты әдейілеп жұтып қойса, оның оразасы жарамсыз болатынын айтады.

Имам Ибн Қудама былай деген: «*Тістерінің арасында тамақ қалдықтары қалып кеткен адамның жағдайы екі түрге бөлінеді: егер тамақтың кішкентай ғана мардымсыз бөлігі жұтылған болса, әрі оны түкіріп тастауға еш мүмкіндік болмаған болса, онда ораза бұзылмайды, өйткені бұл сілекей сияқты болады. Ибн әл-Мунзирдің айтуынша ғалымдар бұл туралы бір ауызды келісімде болған. Екінші түрі – бұл егер тістің арасында түкіріп тастауға болатын тамақтың үлкен бөлігі қалса. Әрі егер ол оны әдейілеп жұтып қойса, онда ғалымдардың басым бөлігінің пікірі бойынша, оның оразасы бұзылады. Өйткені бұл тамақтанумен бірдей*» (“әл-Муғни” 3/260).

Бұған сондай-ақ ағзаға құнарлы (нәрлі) уколдар салу да жатады.

Темекі шегу де оразаны бұзады, бұдан қалса бұл оразаны харам нәрсе арқылы бұзу болып саналады (“Фәтауа исләмийя” 2/183).

2. Рамазан айының күндізінде жыныстық қатынас жасау

Хадисте былай деп айтылған: *«Расында, жыныстық қатынас оразаны бұзады»* (Ибн Хузайма «Сахих» 3/242).

Кімде-кім рамазан айының оразасы кезінде, екі жыныстық мүше қосылатындай әрі мүшесінің басын әйелінің жыныстық мүшесіне немесе артқы айланшығына кіргізіп, әдейілеп жыныстық қатынас жасаған болса, сол өз оразасын бұзды. Әрі ұрық шашылды ма, әлде жоқ па – мұның айырмашылығы жоқ. Бұндай адам тәубе жасауы, сол күнгі оразасын жалғастыруы, кейін сол күннің қазасын толықтыруы, әрі жасаған күнәсіна ауыр өтеу жасауы тиіс. Рамазан айының күндізінде жыныстық қатынасқа бару оразаны бұзатындығына ғалымдар арасында ешқандай келіспеушілік жоқ (қараңыз: “Әд-Дарарул-мудья” 2/22).

Жыныстық қатынас жасауға деген тыйым күн батқан соң жойылады. Аллаһ Тағала былай деген: **«Сендерге оразаның кешінде әйелдеріңе жақындасу хәлал етілді. Өйткені олар сендерге киім, сендер де оларға киімсіңдер»** («әл-Бақара» сүресі, 187-аят).

3. Әдейілеп құсу

Абу Һурайрадан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: *«Егер құсық еріксіз шыққан болса, онда оразаны өтемеу керек. Ал егер құсық әдейі шығарылса, онда оразаның қазасын өтеу керек»* (Ахмад 2/498, Әбу Дауд 2380. Имам ән-Науауи, шейхул-Ислам Ибн Таймийя және шейх әл-Әлбани хадистің сенімділігін растаған).

Егер адам құсығын әдейі келтірген болса, ол тәубе етуді қажет ететін күнә да жасаған болады.

Имам Ибн әл-Мунзир былай деген: *«Құсығын әдейілеп келтірген адам оразасын бұзып алғанына ғалымдар бір ауыздан келіскен»* (қараңыз: «әл-Ижма’» 47).

4. Етеккір (хайз) және босанғаннан кейінгі келетін қан (нифас)

Егер ораза кезінде әйел кісінің етеккірі (хайз) келсе немесе туғаннан кейінгі қансырауы (нифас) басталса, онда ол оразасын тоқтатуға міндетті. Мұндай жағдайда ораза ұстауға тыйым салынғандығына және ораза жарамсыз екеніне ғалымдар арасында келіспеушіліктер жоқ (қараңыз: “Сахих фиқһу-Сунна” 2/105).

Егер әйел кісі етеккірі ертен келіп қалады-ау деп болжамдайтын болса, онда ол ниетін сақтай отырып, оразасын жалғастыра беруі қажет. Ол етеккірі басталмайынша оразасын үзбеуге тиіс.

Еттеккірдің басталуына бөгет болатын дәрілерді қабылдауға болады ма?

Ибн `Умардан етеккірін келтірмейтін дәрі қабылдағысы келетін әйел жайында сұрағанда, ол бұда ешқандай айыпты істі көрмейтінін айтты (`Абдур-Раззақ 1219). Дәл осылай деп Ибн Әби Нажих те жауап берген (`Абдур-Раззақ 1220).

Алайда мұндай дәрілер денсаулыққа зиян тигізетін болса, онда оларды қабылдауға болмайды! Әрі жиі жағдайда мұндай дәрі-дәрмектерден кейін әйелдердің етеккір циклі бұзылады.

5. Оразаны бұзуға ниет ету.

Ауызын ашуға ниет еткен адамның оразасы тамақ ішкен-ішпегеніне қарамастан бұзылады, себебі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Амалдар ниетке қарай бағаланады»**, — деген. (Қараңыз: “әл-Мухаллә” 6/175, “әл-Муғни” 3/25, «әл-Мажму’» 6/314).

Алайда бұл мәселеде ғалымдардың бір ауызды келіскен пікірі жоқ. Басқа ғалымдардың айтуы бойынша, егер адам орынды себептермен, мысалы сапарға шыққысы келіп, бір күн ішінде оразасын тоқтатуға ниеттенген болса, бірақ кейін райынан қайтқан болса, онда оның оразасы дұрыс болып есептеледі. Ол намазда бір нәрсені айтқысы келіп, бірақ оны істемеген адам іспеттес болады.

Алайда, қатеге ұрынбау және келіспеушіліктен шығу үшін кейінірек оразаны өтеген дұрыс. Өйткені, шейх `Абдур-Рахман әс-Са`ди айтқандай, ниет барлық құлшылықтардың негізі болып табылады, әрі ол бұзылса – құлшылық та бұзылады!

6. Діннен шығу (ридда).

Діннен шығу басқа кез-келген істі зая ететініндей, оразаны да зая ететініне ғалымдар арасында келіспеушіліктер жоқ (қараңыз: “әл-Муғни” 3/25).

Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, саған да, сенен бұрынғыларға да: "Егер Аллаһқа ортақ қоссаң, әлбетте амалың жойылып кетеді де, анық зиянға ұшыраушылардан боласың", - деп уахи етілді»** (Зумар 39: 65).

Оразаны бұзбайтын нәрселер

1. Ұмытшақтықпен ішіп-жеу, жыныстық қатынасқа бару

Абу Һурайрадан Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: *«Ұмытшақтықпен жеп не ішіп қойған адамның оразасы бұзылмайды, өйткені, расында, оны тамақтандырып, сусындатқан – Аллаһ»* (әл-Бухари 1933, Муслим 2/171).

Ғалымдардың көпшілігі осы хадиске сүйенген. Тек имам Мәлик қана бұл бұйрықты нәпіл оразаға ғана қатысты деп есептеген. Алайда оның пікірі қабыл етуге жарамсыз, өйткені басқа хадисте сөз рамазан айындағы ораза туралы болып жатқаны анық және нақты айтылған. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтты: *«Егер адам Рамазан айының ораза күнінде ұмытшақтықпен тамақтанған болса, онда ол бұл күнді толтыруға да, ақысын өтеуге де тиісті емес»* (әл-Хаким 1/420, әд-Даракутни 2/178. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, әл-Байһақи, хафиз әз-Зәһаби, имам ән-Науауи, хафиз Ибн Хәжар және шейх әл-Әлбани растаған).

Егер де біреу ұмытшақтықпен жеп не ішіп жатқан адамды көретін болса, онда ол оны тоқтатуға және оған оның ораза ұстап жүргенін ескертуге міндетті. Өйткені, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сендерден кім айыптталатын нәрсе көрсе, оны өзгертсін»*, — деген (Муслим 1/78).

Хасан әл-Басри мен Мужаһид былай деп айтқан: *«Ұмытшақтықпен жыныстық қатынасқа барған адам ештеңені өтеуге тиісті емес»* (қараңыз: әл-Бухари “Сахих” 1/452).

2. Түкірік пен қақырықты жұту

Ораза кезінде түкірік жұтуға рұқсат етілетіндігі жайында ғалымдар арасында келіспеушіліктер жоқ. ‘Ата: *“Түкірікті жұту оразаны бұзбайды”*, - деген. Қз.: әл-Бухари “Сахих” 1/451.

Тіпті егер адам әдейі түкірігін жинап, кейін оны жұтып жіберсе де, ең дұрыс пікірге сәйкес, оның оразасы бұзылмайды. Қз.: “әл-Муғни” 3/106. Алайда бұлай істемеген дұрыс.

Ал қақырықты немесе мұрын мен тамақтан шығатын қандайда нәрселерді жұтуға келер болсақ, мұндайды жұтудың рұқсат етілгендігіне қатысты ғалымдардың пікірлері әр түрлі болған. Имам Ахмад пен әш-Шәфи’и қақырықты жұту оразаны бұзбайды деп есептеген. Қз.: “Раддул-махтар” 2/101, “әл-Муғни” 2/43.

«Қақырықты жұту оразаны бұзады» деген пікір мұсылмандар үшін қиындықтар туғызады, ал шарияттың мақсаты мұсылмандардың жағдайын қиындату емес, жеңілдетуде. Ал Құранда да, Сүннетте де бұған қатысты ешқандай тыйымдар жоқ

екендігін және ғалымдардың арасында да бұл туралы бір ауызды пікір жоқ екендігін ескеру тіпті қажет. Қз.: “Сахих фиқһу-с-Сунна” 2/117.

Бұл пікірді сондай-ақ шейх әл-Әлбани де мақұлдаған және “Қақырықты жұту оразаны бұзады ма?” деген сұраққа: “Жоқ, бұл оразаны бұзбайды», - деп жауап берген. Тз.: “Силсиләту худа уә-н-нур” № 52.

Алайда егер адам қақырықты мұрнынан не тамағынан ауызына шығарған болса, онда оны жұтпай, түкіріп тастауы керек. Қз.: “Раудату-т-талибин” 2/360.

3. Құшақтасу мен сүйісу

Ораза кезінде күйеуіне де, әйеліне де бір-бірін сүйюге, құшақтауға және аймалауға рұқсат етіледі. `Айша, Аллаһ оған разы болсын, былай дейтін: «Ораза кезінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз әйелдерін құшақтап, сүйген кездер сирек емес еді, алайда ол сендердің кез-келгенідеріңнен өзін-өзі мықты ұстай алатын» (әл-Бухари 1927, Муслим 1/65).

Сондай-ақ `Айшаның жиені Масруқ одан: «Ораза уақытында күйеуі мен әйеліне не рұқсат етіледі?», - деп сұрағыны хабарланады. Ол: «Жыныстық қатынастан басқасының барлығы», — деп жауап берді (‘Абдур-Раззақ 4/190. Хадистің сенімділігін хафиз Ибн Хәжар растаған. Қараңыз: “Фатхул-Бәри” 4/183).

Бұл хадистер ауызы берік адам, егер бұл жыныстық қатынаспен аяқталады деп қорықпаса, өз әйелін құшақтап, аймалауына рұқсат етілетініне нұсқайды. Ал егер адам әлсіз болса, әрі өзін-өзі ұстай алмай қалатынын білсе, онда ол бұдан тыйылғаны жөн. Шарифатта маңызды бір қағида бар: «Харамға апаратын нәрсе де харам!».

Сүйісу кезінде адамда мәзи (қою емес) сұйықтығы шығатын болса, онда оның оразасы бұзылмайды. Бұған «мәзи сұйықтығы оразаны бұзады» деген дәлелдің жоқтығы дәлел болып табылады. Ораза — құлшылық рәсімі болып табылады, ал белгілі бір құлшылықты жарамсыз болды деп айту үшін Құран мен Сүннеттен дәлел келтіру қажет (қараңыз: «Шархул-Мумти’» 6/397).

4. Жыныстық қатынасыз әдейілеп ұрық шығару оразаны бұзады ма?

Хафиз Ибн Хәжар былай деген: “Әйелін аймалау және сүйю кезінде ұрығы шығып кеткен немесе мәзи сұйықтығы шыққан адамға қатысты ғалымдардың пікірлері әртүрлі болған. Куфалық ғалымдар мен имам әш-Шафи’и: “Көз тігудің емес, іс-әрекеттің себебімен ұрығы төгілген адам осы күнді өтеуі керек, ал тек қана мәзи сұйықтығы шыққан адам өтеуге тиісті емес», - деген. Имам Мәлик пен Исхақ: “Әдейілеп ұрық шығарылған болса, ол қандай жолмен

шығарылса да, осы күнді қайта толықтыру керек және өтеуін жасау қажет, ал мәзи сұйықтығы шыққан жағдайда тек осы күнді ғана қайта толықтыру керек”, - деген. Олар ұрық шығаруды жыныстық қатынаспен салыстырып қараған. Мәлик: «Әйелін аймалап сүйген және соның нәтижесінде эрекция болған (жыныстық мүшесі серпінген) адам осы күнді қайта толықтыруы қажет, тіпті одан ұрық пен мәзи сұйықтығы шықпаған болса да», - деп есептеген. Ибн Қудамә былай деген: “Кімде сүйісу себебімен ұрық шықса, сол оразасын бұзды, әрі біз осыған қатысты келіспеушіліктер білмейміз”. Алайда бұл мәселеде келіспеушілік бар, өйткені Ибн Хазм: «Жыныстық қатынасыз ұрық шығару оразаны бұзбайды», - деп санаған, әрі ол осы пікірді күшті деп ұстанған”. Қз.: “Фатхул-Бәри” 4/151-152.

Имам Ибн Хазм былай деп айтатын: “«Жыныстық қатынасыз ұрық шыққан кезде ораза бұзылады» дегенге Құранда да, Сүннетте де нұсқау жоқ, әрі бұған бір ауызды келісілген пікір де (ижма’) жоқ, және сахабалардан жеткен бірде-бір сенімді хабар да жоқ”. Қз.: “әл-Мухаллә” 6/203-205.

Бұл пікірді тек имам Ибн Хазм ғана емес, имам Ибн Хузайма да ұстанған, әрі ол өзінің «Сахихындағы» тарауды “Ораза ұстаушыға жыныстық қатынасыз ләззат алуға рұқсат етілгендігі туралы тарау” деп атаған. Қз.: Ибн Хузайма “Сахих” 3/242.

Сондай-ақ ханафи мазһабының имамы әл-Марғинани “әл-Хидаяда” былай деп жазған: “Жыныстық қатынасыз ұрық шығару оразаны бұзбайды”. Қз.: имам әш-Шәукани “Булүғ әл-маний фи хукмил-истимна” 54.

Имам әс-Сан’ани де осы мәселеге қатысты келіспеушіліктер мен имамдардың пікірлерін атап айтып, былай деген: “Алайда жыныстық қатынас жасағаннан басқа ешкім өтеу де, қайта толықтыру да жасамайды, өйткені илһақ – бұл жыныстық қатынас емес”. Қз.: “Субүлю-с-Сәләм” 2/226.

Оларға бұл мәселеде имам әш-Шәукани де ілесті, әрі ол: “Оразаның бұзылуы туралы үкім тек жыныстық қатынас жасаумен ғана байланысты, және осымен бітті», - деді. Қз.: “Нәйлүл-әутар” 4/526.

Бірде Жәбир ибн Зәйдке рамазан айында әйеліне шақуатпен қараған және соның нәтижесінде ұрығы шығып кеткен адам туралы «Осы жағдай оның оразасын бұзады ма?» деген сұрақ қойылды. Ол: “Жоқ, ол оразасын соңына дейін жеткізсін”, - деп жауап берді. Ибн Абу Шайба 1/170, иснады сахих.

Шейх әл-Әлбани де жыныстық қатынас жасамай ұрық шығару оразаны бұзбайды деп есептеген!

Алайда ғалымдардың басым бөлігі мұндай ораза бұзылады әрі бұл күнді кейіннен қайта

толықтыру қажет деп есептеген. Осы орайда олар *“Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Ораза Мен үшін ұсталады, әрі Мен Өзім Ол үшін сый беремін, өйткені адам өзінің құмарлықтарын қанағаттандырудан және өз тамағынан Мен үшін бас тартады!»*” деген құдси хадиске сүйенген. Муслим 1151.

Ал осы хадистің басқа нұсқасында: *«Ол жеуді Мен үшін қалдырады, ішуді Мен үшін қалдырады, ләззаттарды Мен үшін қалдырады және әйелін Мен үшін қалдырады!»*, - деп айтылады. Ибн Хузайма 1151. Иснады сахих.

5. Бой дәреттің (ғусл) жоқтығы

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдері `Айша мен Умм Сәләмадан жеткен хабарларда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелімен өткізген түннен соң, таңды жүніп күйінде қарсы алғандығы, содан кейін шомылып, оразасын тұтқандығы туралы баяндалады (әл-Бухари 1925, Муслим 2/80).

Сондай-ақ бірде Умм Сәләмадан *«Жүніп күйінде таңды қарсы алған еркек ораза тұту керек пе?»*, - деп сұрағанда, ол: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) поллюция (өздігінен ұрық шығып кетуі) себебті емес, әйелімен өткізген түннен соң таңды жүніп күйінде қарсы алатын. Сосын ол ораза ұстайтын әрі сол (күнгі) оразаны қайта өтемейтін»*, — деген (Муслим 2/80).

Осы хадистер бой дәреттің (ғусл) жоқтығы адамның оразасын жарамсыз етпейтініне нұсқайды, тіпті ол таң атқаннан кейін шомылса да.

Ал енді *«Таңды жүніп күйінде қарсы алған адам ораза ұстамай-ақ қойсын!»* (Муслим 1109), — деп айтқан Абу Һурайраның пікіріне келер болсақ, ол – қате. Себебі Абу Һурайраның бұл сөздерін естіген `Айша мен Умм Сәләма оған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таңды жүніп күйінде де қарсы алып, ораза ұстағанын хабарлағанда, Абу Һурайра өз пікірінен бас тартады да: *«Олар Пайғамбар туралы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менен жақсырақ біледі»*, — деген (Муслим 1109).

6. Тіс тазартқыш (сиуак) қолдану

Ораза кезінде тіс тазартқышты қолданудың рұқсат етілгеніне Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және сахабалардан жеткен бірнеше хабар дәлел болады. `Амир ибн Раби`аның: *«Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстап жүргенінде сансыз мәрте тістерін сиуакпен (тіс тазалағышпен)*

тазалағанын көрдім», - дегені жеткізіледі (әт-Тирмизи 725, Әбу Дауд 2364, Ибн Хузайма 2007.).

Имам Әбу `Иса әт-Тирмизи және Ибн Хузайма бұл хадисті хасан деп атаған, бірақ хафиз Ибн Хәжар мен шейх әл-Әлбани оны әлсіз деген.

Алайда бұл хадис Ибн `Аббастан жеткен *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауызы берік уақытында сиуакты пайдаланған»* деген басқа хабармен нығайтылады (Ахмад ибн Мәни'. Иснады сахих. Қараңыз: *“әл-Мәталибул-‘алия”* 1089).

Бұл сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол туралы осы үмметтің хәлал мен харам мәселелерін ең жетік білетіні деп айтқан Му`аз ибн Жәбалдің сөздерімен де расталады. `Абдур-Рахман ибн Ғуним былай деп айтқан: *«Мен Му`аздан: «Ораза ұстаған кезімде тістерімді тазалауыма болады ма?», — деп сұрадым. Сонда ол: «Иә», — деп жауап берді»* (әт-Тәбарани өзінің *“әл-Кәбир”* кітабында 20/133. Хафиз Ибн Хәжар иснадын хасан деген).

Алайда егер сиуактің дәмі болатын болса, мысалы, жасыл сиуак, немесе лимон яки жалбыз дәмі бар т.с.с. сиуактар, онда түкірікті жұтуға болмайды. Ал ең дұрысы, бұндай сиуакты ораза кезінде мүлдем қолданбай-ақ қойған жөн.

Егер тіс тазартқышты қолдану кезінде қызыл иектен қан шыға бастаса, оны жұтуға болмайды, оны түкіріп тастау қажет. Бірақ, егер сонда да қанның кейбір бөлігі тамаққа кетіп қалса, бұның ешқандай оқасы жоқ (қараңыз: *“Фәтауа әл-Ләжна әд-дәйма”* 10/254).

Ал енді рамазан айында күндіз тіс пастасын қолдануға келер болсақ, онда ғалымдар бұл мәселеде түрлі пікірлер білдірген. Алайда келіспеушіліктерден шығу үшін және қатеден алыс болу үшін бұны жасамаған жақсы. Шейх Ибн `Усаймин: *«Күндіз тіс пастасын қолданбай, оны кешкіге қалдырған дұрыс, себебі оның қатты татыйтын дәмі бар», — деп айтқан (қараңыз: “Мәжалису шаһри рамадан” 72).*

7. Еріксіз құсу

Абу Һурайра жеткізген хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Егер құсық еріксіз шыққан болса, онда ораны өтеу міндетті емес. Ал егер ол әдейі шығарылса, онда ораның қазасын өтеу керек»* (Ахмад 2/498, Әбу Дауд 2380. Имам ән-Науауи, шейхул-Ислам Ибн Таймийя және шейх әл-Әлбани хадистің сенімділігін растаған).

Шейх Ибн `Усаймин айтқандай, егер адам құсқысы келіп, бірақ кейін жүрек айнуы басылып, қалпына келсе, онда оразасы бұзылмайды, өйткені ол бұл жағдайға бақылау

жасай алмайды. Алайда егер құсық ауызға келіп қалса, ал адам оны қайтып жұтып жіберсе, онда оразасы бұзылады. Ал егер адам асқазанында әлсіздік сезіп жатса, онда ол өзін-өзі қинап құсығын қайтармаған жөн, әйтпесе бұл оның денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін (қараңыз: “Мәжалису шаһри рамадан” 67).

8. Қан алу немесе қан жоғалту

Ораза кезінде қан алудың рұқсат етілгеніне қатысты ғалымдар арасында келіспеушіліктер бар. «Қан алу оразаны бұзады» деп санайтын ғалымдар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына хадисіне сүйенген: *«Қан алған және қан алдырған адам оразаларын бұзды»* (Ахмад 4/123, Әбу Дауд 2369. Хадис сахих).

Ал басқа ғалымдар «қан алу оразаны бұзбайды» деп, Ибн `Аббас жеткізген келесі хадиске сүйенеді: *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза кезінде одан қан алынған»* (әл-Бухари 1939).

Сондықтан көптеген ғалымдар қан алу оразаны бұзатындығы жайлы хадистің күші жойылған деп есептеген. Солардың қатарында әш-Шәфи`и, әл-Бәйһақи, Ибн `Абдул-Барр, ән-Науауи, әл-Әлбани сияқты имамдар бар.

Аталған келіспеушілікке Сәбит әл-Бунаниден жеткен келесі хадис айқындық енгізеді. Ол Әнастан: *«Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде қан алдыру қайтарылған ба еді?»*, — деп сұрайды. Сонда Әнас оған: *«Жоқ, тек егер ол адамды әлсіретпесе ғана»*, - деп жауап берді (әл-Бухари 1940).

Сондай-ақ Әнас былай деген: *«Алғашында ораза тұтушының қан алғызуы құпталмайтын іс болып саналатын. Әрі бір күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қан алғызып отырған Жә`фар ибн Әбу Талибтің жанынан өтіп бара жатқанда: «Бұл екеуі оразаларын бұзды», — деп айтқан болатын. Бірақ, кейінірек Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауызы берік адамға қан алдыруына рұқсат еткен»*. Сондықтан Әнас ораза уақытында қан алғызатын еді (әд-Дарақутни 2/182. Хадистің сенімділігін имам әд-Дарақутни, әл-Бәйһақи және ән-Науауи растаған).

Сондай-ақ Абу Са`ид әл-Худриден: *«Ораза тұтушы қан алғызуына рұқсат па?»*, — деп сұрағанда, ол: *«Ия, бұның ешқандай оқасы жоқ»*, — деп жауап берді (Ибн Хузайма 3/235. Шейх әл-Әлбани иснадын сахих деген).

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып және барлық пікірлерді жинай келе, келесідей қорытынды шығарсақ болады:

Ораза уақытында қан алдыруға тыйым салынбаған, әрі ол оразаны бұзбайды. Алайда егер қан алдыру адамды әлсірететін болса, онда оны жасамаған жақсы. Бірақ егер қан алдыру ауызы берік адамды аузын ашуға мәжбүрлейтін болса, онда ол тыйым салынады. Бұл туралы имам әш-Шәукани айтқан (“Нәйлүл-Әутар” 4/515).

Дәл осы үкім қан тапсыруға да қатысты. Егер осыда қажеттілік болса әрі бұл ағзаның әлсіреуіне әкеп соқпаса, онда бұл рұқсат етіледі. Ал керісінше жағдайда - тыйым салынады! (Қараңыз: “Сахих фиқһу-с-Сунна” 2/114).

9. Қажет болғанда тамақтың дәмін тату

Қажеттілік туып тұрса, ауызы берік адам тамақтың дәмін тілімен татып немесе оны шайнап көруіне болады. Мысалы, сәбиді тамақтандырып жатқан ана басқа амал таппаған жағдайда тамақты шайнап көрсе болады, ас әзірлеп жатқанда оның дәмін татып көрсе болады, немесе сатып аларда тағамның дәмін тексеріп көрсе болады. Ибн `Аббас былай деген: «Адам сіркенің немесе сатып алайын деп жатқан заттың дәмін көрудің еш айыбы жоқ» (Ибн Әби Шәйба 2/161. Иснады сахих).

Шейхул-Ислам ибн Таймийя былай деп айтқан: «Ораза ұстаушы тамақтың дәмін қажетсіз көруі мәкруһ, бірақ бұл оразаны бұзбайды. Бұл ауызды сумен шайқау тәрізді» (Мәжму’ул-фатәуа” 25/266).

Алайда тілмен тексеріп көрген тамақты жұтуға болмайды!

10. Ауыз шаю және шомылу

`Умар ибн әл-Хаттаб былай деп баяндайтын: «Бірде мен ораза ұстаған бола тұра әйелімді сүйдім. Содан соң мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп: «Мен қорқынышты нәрсе жасадым: ауызым берік бола тұра әйелімді сүйдім!», — деп айттым. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Ораза кезінде ауызыңды шаюың туралы не ойлайсың?**», - деп сұрады. Мен: «Бұның еш айыбы жоқ», — дедім. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Онда несіне уайымдайсың?**», — деді» (Ахмад 1/21, Әбу Дауд 2385, әд-Дәримидің 1723. Шейх Ахмад Шәкир, шейх әл-Әлбани, ‘Абдул-Қадир әл-Арнаут және Шу’айб әл-Арнаут хадистің сенімділігін растаған).

Сондай-ақ Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының бірі жеткізген хадисте «Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыжыған ыстықтан құтылу мақсатымен басына су құятын», - деп айтылған (Мәлик өзінің “әл-Мууатта” кітабында 1/294, Әбу Дауд 2365, Ахмад 4/63. Шейх әл-Әлбани хадистің сенімділігін растаған).

Осы хадистер ораза ұстаушы адамға ораза кезінде күндізгі уақытта ауызын шаюға немесе ыстықтың әсерін басу үшін шомылуға рұқсат етілетініне нұсқайды. Ораза кезінде ауыз шаю: дәрет алғанда болсын, одан тыс уақыттары болсын - рұқсат етілгенінде ешқандай келіспеушілік жоқ (қараңыз: “Шархул-Кәбир” 3/44).

Алайда дәрет алған кезде суды мұрынмен тартпаған жақсы, әйтпесе су тамаққа өтіп кетуі мүмкін. Ләқит ибн Сабира былай деп баяндайтын: «*Бірде мен Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа, Аллаһтың елшісі, маған дәрет жайында айтып беріңізші», — деп сұрадым. Ол былай деді: «Дәретті дұрыстап ал, саусақ араларын және, егер ораза тұтып жатқан болмасаң, мұрныңды жақсылап жу!»*» (әш-Шәфи’и 1/30, Ахмад 4/33, Әбу Дауд 142. Хадистің сенімділігін Ибн әл-Қатан, ән-Науауи, Ибн Хәжар мен әл-Әлбани растаған).

Сондай-ақ оразаны келесі нәрселер де бұзбайды:

11. Сүрме қолдану

‘Аиша: “*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза кезінде сүрме қолданатын*”, - деп баяндаған (Ибн Мәжаһ 1678).

Ғалымдар арасында бұл хадистің сенімділігі жөнінде келіспеушіліктер бар. Шейх әл-Әлбани оны сахих деп таныған. Ал кейбір имамдар Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза кезінде сүрме қолданғандығы туралы бірде-бір сахих хадис жоқ екенін айтқан.

Десе де бұл хадистің мағынасы, яғни сүрме қолдану оразаны бұзбайтыны дұрыс. Бұған қоса имам әт-Табарани 2/132 Бәрирадан, ал әл-Бәйһақи Ибн `Аббастан, олар ораза кезінде сүрме қолданғандары туралы хабарлар жеткізеді. Және Хафиз ибн Хәжар бұл хабарлардың иснадтарын хасан деп атаған (қараңыз: “Талхисул-хабир” 2/366).

12. Тіс емдеу және оған пломба салу

Ауыз шаю үшін қолданылатын дәрі-дәрмектер, егер адам оларды жұтпаса, оразаны бұзбайды. Егер адам тісін пломбаласа, кейін ауызынан бір дәм сезетін болса, шейх Ибн Баз айтқандай, бұл оразаны бұзбайды.

13. Құнарсыз ине ектірулер

Емделу үшін қолданылатын, пенициллин және инсулин, немесе сергітетін заттар, егу сияқты ине шаншулар оразаны бұзбайды. Ол бұлшық етке немесе тамырға егілсе де -бәрі бір (қараңыз “Фәтауа Мухаммад ибн Ибраһим” 4/189).

14. Көз бен құлаққа дәрілер тамызу

Клизмалар, көз бен құлаққа дәрі тамызу, тіс жұлу және жараларды емдеу ең дұрыс пікір бойынша оразаны бұзбайды (қараңыз: «“Мәжму’ул-фәтауа” 25/233-245»).

15. Әйелдердің истихада қаны (науқасты қансырау)

Әйелдерде болатын науқасты қансырау (истихада) оның намазына да, оразасына да, басқа да құлшылықтарына еш зиян тигізбейді. Бұл қан нәжіс (лас нәрсе) болып табылмайды, әрі етеккірі немесе туғаннан кейінгі қансырауы келген әйелдерге тыйым салынған нәрсенің барлығы истихадасы келіп жатқан әйелге рұқсат етіледі (қараңыз: “Сахих фиқһу-с-Сунна” 1/216-217).

16. Шаң және ауызға кездейсоқ түскен нәрселерді жұту

Имам Ибн Қудама былай деген: «Егер ораза ұстаушы жараланса немесе мұрынынан қан кете беруінен жәбір шексе, немесе оның ауызына су не бензин еріксіз кіріп кетсе, онда бұл оның оразасын бұзбайды. Сондай-ақ шаң тозаң, түтін немесе шыбын байқаусыздан адамның ауыз қуысына кіріп кеткен болса, бұл да оның оразасын бұзбайды. Сондай-ақ адам жұтынған кезінде құтылуы мүмкін емес болған сілекей, не құрғақ жердің шаңы оразаны бұзбайды. Және де адам ауыз қуысын әдейі сілекейге толтырып, соны жұтқан болса, дұрысырақ пікірге сай, бұл да оразаны бұзбайды» (қараңыз: «Әл-Мұғни» 3/106).

17. Тыйым салынған сөздер мен көз салулар

«Бес нәрсе ораза мен дәретті бұзады: өтірік, өсек, гайбат, шаһуатпен көз салу (қарау) және жалған ант» (Бұл хадис әлсіз! Қараңыз: “әс-Силсилә әд-да’ифа уәл-мауду’а” 1708).

Алайда осы әлсіз хадисте аталған нәрселер оразаны бұзбайтынына қарамастан, бұл нәрселер Исламда ауыр күнә болып табылады және оразаның сауабын кемітеді!

18. Астма ауруы (демікпесі) бар адамдарға арналған оттегі қапшықтары

Астма (демікпе) кезінде қолданылатын оттегі қапшықтары оразаны бұзбайды. Себебі өкпеге баратын қысылған (сығылған) газ тамақ болып саналмайды, әрі оған деген мұқтаждық тұрақты болып табылады, яғни рамазан айында да, одан басқа айларда да бола береді (қараңыз: Сәб’уна мәсәлә фи-с-сыйям” 36).

Рамазан айында кімдерге ораза ұстамауға рұқсат етіледі

1. Науқас (ауру) адам.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Ал біреу науқас, не сапарда болса, басқа күндерде оразасының санын толтырсын»** («әл-Бақара» сүресі, 185-аят).

Науқас адамға ораза ұстау қиын болса немесе ораза оның ауруынан тез жазылып кетуіне кедергі болса, ол оразасын тоқтатады. «Ораза ұстауды қалдыру үшін аурудың ауырлығы қандай болуы керек?» деген мәселеде ғалымдардың пікірі әртүрлі болған. Кейбір ғалымдар: *«Ауру атауының барлығы оразаны қалдыруға рұқсат етеді»*, - деген. Осы орайда олар Аллаһ Тағаланың сөздеріне сүйенген, ал Ол аурудың ауырлығын нақтыламады әрі: **«Ал біреу науқас.....болса»**, - деді. Алайда егер ауру қиындықтар туғызбаса әрі, мысалы, кішігірім тұмау, аллергия сияқты адамды әлсіретпейтін аурулардан болса, онда ол ораза ұстауы әрі оны тастамауға тиісті. Қз.: *“Сахих фиқһу-Сунна” 2/119.*

Имам әл-Қуртуби былай деген: *“Ауру адамның екі жағдайы болады: біріншісі – ол ораза ұстауға шамасы келмейтін жағдай. Мұндай кезде ауызды ашып жіберу оған міндетті болады. Екінші жағдай – науқас адам қиналып және өзіне зиян тигізіп болса да ораза ұстай алады. Мұндай жағдайда ол үшін ауызды ашу өте құпталыады, әрі наданнан басқа ешкім мұндай жағдайда ораза ұстамайды!”* Қз.: *“Тафсир әл-Қуртуби” 2/276.*

Имам Ибн Қудама былай деген: *“Егер науқас адам ауруына қарамастан ораза ұстайтын болса, ол айыпты нәрсе істеген болады, өйткені ол өзіне зиян тигізеді және Аллаһтың берген жеңілдігін тастап қояды”.* Қз.: *“әл-Мұғни” 4/404.*

Ал егер ауыр науқаспен ауырған адам өзінің ауруына қарамай ораза ұстаса, оның оразасы жарамды болады, бұл туралы барлық ғалымдар бірауызды келісімде болған. Ибн ‘Умардан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Ақиқатында, Аллаһ Тағала Өзінің тыйымдарының бұзылуын жек көретініндей, тура сол сияқты Өзінің түсірген жеңілдіктерінің қабылданғанын да жақсы көреді».* Ахмад 2/108, Ибн Хиббан 2742, әл-Қада’и 1078. Хафиз әл-Мунзири, хафиз әл-Хайсами және шейх әл-Әлбани хадистің сахихтығын растаған. Қз.: *“Мәжма’у-з-зауaid” 3/165, “Сахих әт-тарғиб” № 1059.*

2. Сапарда жүрген адам (мусафир)

Аллаһ Тағала былай деген: **«Ал біреу науқас, не сапарда болса, басқа күндерде оразасының санын толтырсын»** («әл-Бақара» сүресі, 185-аят).

Сапардағы адамға үмметтің бірауызды келісілген пікіріне (әл-ижма’) сәйкес аузын ашуға рұқсат етіледі, әрі бұл оның ағзасының жағдайына немесе сапардың қиын, не жеңіл

болуына байланысты емес. Яғни тіпті оның жолы жеңіл және қиындықсыз болса да, оған ораза ұстамауға және намаздарын қысқартып оқуға рұқсат етілген. Қз.: “Мәжму’ул-фатауа” 25/210.

Сапарға шыққан адам ораза ұстаса да, ұстамаса да болады. Бұған Әнастың: “Біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге жиі сапарда болатынбыз, әрі ораза ұстаушы адам ораза ұстамаған адамды, ал ораза ұстамаған адам ораза ұстаған адамды сөкпейтін”, - деген сөздері нұсқайды. Әл-Бухари 1947.

Жолаушы үшін ораза ұстау жақсырақ па, әлде ауызды ашқан ба?

Ғалымдар сапарда нені істеген абзалырақ болатындығы жөнінде түрлі пікірлер білдірген. Бұл мәселе бойынша ең жақсы пікір «сапардағы адам өзі үшін не жеңілдеу болса, соны таңдауы керек», - деп айтқан ғалымдардың пікірі болып табылады. Бұл ғалымдар: «Егер жолаушы үшін ораза ұстау оны кейін өтеуден жеңілдеу болса, онда оған ораза ұстау жақсырақ болады, ал егер оған жолда ораза ұстау қиынға соқса, онда ол оразасын тоқтатқаны жақсырақ болады», - деген. Осы орайда бұл ғалымдар Аллаһ Тағаланың **«Аллаһ сендерге жеңілдікті қалайды әрі Ол сендер үшін ауыртпалықтарды қаламайды»** («әл-Бақара» сүресі, 185-аят) деген сөздеріне сүйенеді.

Хамда ибн ‘Амра бірде Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сапарда ораза ұстау туралы сұрады, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Осыдан өзіңе не жеңілдеу болса, соны істе! Қаласаң – ауызыңды аш, қаласаң – ораза ұста!»**, - деп жауап берді. Тамам “әл-Фәуаидте” 1/161. Сенімділігін шейх әл-Әлбани растаған. Қз.: “әс-Силсилә әс-сахиха” 6/889.

Сапарға шығушы үйінен шыққанға дейін оразасын аша алады ма?

Ғалымдардың басым бөлігі сапарға шығушы адам өз тұрғылықты мекенінің елді аудандарын өтіп кетпейінше ауызын ашпауы керек деп есептейді. Яғни қала маңын өткен бойдан ауызын аша берсе болады. Алайда Сүннетке негізделетін күшті пікір бұл «сапарға шығушы адам жолға шығудан бұрын ауызын аша алады» деген пікір болып табылады. Мухаммад ибн Ка’б былай деп баяндайтын: “Бірде мен Әнас ибн Мәликке рамазан кезінде ол сапарға жиналып жатқан тұста келдім. Ол мініс көлігін дайындады, киімін киді және тамақ алып келуді бұйырды. Ол тамақ жеп болған соң, мен одан: «Бұл (жолға шығудан бұрын тамақ жеу) - Сүннет пе?», - деп сұрадым. Ол: «Сүннет!», - деді де, кейін көлігіне мініп алды”. Әт-Тирмизи 799, әл-Бәйһақи 4/247, әд-Дарақутни 2/187.

Кейбір ғалымдар бұл хадисті әлсіз деген әрі сол себепті оған сүйенбеген. Алайда бұл хадис сахих болып табылады. Оның сенімділігін әт-Тирмизи, Ибн әл-‘Араби, хафиз әд-

Дья әл-Мақдиси, шейх Ибн әл-Қайим, Абул-Махасин, шейх әл-Әлбани сынды имамдар растаған. Бұл хадиске сондай-ақ имам Ахмад және Исхақ ибн Рахауайх та сүйенген. Бұл хадистің сенімділігі туралы толығырақ «Тасхиһу хадис ифтару-с-саим қаблә сафарихи ба'дәл-фажр уа раду 'алә манн да'афаһу» еңбегінен қараңыз. Бұл хадис сондай-ақ 'Убайд ибн Жубайрдан жеткен, ол онда өзінің Абу Басыр әл-Гифаримен бірге рамазан айында кемеге отырып кетуге жиналғанын және Абу Басыр тамаққа жақындап: «Же!», - деп айтқанын баяндаған хадиспен нығайтылады. Бұған Убайд: “Біз әлі үйде емеспіз бе?!”, - деп сұрады. Сонда Абу Басыр: “Сен Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен бас тартып жатсың ба?!”, - деп жауап берді. Ахмад, Абу Дауд, әд-Дарими. Дерек сахих. Қз.: “Ируа әл-ғалил” 928.

Имам әш-Шәукани былай деген: “Осы екі хадисте сапарға шығушы адам жолға шығудан бұрын ауызын аша алатынына дәлел бар”. Қз.: “Нәйлүл-аутар” 4/311. Бұл сондай-ақ сахабалардың іс-әрекеттерімен де расталады, ал олардың арасында Умар, Ибн Умар, Абу Муса және: «Егер қаласаң - жолға шығудан бұрын тамақтан, ал қаламасаң – онда ораза ұстай бер», - деп айтқан Ибн Аббас та бар. Ибн Абу Шәйба 1/152. Иснады сенімді.

Са'ид ибн әл-Мусайиб пен Хасан әл-Басриден де олар сапарға шығушы адамдарға өз үйлерінен тамақ жеп шығуға рұқсат еткендігі туралы хабарланады. Ибн Абу Шайба 2/151, әл-Бәйһақи 4/247. Иснады сахих.

Алайда адам сапарға шығудан бұрын ауызын ашып алып, кейін сапарға шықпай қалмауы үшін абай болуы керек!

3. Қарт адам

Ибн 'Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: “Ораза ұстауға шамасы келмейтін қарт ер мен әйелеге ораза ұстамауға және оны өтемеуге рұқсат етілді, бірақ жіберілген әрбір күні үшін бір кедейден тамақтандыру бұйырылды”. Әл-Бухари 7/179, әд-Дарақутни 2/205.

Бұл сондай-ақ жазылып кетуге үміттенбейтін науқастарға да қатысты. Имам Ибн Қудама былай деген: “Жазылып кетуге үміті жоқ науқас ораза ұстамайды және әрбір (ораза ұстамаған) күні үшін бір кедейді тамақтандырады, әрі осыда ол қарт адамға тең етіледі”. Қз.: “әл-Муғни” 4/396.

Кедейді немен тамақтандыру керек?

Ибн Аббас: “Кәрі адам ораза ұстай алмаса, ол әрбір күні үшін бір кедейді бір мұдд³ тамақпен тамақтандырады”, - басқа риуатта, - “Жарты са⁴ бидаймен”, - деп айтқан. Әд-Даракутни 1/249, имам әд-Даракутни және әл-Әлбани сенімділігін растаған. Қз.: “Ируа әл-ғалил” 4/18.

“Әнас қартайған және ораза ұстауға шамасы келмейтін шағында сарид дайындап, отыз кедейді шақырып, олардың барлығын тамақтандырған», - деп хабарланады. Әд-Даракутни 2/207. Иснады сахих.

Тамақтың орнына ақша беруге болмайды!

Шейх Салих әл-Фаузан былай деген: “Кедейді осы мекенде тұтынатын тамақтың жарты са` мөлшерімен тамақтандыру қажет, ал жарты са` - бұл орташа есеппен бір жарым килограмм. Кедейді дәл тамақпен тамақтандыру керек, әрі оған ақшалай бермеу керек, өйткені Аллаһ Тағала былай деген: **«Ал кім қиындықпен ораза ұстауға шамасы келсе, өтемақысына кедейді тамақтандыруы қажет»** («әл-Бақара» сүресі, 184-аят). Әрі Құранның мәтіні дәл тамақтың өзіне нұсқайды”. Қз.: “әл-Фатауа әл-Фаузан” 3/140.

4. Жүкті әйел

5. Емізулі әйел

Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: **«Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ сапардағыларды оразаның ауырпалығынан және намаздың жартысынан, ал жүкті және емізулі әйелдерді оразаның ауырпалығынан босатты»**. Әт-Тирмизи 715, Абу Дауд 2408, ән-Нәсаи 2277. Имам Абу Иса әт-Тирмизи хадисті хасан деді, ал шейх әл-Әлбани оны сахих деп атады.

Жүкті және емізулі әйелдер өзі немесе баласы үшін қауіп сезінсе, оразасын тоқтата алады. Алайда егер олар ораза ұстай алса, онда оларға оразаны қалдыруға тыйым салынады, өйткені Аллаһ Тағала: **«... ал сендер үшін ораза ұстау жақсырақ, сендер білсеңдер еді!»** - деді («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

Имам Ибн ‘Ақил былай деген: “Егер жүкті және емізулі әйелдер жатырындағы нәресте және баласы үшін қауіптенсе, онда олар ораза ұстамаулары керек, ал егер олар қауіптенбесе, онда оларға ораза ұстамауға тыйым салынады!” Қз.: “әл-Инсаф” 7/382.

6. Ақылдан азған адам

³ Бір мұдд – орташа адамның қос алақанына сиятын көлем (қз.: “Маусу’атул-фиқһия” 3/163).

⁴ Бір са` төрт мұддқа тең (қз.: “Маусу’атул-фиқһия” 3/163).

7. Жас бала

‘Аишадан, ‘Алиден, Саубаннан және басқа да сахабалардан (Аллаһ оларға разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«(Жаман істерді жазатын періштенің) қаламы үшеуден көтерілген (жазбайды): баладан, ол кәмелетке толғанша; ұйқыдағы адамнан, ол ұйқысынан оянғанша; және ақылдан азғаннан, ол ақыл-есін жинағанша»*. Ахмад 1/104, Абу Дауд 4398 және 4402, ән-Нәсаи 3432, Ибн Мәжаһ 2041, әд-Дарими 2296, Ибн әл-Жәруд, әл-Бәйһақи 6/57, әл-Бәззар 1540. Бұл хадистің сахихтығын Ахмад, әл-Бухари, Ибн Хузайма, Ибн әл-Жәруд, Ибн Хиббан, Ибн әл-Мунзир, әл-Хаким, әз-Зәһаби, Ибн Хазм, Абу Бақр ибн әл-Араби, Ибн Таймийя, Ахмад Шакир, әл-Әлбани сынды имамдар растаған.

Шейх Ибн ‘Усаймин былай деген: *“Ақылдан азған адамдар өздерінің іс-әрекеттері үшін жауапкершілік тартпайды, бірақ егер адам белгілі бір уақыттарда ақылдан азса, ал басқа уақыттарда ақыл-есі дұрыс болса, онда ол ақыл-есі сау кезде ораза ұстауы керек, әрі ақылдан азған кезде ол бұдан босатылады. Егер ол ораза кезінде ақылын жоғалтатын болса, бұл оның оразасын бұзбайды, бұл біреудің ауруға немесе басқа бір себептерге байланысты ақыл-есін жоғалтатыны сияқты, өйткені ол ақыл-есі сау кезінде ораза ұстау ниетіне ие болатын”*. Қз.: *“Мәжалису шаһри рамадан”* 28. Тура осы қояншық ауыруымен ауыратын адамдарға (эпилептиктерге) де қатысты.

8. Денсаулығы үшін қауіптенетін адам

Егер адамды қатты шөл немесе қатты аштық қысса әрі ол өліп қалатынынан немесе денсаулығымен бір салмақты нәрсе орын алуынан қауіптенсе, онда ол оразасын тоқтатып, оны кейінірек өтесе болады, өйткені өз өміріңді сақтау - парыз. Қз.: *“Әл-Мухаллә”* 6/228, *“Қауанинул-фиқһия”* 82.

Аллаһ Тағала былай деген: **«Өздеріңді өздерің өлтірмеңдер, Аллаһ сендерге мейірімді ғой»** («ән-Ниса» сүресі, 29-аят).

Бірақ шыдауға болатын мазасыздықтан, немесе шаршау сезінгендіктен, немесе ауруды қиялдаудан оразаны тоқтатуға бомайды. Денені шаршататын жұмыстарда істейтін адамдарға оразасын тоқтатуға рұқсат етілмейді әрі олар түнде келесі күні де ораза ұстауға ниет етулері керек. Егер олар жұмысын тоқтата алмаса әрі өндіріс үстінде олармен орын алуы мүмкін болған қандай да бір зақымданудан қауіптенсе, немесе оларды оразаны тоқтатуға мәжбүрлейтін қандай да бір ерекше қиындықтарға тап болса, онда олар оразасын тоқтатып, оны кейіннен толықтыра алады.

Көп дене күшін талап ететін пештерде және металл ерітуде жұмыс істейтін адамдар түнде жұмыс істеу үшін жұмыс кестесін өзгертуге немесе рамазан айында демалыс алуға тырысуы қажет. Әрбір мұсылман өзінің діни және дүниелік міндеттерін бірге алып жүре алатындай жұмыс іздеуге тиіс, ал Аллаһ Тағала былай деген: **«Кім Аллаһтан қорықса, Ол оған бір шығар жол пайда қылады және ойламаған жерден ризық береді. Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, сонда Ол оған жетіп асады»** («әт-Тәлақ» сүресі, 2-3 аяттар). Қз.: «Фатауа әл-Ләжна әд-даима» 10/233.

9. Аллаһтың жолында шайқасушы мужаһид, егер ораза оны әлсіретсе және оған шайқасуға кедергі жасаса

Дұшпандармен шайқасып жатқандарға немесе олардың қоршауындағыларға, егер ораза оларды шайқаса алмайтындай етіп әлсіретсе, өз оразаларын үзуге рұқсат етіледі, тіпті олар сапарда болмаса да. Егер оларға шайқасуға дейін оразаны бұзу қажет болса, олар мұны істей алады. Бұған Абу Са'идтен жеткен, онда Меккеге жорық кезінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына: **«Таңертең сендер дұшпандарыңмен кездесулеріңе тура келеді, ал оразаны тоқтату сендерді күштірек етеді, сондықтан да ораза ұстамаңдар»**, - деп айтқан хадис дәлел болады. Муслим 1120.

Бұл хадистен Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оразаны тоқтатудың себептері ретінде сапарда немесе жорықта болуды емес, дұшпандармен соғысу үшін күшті сақтап қалуды атағаны айқын болады. Бұл туралы хафиз әл-Мунзири, әл-Мунауи, Шамсул-Хақ 'Азым Абади және басқалар айтқан. Жиһадта қатысу үшін, агрессияны тойтару және мұсылман жерлерін қорғау үшін күш-қуатты сақтап қалу оразаны үзу үшін орынды себеп болады, әрі бұл туралы Ахмад, Ибн Таймийя, Ибн әл-Қайим, Ибн Муфлих сынды имамдар т.б. айтқан. Қз.: «әл-Фуру'» 3/28.

10. Етеккірі келген әйел

11. Босанғаннан кейінгі қаны келіп жатқан әйел

Етеккірі келген немесе босанғаннан кейінгі қаны келіп жатқан әйелдер, жоғарыда аталған санаттағы адамдардан ерекше, жай ораза ұстамаса да болады емес, оларға мұндай жағдайда ораза ұстауға тыйым салынады, бұл туралы ғалымдар бірауызды келісімде болған. Қз.: «әл-Мәжму'» 6/259.

«Етеккірі келген әйелдер ораза ұстамаулары» керек дегенге әйелдердің «Дініміздің кемшілігі неде?» деп қойған сұрағына Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Етеккірі басталған әйел намаз оқуын және ораза ұстауын доғармайды ма?»**,

- деп жауап бергені туралы айтылатын хадис дәлел болады. Әл-Бухари 304, Муслим 2/132.

Сондай-ақ босанғаннан кейінгі қаны келіп жатқан әйел де ораза ұстамайды дегенге Умм Сәләмадан жеткен, онда ол: *«Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (көзі тірі) кезінде босанғаннан кейінгі қаны келген әйелдер қырық күнге дейін намаздан тыйылатын»*, - деген хадис дәлел болады. Ахмад 6/203, Абу Дауд 1/311, әл-Бағауи 2/136, хадис хасан.

Әрине, егер оларға намаз оқуға тыйым салынған болса, онда ораза ұстауға да тыйым салынған еді. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары мен олардың ізбасарлары (табиғиндер) *«Әйелдер босанғаннан кейін қырық күн бойы намаз оқымаулары және ораза ұстамаулары керек, тек егер олар (босанғаннан кейін келетін қаннан) ертерек тазармаса»* дегенге бірауызды келісімде болған. Қз.: *“Нәйлүл-әутар”* 1/274.

Егер жүкті әйел ұрығының басы немесе қолы сияқты дене мүшелері қалыптасу кезінде түсік тастаса, онда бұл жағдай босанғаннан кейінгі қан келу ретінде қарастырылады да, мұндай әйел ораза ұстамайды. Егер түсік тастау жүктіліктің ертерек кезеңінде (сексен күнге дейін) орын алса, онда әйел кісі истихада (яғни ауруға байланысты қан келу) жағдайында болып саналады да, ол оразасын қалдырмай ұстайды. Қз.: *“Фатауа әл-Ләжна әд-даима”* 10/224.

Жоғарыда аталған санаттарға жатпайтын адамдардың барлығы ораза ұстаулары парыз!

Орынды себеппен ораза ұстамайтын адам елге көрсетіп ішіп-жей алады ма?

Имам әл-Мәрдауи былай деп жазған: *“Қады: «Рамазанның жарық кезінде ашық (елге көрсетіп) тамақтану айыпталады, тіпті бұған (орынды) себеп болса да», - деп айтты. «Әл-Фуру'та»: «Ашық түрде тамақтану қалай болған жағдайдай да тыйым салынған», - деп айтылған. Ибн 'Ақилге «Сапардағы, (немесе) ауру адамға, немесе етеккірі келіп жатқан әйелге олар ашық (елге көрсеткен түрде) тамақтануға тыйым салуға болады ма?» деген сұрақ қойылғанда, ол: «Егер ораза ұстамаудың себебі ізі байқалмайтын ауру, немесе сапарда екендігі белгісіз болған сапар сияқты жасырын болса, онда ашық түрде тамақтануға тыйым салу керек!», - деп жауап берген”* Қз.: *“әл-Инсаф”* 7/348.

Рамазан айында себепсіз ораза ұстамайтын адамды күндіз тамақтандыруға болады ма?

Ғалымдар ораза ұстауға міндетті және ораза ұстамау үшін шарихи себепке ие емес адамдарды күндіз тамақтандыруға тыйым салған. Аллаһ Тағала былай деген: **«Бір-біріңе**

ізгілік пен тақуалықта көмектесіңдер де, күнә мен дұшпандықта бір-біріңе көмектеспейдер» («әл-Мәида» сүресі, 2-аят).

Имам әр-Рамли ғалымдар (рамазанның күндізінде тіпті) кәпірге тамақ сатуға, егер адам кәпірдің сол тамақты рамазанның күндізінде жейтінін білсе немесе жорамалдаса, тыйым салынғандығын жеткізген, әрі әр-Рамли былай дейтін: *«Бұл тыйымның себебі осы іс-әрекеттің күнә жасауға болысу болып табылатынында және ең дұрыс пікір бойынша шариғи міндеттемелер кәпірлерге де қатысты»*. Қз.: “Нихаятул-мухтаж” 5/274, “Маусу’атул-фиқһия” 9/212.

Сөйтіп, адам күнәға болысушы болмау үшін, рамазан айының жарық кезінде ораза ұстауға міндетті адамдарды тамақтандыруына болмайды. Бұған аурулар, сапардағы адамдар және ораза ұстау парызы мойындарынан түскен адамдар жатпайды. Бұл мәселедегі жалпы үкім осындай.

Алайда бұл мәселеде даналық таныту және (шариғи) пайда мен зиянды ескеру қажет. Мысалы, егер білместікпен және надандығымен ораза ұстамайтын әке ораза ұстайтын қызына өзіне тамақ дайындап беруді бұйырса, ал ол осыдан бас тартса, бұл ол үшін бұдан да сорақы жамандыққа алып келуді, мысалы, әкесі оған орамал тағуына және намаз оқуына тыйым салуы және оған игі нәрселер істеуге боғет жасауы мүмкін т.с.с. Сондықтан да пайда мен зиян мәселелерін ескеру қажет, әрі әрбір жағдайға жекеше тәсіл қолдану қажет!

Қандай да бір себеппен ораза ұстамаған адам, сол себеп жойылған жағдайда күннің қалған бөлігінде ораза ұстауға тиісті ме?

Егер ауру адам жазылып кетсе немесе сапардағы адам үйіне оралса, немесе етеккірі яки босанғаннан кейінгі қаны келген әйел қанынан тазарса, әрі осының барлығы күндізгі уақытта орын алған болса, олар күннің қалған бөлігінде ораза ұстауға тиісті ме, әлде жоқ па? Бұл мәселе бойынша ғалымдардың арасында келіспеушіліктер бар. Ғалымдардың бір тобы: *«Олар ораза ұстауға міндетті, өйткені оларға ораза ұстамауға рұқсат беретін себеп күшін жойды»*, - деп санаған. Ал басқа ғалымдар: *«Олар күннің қалған бөлігінде ораза ұстауға міндетті емес, өйткені мұндай ораза олар үшін бәрібір (күн ретінде) есептелмейді»*, - деген.

Шейх Ибн Усаймин былай деп айтатын: *“Егер сапардағы адам өз қаласына күндіз күні ораза ұстамаған күйінде оралса, немесе әйел кісінің күндіз етеккірі тыйылса, онда олар күннің қалған бөлігінде ораза ұстауға міндетті емес. Олар ішіп-жей беруіне болады, өйткені олардың тыйылуы ешқандай рөл ойнамайды, себебі олар бәрібір осы күнді қайта толықтыруға тиісті,*

әрі ол олар үшін саналмайды. Әрі осы пікір дұрыс болып табылады. Бұл имам Мәлик пен әш-Шәфи`идің және имам Ахмадтың пікірлерінің бірі. Ал Ибн Мас'удтан: «Кім күннің бірінші бөлігінде тамақ жеген болса, қалған бөлігінде де тамақтана берсін», - деп айтқаны жеткізіледі. *Әл-Бәйһақи*". Қз.: "Фатауа Ибн Усаймин" 19-том, № 58, 59 сұрақтар.

Сөйтіп, күннің қалған бөлігінде ораза ұстаудың міндетті екендігіне ешқандай дәлел жоқ, өйткені аталған адамдардың ораза ұстамауларына шарияғи себептер бар. Аллаһ Тағала Өз дінін кемелдікке жеткізіп, толық етіп аяқтағаны белгілі, әрі Ол орынды себеппен ораза ұстамаған адамды күннің қалған бөлігінде ораза ұстауға міндеттегені белгілі емес.

Имам ән-Науауи былай деген: *"Егер сапардағы адам күн ортасында ораза ұстамаған күйінде үйіне оралса әрі әйелін (сол күні) күндіз етекiрiнен тазарған немесе ауруынан жазылған күйінде тапса, онда ол онымен жыныстық қатынасқа түсуіне болады әрі оларға, біздің пікірімізге сәйкес, (осы үшін) өтем жасау жүктелмейді!"* Қз.: «әл-Мәжму'» 6/174.

Жүкті және емізулі әйелдердің оразасы туралы

Әйелдер жүктілік немесе бала емізу себебімен ұстамай қалған оразаны өтеу керек пе?

Жүктілік немесе бала емізу себебімен орындалмай қалған оразаны өтеу мәселесінің төңірегіндегі келіспеушіліктерге байланысты көптеген мұсылман әйелдерін «Жүкті және емізулі әйелдер не істеуге міндетті?» деген сұрақ мазалайды. Олар ораза ұстауға міндетті ме әлде жоқ па, әрі олар оразаны қалдырған жағдайда оны толықтыруға тиісті ме?

Аллаһтың рұқсатымен, бұл сұрақтар барлық жақтардың дәлелдерін келтірген түрде қаралатын болады.

Жүкті және емізулі әйелдер қажеттілік болғанда оразасын тоқтата алатындығы туралы

Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: *«Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ сапардағыларды оразаның ауыртпалығынан және намаздың жартысынан, ал жүкті және емізулі әйелдерді оразаның ауырпалығынан босатты»*. Әт-Тирмизи 715, Абу Дауд 2408, ән-Нәсаи 2277. Имам Абу Иса әт-Тирмизи хадисті хасан деді, ал шейх әл-Әлбани оны сахих деп атады.

Жүкті және емізулі әйелдер өздері немесе балалары үшін қауіп сезінсе, оразасын тоқтата алады. Алайда егер олар ораза ұстай алса, онда оларға оразаны қалдыруға тыйым

салынады, өйткені Аллаһ Тағала: «... ал сендер үшін ораза ұстау жақсырақ, сендер білсеңдер еді!» , - деді («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

Ибраһим ән-Нәһа'и былай деп баяндаған: “Бірде бір әйел Әлқамаға келіп: «Мен жүктімін, бірақ ораза ұстай аламын, ал күйеуім ораза ұстауыма тыйым салады», - деп айтты. Сонда Әлқама оған: «Аллаһқа мойынсұн да, (осы мәселеде) күйеуіңді тыңдама!», - деді”. ‘Абдур-Раззақ № 7566.

Имам Ибн ‘Ақил былай деген: “Егер жүкті әйел жатырындағы нәресте үшін, және емізулі әйел баласы үшін қауіптенсе, онда олар ораза ұстамаулары керек, ал егер олар қауіптенбесе, онда оларға ораза ұстамауға тыйым салынады!” Қз.: “әл-Инсаф” 7/382.

Шейх Ибн ‘Усаймин былай деген: “Жүкті және емізулі әйелдерге қажеттілік болған жағдайдан басқа кезде ораза ұстамауға рұқсат етілмейді!” Қз.: “Фәтауа әс-сыям” 161.

Сөйтіп, жүкті және емізулі әйелдер, көпшіліктің ойлайтынындай, жай жүктілігі мен бала емізетіндігі себепті емес, баласы үшін не өзі үшін қауіптенген жағдайда ғана ораза ұстамауына болады.

Ескерту:

Егер жүкті әйел ұрығының басы немесе қолы сияқты дене мүшелері қалыптасу кезінде түсік тастап қойса, онда мұндай жағдай босанғаннан кейінгі қан келу ретінде қарастырылады да, осындай әйел ораза ұстамайды. Егер түсік тастау жүктіліктің ертерек кезеңінде (сексен күнге дейін) орын алса, онда әйел кісі истихада (яғни ауруға байланысты қан келу) жағдайында болып саналады да, ол оразасын қалдырмай ұстайды. Қз.: “Фатауа әл-Ләжна әд-даима” 10/224.

Жүктілік және бала емізу себебімен қалып қалған ораза күндері толықтырылады ма?

Осы мәселеге қатысты ғалымдардың арасында бес белгілі пікір бар, ал олардың дұрысы тек біреуі ғана, өйткені ақиқат біреу ғана, ал қарама-қайшы келіспеушіліктердің оған қатысы жоқ. Имам Мәлик былай дейтін: “Аллаһпен ант етемін, ақиқат біреу ғана, әрі екі өзара қарама-қайшы пікірдің екеуі де бірдей дұрыс болуы мүмкін емес!” Қз.: “Жәми’ул-баянил-‘илм” 2/82.

Барлық тараптардың пікірлерін жан-жақты қарап шығайық:

Бірінші пікір: жүкті және емізулі әйелдер оразаны толықтыруға әрі қалдырылған әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандыруға міндетті. Бұл Мәликтің, әш-Шәфи’идің және

Ахмадтың пікірі болатын. Қз.: “Тухфатул-ахуази” 3/402. Алайда кейбір шәфи’илер мен ханбалилер: *«Егер олар өздері үшін қауіптеніп ораза ұстамаған болса, онда кедейді тамақтандырусыз, жай қалып қалған ораза күндерін толықтырулары ғана қажет»*, - деп санаған. Қз.: “Сахих фикху-с-Сунна” 2/125.

Екінші пікір: Жүкті әйел қалып қалған ораза күндерін ғана толықтырады, ал емізулі әйел оразасын да толықтырады және әрбір қалдырған күні үшін бір кедейді тамақтандырады. Бұл имам Мәликтің және көптеген шафи’илердің пікірі. Қз.: «әл-Мәжму’» 6/273.

Алғашқы екі пікірдің Құранда да, Сүннетте де, сахабалардың біреуінің сөзінде де негізі жоқ. Имам Абу ‘Абдуллаһ әл-Мәррузи былай деп айтатын: *“Біз екі үкімді, яғни кедейді тамақтандыру мен оразаны толықтыруды біріктіру қажет екендігі туралы имам Мужаһидтен басқа ешкімнен сенімді түрде жеткізілетінін білмейміз”*. Қз.: “әл-Истизкар” 3/364.

Үшінші пікір: жүкті және емізулі әйелдер кедейлерді тамақтандырмай, қалып қалған ораза күндерін жай ғана толықтыруға міндетті. Бұл Әбу Ханифаның, әл-Әуза’идің, Суфьян әс-Сауридің, Абу Саурдың және Әбу ‘Убайданың пікірі. Қз.: “Бидаятул-мужтаһид” 1/446. Сондай-ақ бұл пікірді шейх Ибн Баз бен шейх Ибн ‘Усаймин де таңдаған. Олар Аллаһ Тағаланың шарифатындағы негіз – бұл әрбір мұсылман адамның ораза ұстауға міндетті екендігін, әрі осы (үкім) жүкті және емізулі әйелдерге де қатысты, өйткені олар үшін ешқандай ерекшелену жоқ екендігін айтқан. Әрі осыған орай жүкті және емізулі әйелдер де, орынды шарифи себеп бойынша ораза ұстай алмаған кез келген адам сияқты, қалдырған күндерін толықтыруға міндетті.

Сондай-ақ олар келесі қиястарды дәлел ретінде келтіреді: *«Ұлы және Құдіретті Аллаһ сапардағыларды оразадан және намаздардың жартысынан, ал жүкті және емізулі әйелдерді оразадан босатты»* деген хадис.

Олар: *«Жүкті және емізулі әйелдер хадисте сапардағы адаммен бір қатарда аталады, ал сапардағы адам қалдырылған оразаны толықтыруға міндетті»*, - дейді. Сондай-ақ олар жүкті және емізулі әйелдерді науқас адамдармен теңейді де: *«Өйткені науқас адам өзі үшін қауіптенгендігі себепті ораза ұстамайды, бірақ сонымен қоса ауруынан жазылғаннан кейін оразасын толықтыруға міндетті»*, - дейді.

Төртінші пікір: жүкті және емізулі әйелдер оразаны өтемейді және кедейлерді тамақтандырмайды. Бұл имам Ибн Хазмның пікірі, әрі оны шейх Хамад әл-Ансари де таңдаған. Қз.: “әл-Мухаллә” 6/263, “Тухфату әс-саил ‘ан саум әл-мурды’ уәл-хамил” 138.

Олардың пікірі Аллаһ Тағаланың шарифатында жүктілік және бала емізу себебімен ораза ұстамауға деген рұқсаттың бар болуына әрі Құранда да, Сүннетте де олар оразаны өтеуге тиістілігіне ешқандай нұсқау жоқ екендігіне негізделеді. Аллаһ Тағала тек бес санаттағы адамдарға оразаны өтеуді бұйырды, олар: сапардағы адам, науқас адам, әдейі құсығын шақырып құсқан адам, етеккірі және босанғаннан кейінгі қаны келген әйел. Осыны атап кеткен соң Ибн Хазм: *“Бірде-бір адам Құран мен Сүннетте тиісті мәтіні келмеген нәрселермен немесе сол туралы бірауызды келісім (ижма’) жоқ нәрселермен міндеттеуге құқықты емес!”*, - деді де, соңынан келесі аятты оқыды: **«Ал кім Аллаһтың шектерінен шықса, расында, ол өзіне қастық еткен болады»** (әт-Тәлақ 65: 1).

Бесінші пікір: оразасын жіберіп алған жүкті және емізулі әйелдер оны толықтыруға міндетті емес, олар әрбір қалдырған күні үшін бір кедейді тамақтандыруға тиісті. Бұл Ибн ‘Аббас пен и Ибн ‘Умардың пікірі болатын, сондай-ақ осы мәселеде оларға Са’ид ибн әл-Мусайиб, Са’ид ибн Жубайр, Қатада, Қасим ибн Мухаммад, Исхақ ибн Рахауайх, Сайд Сабиқ және әл-Әлбани ілесті. Қз.: “әл-Имам би ахками-с-сыям” 300-301, “Сахих фикху-с-Сунна” 2/125.

Ибн ‘Аббас **«Оразаға қиналып күші келетіндер міскінді тамақтандыруға тиісті»** деген («әл-Бақара» сүресі, 184) аятқа қатысты: *«Ол ораза ұстау бұйрығымен күші жойылған»*, - деп, кейін: *«Әрбір қалдырылған күн үшін кедейді тамақтандыру (үкімі) ораза ұстауға шамасы келмейтін шал-кемпірлер, сондай-ақ (балалары үшін қауіптенетін) жүкті және емізулі әйелдер үшін бекітілген»*, - деп қосты. Әл-Бәйһақи 4/230, Ибн әл-Жәруд 381. Сенімділігін имам ән-Науауи, шейх Ахмад Шәкир және шейх әл-Әлбани растаған.

Ибн ‘Аббас сондай-ақ былай деген: *“Егер жүкті әйел өзі үшін қауіптенсе, ал емізулі әйел баласы үшін қорықса, онда олар рамазан айындағы оразаны қалдырады да, әрбір қалдырылған күні үшін бір кедейді тамақтандырады, әрі олар оразасын толықтыруға тиісті емес”*. Әт-Табари 2758 және басқалар. Иснадының сенімділігін хафиз Ибн ‘Абдул-Барр “әл-Истизкарда” 3/364, Ибн Хәжар “әл-Маталибул-‘алияда” 1/258 және шейх әл-Әлбани “Ируа әл-ғалилде” 4/19 растаған.

Сондай-ақ Ибн ‘Аббастың жүкті әйелге: *“Сіз қиналып ораза ұстай алатындардансыз, сондықтан да сіздің мойныңызда толықтыру емес, кедейді тамақтандыру”*, - деп айтқаны да жеткізіледі. Әл-Баззар 1/365. Имам әд-Дарақутни және хафиз Ибн Хәжар сенімділігін растаған.

Бірде Ибн ‘Умар да жүкті әйеліне ораза ұстау қиын болып жатқанын көріп, оған: *“Оразаны қой, өйткені сен оны орындай алмайтындардансың. Сондықтан да әрбір күнің үшін кедейді тамақтандыр да, оразаңды толықтырмай-ақ қой”*, - деп айтқан екен. Нәфи’

Ибн ‘Умардың тура осыны өзінің жүкті қызына бұйырғаны туралы баяндаған. Әд-Дарақутни 2/207/10. Иснадының сенімділігін имам әд-Дарақутни және шейх әл-Әлбани растаған. Қз.: “Ируа әл-ғалил” 4/20.

Тура осыны табиғиндерден Са’ид ибн Жубайр және Қатада сынды атақты имамдар да айтып: *«Нәрестесі үшін қауіптенген жүкті әйел де ораза ұстамайды, әрі нәрестесі үшін қауіптенген емізулі әйел де ораза ұстамайды. Олар әрбір жіберіп алған күні үшін бір кедейді тамақтандыруға тиісті әрі олар оразасын толықтырмайды»*, - деген. ‘Абдур-Раззақ 7555, 7556.

Қорытынды

Көріп тұрғанымыздай, аталған бес пікірдің ішіндегі бесінші, яғни «жүкті және емізулі әйелдер оразаны толықтыруға тиісті емес және олар әрбір өткізіп алған күні үшін бір кедейді тамақтандырады» деген пікір ең күштісі әрі дәйектісі болып табылады.

Бұл пікір келесідей себептермен ең күшті пікір болады:

Біріншіден, ол Құранның түскеніне куә болған және оның мағынасын басқалардан жақсырақ білген сахабалардың пікірі болып табылады. Олардың арасында ол туралы Ибн Мәс’уд: *«Құранның ең жақсы тәпсіршісі – бұл Ибн ‘Аббас!»*, - деп айтқан Ибн ‘Аббас та бар. Эт-Табари 1/89. Иснады сахих.

Екіншіден, Ибн ‘Аббастан келтірілген «бекітілген» деген сөзде бұл оның жеке пікірі немесе оның Құранды түсінуі емес, ол мұны Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен білетіндігіне нұсқау бар, өйткені сахабалар дінде еш нәрсе орнатпаған. Қз.: “Ируа әл-ғалил” 4/38.

Үшіншіден, сахабалардан біреу аятты тәпсірлеуі және оның түсірілгенінің және күші жойылғанының себебі туралы айтуы осы нәрсе оның жеке пікірі емес, шарият бекіткен үкім екеніне нұсқайды, әрі хадистану ғылымында бұл ұстаным жақсы белгілі. Қз.: “Тадриб әр-рауи” 1/192, «‘Улюмул-хадис» 1/24.

Төртіншіден, тіпті бұл пікір тек Ибн ‘Умар мен Ибн ‘Аббастың пікірлеріне сүйенсе де, олардың пікірі басқаларға қарағанда ілесуге көбірек лайықты. Бұдан қалса, осыда оларға бір сахаба болса да қайшы келгені туралы сенімді деректер жоқ, ал сахабаларға Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа ешкімнің пікірін қарсы қоюға рұқсат етілмейді! Әһлю-Сунна имамдарының барлығы, солардың ішінде төрт имам да, «егер сахабалардың арасында белгілі бір мәселе бойынша екі пікір болған болса, онда бұл мәселе бойынша ешкімге үшінші пікірді енгізуге рұқсат етілмейді»

дегенге келіскен. Сол сияқты, егер сахабалар бір мәселеде біріккен болса, оларға қайшы келуге болмайды. Қз.: “әр-Рисалә” 595, “әл-Ихкам” 4/561, “әл-Усул” 1/318.

Бірде Са’ид ибн әл-Мусайибқа белгілі бір мәселе бойынша оның пікірі қандай екендігі туралы сұрақ қойылғанда, ол: «Бұл мәселеде Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары әртүрлі пікірде болатын, әрі олардың арасында менің пікіріме орын болмау керек!», - деп жауап берді. Ибн ‘Абдул-Барр “Жәми’ул-баянил-‘илмде” 1423.

Сондай-ақ егер бір сахабаның сөзі немесе амалы оның ижтиһадының салдары болмаса және сахабалардан өзге біреу осыда оған қайшы пікір айтқаны белгісіз болса, онда бұл қабылдануға тиіс шариғи дәлел болады, әрі «ижма’у сукути» деп аталады! Осы ережеге қатысты аш`арилер, му`тазилер, пәлсапашылар және кейбір шектен шыққан ханафилер сияқты ақиқаттан ауытқыған адамдардан басқа барлық табиғиндер мен имамдар бірауызды келісімде болған. Қз.: “әл-Ихкам” 4/120, “ат-Тахсыл” 2/319.

Имам Абу Ханифа: “Егер мен Аллаһтың Кітабына қайшы келетін бір нәрсе айтсам, менің сөздерімді тастаңдар да, Аллаһтың Кітабына ілесіңдер”, - дейтін Одан: “Ал егер олар Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан сөзіне қайшы келсе ше?”, - деп сұрады. Ол: “Менің сөздерімді тастаңдар да, Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисіне ілесіңдер”, - деп жауап берді. Одан тағы да: “Ал егер олар оның сахабаларының сөздеріне қайшы келсе ше?”, - деп сұрады. Ол: “Менің сөздерімді тастаңдар да, сахабалардың сөздеріне ілесіңдер”, - деді. Қз.: имам әл-Бәйһақи “әл-Мәдхал илә-с-Сунанил-кубра” 203-204 және “Фатхул-Мәжид” 241.

Ибн Мәс’уд былай дейтін: “Өз дінінде адамдарға еліктеме, бірақ осылай істеуіңе тура келсе, онда тірілерге емес, қайтыс болғандарға (яғни сахабаларға) елікте!” әл-Хатыб 1/438, әл-Ләләкаи 131. Иснады хасан.

Кейбір күмәндарды түсіндіру

Үшінші пікірге және жүкті немесе емізулі әйелді сапардағы неме ауру адаммен қияс жасауға жауап: біріншіден, сапардағы және ауру адамдардың оразаны өтейтініне Аллаһ Тағаланың Өзі: «**Ал біреу науқас, не сапарда болса, басқа күндерде оразасының санын толтырсын**», – деп нұсқаған («әл-Бақара» сүресі, 185-аят). Алайда емізулі және жүкті әйел оразаларын өтеу керек дегенге Құранда да, Сүннетте де ешқандай нұсқау жоқ.

Екіншіден, «хадисте жүкті және емізулі әйелдер сапардағы адаммен бір қатарда аталған және осыдан олардың да оразаларын өтеу керектігіне қияс келіп шығады» деген дәлелге қатысты айтар болсақ, онда мұндай қиястың дұрыстығы күмәнді-ақ. Бұл хадисте жүкті

және емізулі әйел сапардағы адаммен бір қатарда аталғандығының мағынасы осы адамдар ораза ұстаудан босатылатынында ғана. Бірақ тіпті осы хадистен бір жақтан сапардағы адаммен ал екінші жақтан жүкті немесе емізулі әйелмен қияс жасасақ та, онда былай айтуға болады: «Сапарда намаздарын екі ракағаттан қысқартып оқитын жолаушы сапардан оралған соң осы қысқартқан намаздарын қайта толықтыруға міндетті емес қой. Тура сол сияқты: «Сапардағы адамды хадисте жүкті және емізулі әйелмен бір қатарда атау олардың барлығы бірдей оразаларын толықтыруға міндетті екендігін білдірмейді», - деп айтуға болады». Қз.: “Ахкаму-н-ниса” 37, “Сахих фиқһу-с-Сунна” 2/125.

Төртінші, яғни «жүкті және емізулі әйелдер оразаны да толықтырмайды және кедейді де тамақтандырмайды» деген пікірге жауап: бұл пікірді, егер сахабалардан оған қарама-қайшы келетін басқа нұсқау болмағанда, қабылдауға болар еді. Олардың жүкті және емізулі әйелдің кедейді тамақтандыруы және оразаны толықтырмауы туралы жеткізген нәрселері – бұл жай олардың пікірі ғана емес, олар «марфу’», яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінен жеткізілетін сөздердің үкіміне ие.

Әрі қарай, кейбір ғалымдар «Ибн ‘Аббас **«Ал қиналып ораза ұстай алатындар кедейді тамақтандырулары керек»** деген («әл-Бақара» сүресі, 184) аяттың күші жойылмаған деп санап, басқаларға қайшы келді», - деп айтады.

Іс жүзінде Аллаһ Тағала оразаны мұсылмандарға әмір еткенде, Ол: **«Ал қиналып ораза ұстай алатындар кедейді тамақтандырулары керек»** («әл-Бақара» сүресі, 184-аят), - деп, оларға не ораза ұстауға, не қалдырылған әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандыруға рұқсат етті.

Ораза (алғашында) мұсылмандар үшін әдеттенбеген жат нәрсе еді әрі сондықтан да ерекше Рахымды Аллаһ бұлтартпас бұйрықтың орнына өз құлдарына ораза ұстау мен кедейді тамақтандырудың арасында таңдау мүмкіншілігін берді. Кейіннен Аллаһ: **«Ал ораза ұстау сендер үшін жақсырақ, егер білсеңдер!»** - және: **«Кім осы айға жолықса, ораза ұстауы керек!»** («әл-Бақара» сүресі, 184, 185-аяттар), - деп, ораза ұстай алатынның әрбірін ораза ұстаумен міндеттеді.

Бұл туралы деректер Ибн ‘Умар, Му‘аз және Зайд ибн Әслам сынды көптеген сахабалардың хадистерінде жеткізілген. Қз.: “Сыфату-ссаум ән-наби” 82.

Алайда істің мәні Ибн ‘Аббасқа да осы аяттың күші жойылғандығы белгілі болғанында болып тұр. Ол былай дейтін: *“Кедейді тамақтандыру туралы айтар болсақ, онда ол **«Кім осы айға жолықса, ораза ұстауы керек!»** («әл-Бақара» сүресі, 185-аят), деген аятпен күші жойылған. Алайда ораза ұстай алмайтын қарт әйел мен қарт еркекке, сондай-ақ (балалары)*

үшін қауіптенетін жүкті және емізулі әйелдер үшін әрбір қалдырылған күні үшін бір кедейді тамақтандыру бекітілді". Әл-Бәйһақи 4/230, Ибн әл-Жәруд 381. Сенімділігін имам ән-Науауи, шейх Ахмад Шәкир және шейх әл-Әлбани растаған.

Сөйтіп бізге Ибн 'Аббаспен өзге сахабалардың арасында кедейді тамақтандыру туралы аяттың күші жойылғандығына қатысты ешқандай келіспеушіліктер болмағаны айқын болды, әрі біз оған бұл нәрселер басқаларға белгілі болғандай белгілі болғандығын да көріп тұрмыз. Алайда, сонымен бірге, ол жалпы ережеден тыс ерекшелеуге, яғни дәл қандай санаттағы адамдар үшін бұл аяттың күші жойылмағанына нұсқады.

Сондай-ақ бұл Му'аз ибн Жәбалдің былай деп баяндаған хадисімен расталады: *"Оразаға қатысты айтар болсақ, Аллаһтың Елшісі (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға (көшіп) келген соң әр айда үш күн және Ашура күні ораза ұстайтын. Кейін Аллаһ: «Әй, иман келтіргендер! Сендерден бұрыңғыларға ораза парыз етілгендей, сендерге де ол парыз етілді – әрине, тақуа боласыңдар»* (әл-Бақара 2:183), - деп, *оган Рамазан айының оразасын парыз етті. Кейін Аллаһ «Рамазан айында адам баласына тура жол және (ақиқат пен жалғанды) ажырататын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын»* («әл-Бақара» сүресі, 185-аят) деген басқа аятты түсірді. *Әрі Аллаһ сау адам үшін оразаны бекітті де, сапардағы және науқас адам үшін жеңілдік жасады. Әрі Ол ораза ұстай алмайтын қарт адам үшін кедейді тамақтандыруды бекітті".* Абу Дауд 507, Ахмад 5/246. Хадис сенімді. Қз.: "Ируа әл-ғалил" 4/20.

Біз Му'аздың да ораза ұстау туралы жалпы бұйрықтың құрамынан қарт адамды шығарып жатқанын көрудеміз. Ал ораза ұстауға шамасы келмейтін кәрі адам ораза ұстамайтыны әрі әрбір ораза күні үшін бір кедейді тамақтандыратыны туралы ғалымдар арасында ешқандай келіспеушіліктер жоқ. Тура соны жүкті және емізулі әйелдерге де жатқызуға болады, өйткені олардың жалпы ережеден тыс шығарылатыны туралы Ибн 'Аббас айтқан. Осы аяттың күші жойылғандығы туралы хабар жеткізілетін Ибн 'Умар да жүкті және емізулі әйелдер оразаны толықтырмай, кедейді тамақтандыруы керек екендігін айтқан.

Сахабалардан жеткен осы аяттардан шыға келе, біз кедейлерді тамақтандыру туралы аяттардың күші жойылғандығын көрудеміз, алайда олар ораза ұстауға шамасы келмейтін кәрі кісіге, жүкті және емізулі әйелдерге қатысты өз күшін жоймаған. Сахабалардан жеткен, оразаны толықтыруды кедейді тамақтандырумен ауыстыруды рұқсат ететін аяттың күші жойылғандығы туралы деректер жалпылама болып табылады, ал кәрі кісі, жүкті және емізулі әйелдер туралы хабарлар жалпы бұйрықты нақтылайды және жалпы бұйрықтан ерекшелеу жасайды. Имам әл-Қуртуби былай деген: *"Ибн*

‘Аббастан (кедейді тамақтандыру туралы) бұл аяттың күші жоғарыда аталған санаттағы адамдарға (қарт адам, жүкті және емізулі әйел) қатысты жойылмағандығы жеткізіледі. Әрі бұл аяттың күші жойылғандығы туралы пікір де дұрыс. Алайда бұл жерде ерекшеленуі бар аяттың күші жойылуы туралы айтылуда”. Қз.: “Тафсир әл-Қуртуби” 2/126.

Жалпы үкімнен осы ерекшеленуді шығаруды сахабалардан ешкім Сүннетке сүйенбей жасай алмайтын еді, әрі бұл ереже шарифатта жақсы белгілі. Қз.: “әл-И’ләм” 1/35, “әл-Мууафақат” 3/118.

Қалайша Ибн ‘Умар мен Ибн ‘Аббас басқа сахабалар сияқты осы аяттың күші жойылғандығын біле тұра, жүкті және емізулі әйелдерге: *“Сіздер «қиналып ораза ұстайтындар» қатарына жатасыңдар”,* - деп айтты екен!? Тек Сүннетте ораза ұстауға қиналатын кәрі кісі үшін ерекшелену келгендей, жүкті және емізулі әйелдер үшін де ерекшелену келгендігі себепті ғана!

Осы мәселеге қатысты тағы бір күмән – бұл сахабалар арасында осы мәселе бойынша келіспеушілік болғанын айтатын ғалымдардың сөздері. Осы орайда олар имам әл-Жәсастың өз тәпсірінде: *“Сәләфтар бұл мәселеде үш пікірге бөлінген. ‘Али: «Жүкті және емізулі әйел оразаны өтеуге міндетті, әрі олар кедейді тамақтандыруға тиісті емес»,* - деген. Ибн ‘Аббас: *«Олар өтеуге тиіс емес, бірақ кедейді тамақтандыруы керек»,* - деп айтқан. (Ал) Ибн ‘Умар былай деген: *«Олар кедейді де тамақтандыруы, оразаны да толықтыруы (өтеуі) қажет!»*”, - деп айтқанын дәлел ретінде келтіреді.

Алайда имам бұл хабарлардың иснадтарын (жеткізушілер тізбектерін) атамай кеткен. Ибн ‘Умардың жүкті және емізулі әйелдер оразаны да өтеуге, кедейді де тамақтандыруға тиісті деп санаған иснады бар хабары бар, бірақ одан жеткен бұл иснадтар сенімсіз. Ал одан сенімді түрде жеткізілетіні - олар оразаны өтеуге тиіс емес, әрі әрбір қалдырылған күні үшін бір кедейді тамақтандыруы керек екендігі. Қз.: “әл-Истизкар” 3/365.

Ал ‘Алиден жеткен иснады бар хабарлар мүлде жоқ. Бірақ тіпті ‘Алиден жеткен *«Жүкті және емізулі әйелдер оразаны өтеулері керек, әрі олар кедейді тамақтандыруға тиісті емес»* деген хабар сенімді болғанда да, оған Ибн ‘Аббастан жеткен марфу` үкіміне ие хабардың және «бекітілген» деген сөздердің алдында басымдық берілмейді. Ал іс жүзінде, бұл туралы имам Ибн Қудама хабарлағандай, сахабалардан біреу болса да осы мәселеде Ибн ‘Аббасқа және Ибн ‘Умарға қайшы келгені мүлде белгісіз. Қз.: “әл-Муғни” 3/21.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылап, Ибн ‘Аббастан және Ибн ‘Умардан жеткен жүкті және емізулі әйелдер кедейлерді тамақтандыратындығы туралы айтылған хабар марфу` (яғни Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізілетінен

хабар) үкіміне ие екенін тағы да бір рет айтып кеткен жөн. Әрі мухаддис ғалымдардың арасында Құранды тәпсірлеуде жалпы үкімнен ерекшелуге нұсқайтын сахабалардан жеткен осындай хабарлар олардың жеке пікірлері емес екендігіне келіспеушіліктер жоқ. Осы дәлелдерге қияс та, ижтиһадқа сүйенетін ғалымдардың сөздері де тең дәрежеде қарсы тұра алмайтынына еш күмән жоқ.

Бұл пікір барлық пікірлердің арасындағы ең дәйектісі және әділеттісі.

Кедейді немен тамақтандыру керек?

Кәрі адам, жүкті және емізулі әйелдер кедейді тамақтандыру мәселесінде бірдей. Олар қалдырған әрбір ораза күні үшін бір кедейді жарты са` немесе бір мұдд мөлшердегі тамақпен тамантандыруға міндетті, ал бұл шамамен 1,5 кг. тамаққа сәйкес келеді.

Ибн `Аббас: *“Кәрі адам ораза ұстай алмаса, ол әрбір күні үшін бір кедейді бір мұдд⁵ тамақпен тамақтандырады”,* - басқа риуатта, - *“Жарты са⁶ бидаймен”,* - деп айтқан. Әд-Дарақутни 1/249, имам әд-Дарақутни және әл-Әлбани сенімділігін растаған. Қз.: *“Ируа әл-ғалил”* 4/18.

Мәликтен Нафи' Ибн 'Умардың баласы үшін қауіптенетін жүкті әйелдің оразасы туралы сұраққа: *“Ол ораза ұстамайды, әрі әрбір күні үшін кедейді бір мұдд бидаймен тамақтандырады”,* - деп жауап бергені жеткізіледі. Әл-Бәйһақи 4/230. Иснады сенімді.

“Әнас қартайған және ораза ұстауға шамасы келмейтін шағында сарид дайындап, отыз кедейді шақырып, олардың барлығын тамақтандырған», - деп хабарланады. Әд-Дарақутни 2/207. Иснады сахих.

Имам әл-Бухари былай деген: *“Егер қарт адам ораза ұстауға шамасы келмесе, онда ол кедейді тамақтандырады, мұны қартайған шағында әр ораза күні үшін кедейді ет және нанмен тамақтандырған Әнас істегендей ”.* Қз.: *“Сахих әл-Бухари”* 2/345.

Сөйтіп кедейлерге кез келген тамақ таратуға рұқсат етіледі. Сондай-ақ бір кедейге бір күндік те, одан көбірек күндерге өтеу болатын тамақты берсе болады. Кедейлерді рамазан айының басында да, ортасында да, немесе соңында да тамақтандыруға болады. Қз.: *“Фатауа Ибн Баз”* 15/203.

Ал егер адамда кедейді тамақтыру мүмкіншілігі болмаса, онда оның мойнынан мұндай міндеттеме түседі. Имам Ибн Қудама былай деп айтатын: *“Егер қарт ер немесе әйел кедейді*

⁵ Бір мұдд – орташа адамның қос алақанына сиятын көлем (қз.: *“Маусу'атул-фиқһия”* 3/163).

⁶ Бір са` төрт мұддқа тең (қз.: *“Маусу'атул-фиқһия”* 3/163).

тамақтандыра алмаса, онда олар еш нәрсе істеуге тиісті емес, өйткені «**Аллаһ адамға оның шамасынан тыс нәрсені жүктемейді**» («әл-Бақара» сүресі, 286-аят)". Қз.: "әл-Муғни" 4/396.

Тура осы қалдырылған оразасы үшін кедейді тамақтандыра алмайтын жүкті әйелдерге де, емізулі әйелдерге де қатысты.

Тамақтың орнына ақша беруге болмайды!

Бұл үкім тек азық-түлікпен төлененуге тиісті зәкат әл-фитрдің үкіміндей.

Шейх Салих әл-Фаузан былай деген: *"Кедейді осы мекенде тұтынатын тамақтың жарты са` мөлшерімен тамақтандыру қажет, ал жарты са` - бұл орташа есеппен бір жарым килограмм. Кедейді дәл тамақпен тамақтандыру керек, әрі оған ақшалай бермеу керек, өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «**Оразаға қиналып күші келетіндер міскінді тамақтандыруға тиісті**» («әл-Бақара» сүресі, 184-аят). Әрі Құранның мәтіні дәл тамақтың өзіне нұсқайды". Қз.: "әл-Фатауа әл-Фаузан" 3/140.*

Сәресі (сүһур) мен ауызашар (ифтар) әдептері

Сүһур (сәресі)

Сүһурдың маңыздылығы мен артықшылығы

Әрбір мұсылман түннің соңғы бөлігінде ораза ұстауға ниет етіп, сәресін жеп-ішкені жөн. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«**Таң атпастан бұрын тамақтаныңдар, өйткені сүһурда (сәресінде) береке бар!**»*, — деген (әл-Бухари 1923, Муслим 1095).

Сүһурдың артықшылығы жайында Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«**Расында, Аллаһ және Оның періштелері сүһур жасайтындарға салауат айтады**»* (Ахмад 3/12. Шейх әл-Әлбани хадисті хасан деген).

Сүһур – бұл сондай-ақ мұсылмандардың оразасы мен христиандар және яһудилердің оразаларының арасындағы бір айырмашылық. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«**Ақиқатында, біздің ораза мен Кітап иелерінің оразасынан айырмашылығы — сүһур**»* (Муслим 2/770).

Сүһурдың маңыздылығы туралы көптеген сахих хадистерде айтылған. Ибн `Амр, Абу Са`ид және Әнастан жеткен хадисте Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын): «*Бір жұтым сумен болса да суһур жасаңдар*», - деп айтқаны хабарланады (Ахмад, Әбу Я'ла, Ибн Хиббан. Хадис сенімді. Қараңыз «Сахих әл-жәми'» 2945).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Расында, суһурда игілік бар, сондықтан оны қалдырмаңдар*», — деген (Ахмад 11003. Хадис хасан. Қараңыз «Сахих әл-жәми'» 3683).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деген: «*Мүминнің ең жақсы суһуры – бұл құрма*» (Әбу Дауд. Хадис сахих. Қараңыз “Сахих әт-тарғиб” 1/448).

Суһурдың уақыты

Суһурдың уақыты таң атуға жақын қалғанда басталады. Егер адам таң атпастан бірнеше сағат бұрын немесе ұйқыға жатар алдында тамақтанса, онда бұл суһур болып саналмайды (Қараңыз: “әл-Маусу'атул-фиқһия” 3/269).

Суһурды түннің ақырғы бөлігіне дейін қалдыру, тіпті дәл таң намазының алдында тамақтану абзал. Ибн Аббас: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Бізге, пайғамбарларға ауызды ертерек ашып, суһурды кешірек жасау әмір етілген*», — дегенін естідім», - деп баяндайтын (Ибн Хиббан, әт-Табарани, әд-Дыя. Хадис сахих. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-сахиха” 4/376).

Ибн `Аббас Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: «*Таң екі түрлі болады: таң намазын оқуға рұқсат етілетін бірақ тамақтануға тыйым салынатын таң, әрі таң намазын оқуға тыйым салынатын, бірақ тамақтануға рұқсат етілетін таң*» (Ибн Хузайма, әл-Хаким, әл-Бәйһақи. Хадистің сенімділігін имам Ибн Хузәйма, әл-Хаким және шейх әл-Әлбани растаған. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-сахиха” 693).

Адам таң ата бастағанына анық көзі жеткенше тамақтана беруіне рұқсат етіледі. Аллаһ Тағала былай деді: «*Таңның ақ жібі мен қара жібін ажырата алғандарыңша жеңдер және ішіңдер*» («әл-Бақара» сүресі, 187-аят).

Ибн `Аббас: «*(Таң атуына қатысты) күдіктерің жойылмайынша Аллаһ сендерге жеп-ішуге рұқсат етті*», - деген ('Абду-р-Раззақ, хафиз Ибн Хәжар иснадын сахих деп атаған. Қараңыз: “Фатхул-Бәри” 4/135).

Осындай пікірді шейхул-Ислам Ибн Таймийя да ұстанған (Қараңыз: “Мәжму'ул-фәтауа” 29/263).

«Ішіп-жеуді, қателесуден аулақ болу үшін, таң атудан бұрын, мысалы, таң атуға он минут қалғанда тоқтату керек» деген тұжырым – бидғат (дінге енгізілген жаңалық) болып табылады. Кейбір ораза кестелерінде таң намазының уақыты кіретін уақыттан бөлек жасалған қосымша «имсак» (яғни, ішіп-жеуді тоқтату уақыты) деп аталатын бағананы (графаны) көруге болады. Бұның ешқандай (шариғи) негізі жоқ, бұған қоса ол сахих хадистерге қайшы келеді. Абу Һурайрадан жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: **«Кімде-кім азан естіген сәтте қолында (асы бар) ыдысы болса, ол (асын) жеп болмайынша оны қоймасын»** (Әбу Дауд 1/549, Ахмад 2/423, әл-Хаким 1/426, әл-Бәйһақи 4/218, әд-Дарақутни 2/165. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, шейхул-Ислам Ибн Таймийя және шейх әл-Әлбани растаған. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-сахиха” 1394).

Осы хадисте азан кірген уақытқа дейін тамақтанудан қорқып, таң намазынан 15-20 минут бұрын бекітілетін имсак уақыты дінге енгізілген жаңалық (бидғат) болып табылатындығына нұсқау бар (Қараңыз: «Тәмамул-минна» 418).

Бұл хадис көптеген сенімді деректермен бекітіледі. Абу Умама былай деп айтқан: *«Бірде, намазға азан шақырылып жатқанда, ʻУмардың қолында кесесі болатын. Сонда ол Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа, Аллаһтың елшісі, мынаны ішіп қояйын ба?»,- деп сұрады. Ол: «Ия, ішіп қой!», — деді»* (Ибн Жәрир әт-Табари 3017. Хадистің иснады жақсы).

Әбу Зубайр былай деп баяндайтын: *«Мен Жәбирден: «Ораза ұстағысы келетін адам, азан айтылып жатқанда қолында сусыны бар кесемен не істеуі қажет?», — деп сұрадым. Ол маған былай деді: «Біз де Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдында осы туралы сөз қозғаған едік, сонда ол: «**Ише берсін**», — деп жауап берді»* (Ахмад 3/348. Хафиз әл-Хайсами хадистің иснадын хасан деген. Қараңыз: “Мәжму’у-з-Зәуaid” 3/153).

Шейх әл-Әлбани былай деген: *«Хадистегі «Сендерден кім азан естісе» деген сөздер, екінші азанды меңзеп тұр. Бұл оны имсак (тамақтан бас тарту) азаны деп қате аталатын азан емес мүлде. Біз бірінші азанды «имсак азаны» деп атауға Сүннетте ешқандай негіз жоқ екенін білуіміз керек».*

Ибн Мас’удтың сөздерінен Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: **«Билалдің түнде шақыратын азаны сендерге таң атудың алдында тамақтануға кедергі болмасын. Өйткені ол азан сөздерін таң намазының уақыты кіргенін хабарлау үшін емес, бірақ араларында ұйықтамай жатқандарыңның көңілін аудару және ұйықтап жатқандарыңды ояту үшін айтады»** (әл-Бухари 621, Муслим 2/768).

Хадистің басқа нұсқасында былай айтылған: *«Сондықтан Ибн Умм Мәктум азан айтқанға дейін жеңдер және ишіңдер!»* Ибн Умм Мәктум «осы сәттен бастап тамақтануға тыйым салынады әрі таң намазының уақыты кірді» дегенді білдіретін екінші азан айтатын еді. Бірақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда да (қолында тамағы бар адамдарға) ерекшелеу жасап: *«Кімде-кім азан естіген сәтте қолында (асы бар) ыдысы болса, ол (асын) жеп болмайынша оны қоймасын»*, — деді.

Шейх әл-Әлбани сондай-ақ былай деді: *«Кейбір адамдардың «Егер адам екінші азанды естіп тұрса әрі оның ауызында тамақ болса, онда ол оны түкіріп тастау керек» деген сөздері фикһ тарапынан айыпты саналады және Сүннетке де қарсы. Бұл Аллаһ пен: «Дінде шектен шығушылық жасаудан (гулю) аулақ болыңдар. Расында, сендерден бұрынғыларды діндерінде шектен шығушылық жасағандары опатқа ұшыратты»* (ән-Нәсаи 2/49, Ибн Мәжаһ 2/242. Хадистің сенімділігін әл-Хақим, аз-Зәһаби, ән-Науауи, Ибн Таймийя растады), — деп айтқан Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салған шектен тыс қаталдық, асыра сілтеушілік және шектен шығушылық болып табылады».

Ибн `Умардан жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: *«Расында, Аллаһ Тағала Оның тыйымдарын бұзғанды қалай жек көретін болса, тура солай Ол Өзінің жеңілдіктерін қабылдағанды жақсы көреді»* (Ахмад 2/108, Ибн Хиббан 2742, әл-Қада'и 1078. Хадис сахих. Қараңыз: "Сахих әт-тәрғиб" 1059).

Ифтар (ауызашар)

Жәбир былай баяндайтын: "Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ақиқатында, Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың әрбір ауызашар кезінде Оттан босататын (құлдары) бар. Әрі бұл әрбір түн сайын орын алады!»*" (Ибн Мәжаһ 1643, Ибн Хузайма 1883. Шейх әл-Әлбани сенімділігін растаған).

Оразаны қашан тоқтату керек?

`Умар ибн әл-Хаттабан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Егер түн мына жақтан пайда болса, — деп, шығысқа сілтеп, - Ал күндіз мына жаққа кетсе, — деп, батысқа қарай сілтегені, - Және күн батқан кезде ораза ұстаушылардың оразасы тоқтатылады»*, — деп айтқаны жеткізіледі (әл-Бухари 1954, Муслим 1100).

Сондай-ақ бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының біріне ауызашарға тамақ әзірлеуді бұйырғанда, ол: *«Уа, Аллаһтың елшісі, бірақ әлі күндіз ғой»*, — деп айтқаны жеткізіледі. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған жауап бермей, тағы да ас әзірлеуді бұйырды. Осы хадистің жеткізушісі: *«Біз*

оразаларымызды тоқтанқанда, алдымызда күндізгі жарықты көретін едік, — деп айтты да, сосын - Егер де арамыздағы біреу өз түйесіне мінгенде, күнді көретін еді», — деп қосты (әл-Бухари 1955).

Шейхул-Ислам ибн Таймийя былай деген: *«Күннің шарасы толығымен жоғалған бойда, ауыз бекіткен адам, көкжиекте қалған қызыл шапаққа көңіл бөлмей, оразасын тоқтата беруі қажет»* (“Мәжму’ул-фәтауа” 25/216).

Немесе мағриб (ақшам) намазына азан шақырған кезде-ақ ораза тұтушы адам ауызын ашуы керек. Ал азаншының өзі туралы айтатын болсақ, онда ол намаз уақыттарын және оларды анықтауды жақсы меңгеріп алуы тиіс, өйткені оның жауапкершілігі өте үлкен.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Муәзіндер (азаншылар) – бұл мұсылмандардың ифтары (ауызашары) мен суһурын (сәресін) қорғайтындар», — деген (әт-Табарани. Хафиз әл-Хайсами, имам әс-Суюты және шейх әл-Әлбани хадисті хасан деп атаған. Қараңыз: «Сахих әл-жәми’» 6647).*

Ауызашарға асығудың қажеттілігі жайында

Жоғарыда айтылғандардың барлығы осы бөлімге де қатысты. Сәһл ибн Са`дтан жеткен хадисте сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: *«Адамдар ауызашарларына асыққандарына дейін игілікте болады»* (әл-Бухари 1957, Муслим 1092).

Абу Һурайрадан жеткен хадисте Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені айтылған: *«Адамдар ауызашарларына асыққандарынша дін ашық (айқын) болады, өйткені яһудилер мен христиандар оны кейінге қалдырады (кешіктіреді)»* (Әбу Дауд, ән-Нәсаи, әл-Хаким. Хадис хасан. Қараңыз: «Сахих әл-жәми’» 7689).

‘Амр ибн Маймун былай деп баяндайтын: *«Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары ауызашарға басқалардан көбірек асығатын әрі суһурларын кейінге қалдыратын»* (‘Абдур-Раззақ, Хафиз Ибн Абдул-Барр иснадын сахих деп атаған. Қараңыз: “Фатхул-Бәри” 4/199).

Егер ауызы берік адам ифтар жасау үшін ештеңе таппаса, оразасын ниетімен тоқтатуы тиіс.

Немен әрі қалай ауыз ашу керек?

Сүннет бойынша ауызашарды жаңа піскен немесе құрғақ құрмалармен немесе сумен бастаған абзал. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Сендерден біреу ауыз ашатын болса, құрмамен ауызын ашсын, ал егер ол құрма таппаса, онда сумен ифтар жасасын, өйткені, расында, ол тазартады»* (Әбу Дауд 2355, әт-Тирмизи 658, Ибн Мәжаһ 1699. Хадистің сенімділігін Әбу Хәтим, Әбу Иса әт-Тирмизи, Ибн Хузайма, Ибн Хиббан, әл-Хақим, әз-Зәһаби растаған).

Ауызды мағриб (ақшам) намазына азан шақырылған бойда бірден, осы намазды орындаудан бұрын ашу керек, мұны Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылай істейтіні сияқты. Әнас ибн Мәлик былай деп баяндайтын: *«Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза кезінде сумен болса да ауызын ашпастан ақшам намазын оқығанын ешқашан көрген емеспін»* (Әбу Я'лә, Ибн Хузайма. Шейх әл-Әлбани сенімділігін растаған. Қараңыз: "Сахих әт-тарғиб" 1076).

Ифтар (ауызашар) алдында Аллаһқа дұға ету керек

‘Абдуллаһ ибн ‘Амрдан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Расында, ораза ұстаушының ауызашар алдында жасаған дұғасы қайтарылмайды»* (Ибн Мәжаһ 1753, әл-Хақим 1/422. Хафиз Ибн Хәжар, әл-Бусайри және Ахмад Шакир хадистің сенімділігін растаған).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауызын ашқан соң былай деп айтатын еді: *«Шөл басылды, тамырлар нәрге толды, Аллаһ қаласа, сауап та бізді күтіп тұр»* (Әбу Дауд 2357, әл-Бәйһақи 4/239. Хадистің сенімділігін әд-Дәрақутни, әл-Хақим, әз-Зәһаби, әл-Әлбани растаған).

ذهب الظمأ وابتلت العروق وثبت الاجر إن شاء الله

/Зәһаба ззома-у уәбталләтил-‘уруқ, уә сәбәтал-әжру ин-шә-Аллаһ/.

Айтпақшы, бұл Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауызашар кезінде айтқан дұғасы туралы айтылған жалғыз сенімді хадис болып табылады.

Қадір түні (Ләйләтул-Қадр)

Қадір түнінің ұлықтығы мен артықшылығы жайында

Аллаһ Тағала былай деді: *«Негізінен оны (Құранды) Қадір түнінде түсірдік. (Мухаммад) Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні мың айдан қайырлы. Періштелер және рух (Жебірейіл) ол кеште Раббыларының руқсаты бойынша*

барлық іс үшін түседі. Ол бейбітшілік кеші таң рауандағанға дейін жалғасады» («Ләйләтул-Қадр» сүресі, 1-5 аяттар).

Аллаһ Тағала былай деді: **«Айқын Кітаппен ант! Шын мәнінде оны құтты бір кеште түсірдік. Расында, Біз ескертушіміз. Ол кеште Біздің бұйрығымызбен барлық хикметті істер шешіледі»** («ад-Духан» сүресі, 2-5 аяттар).

Қатада: *«Бұл түнде келесі жылдың амалдары тағдырға жазылады»,* - деді («Тафсир әт-Табари» 25/65).

Ибн `Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: *«Аллаһ Тағала Қадір түні Құранды толығымен және бірден “Сақтаулы Тақтадан” (Ләухул-Махфуз) “Ұлылық үйі” деп аталатын көктің астыңғы қабатындағы орынға түсірді. Ол жұлдыздар бататын жерде орналасқан еді. Ал бұдан кейін Аллаһ Құранды Өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбрейіл періште арқылы бөлек-бөлек (түрлі жағдайларға байланысты) жиырма үш жыл бойы түсірді»* (Қараңыз: “Тафсир әт-Табари” 2/144, “әл-Мустадрак” әл-Хаким 2/530 және “Тафсир Ибн Касир” 4/685. Хабардың сенімділігін имам әл-Хаким, хафиз Ибн Хәжар, шейх әл-Әлбани мен шейх `Абдул-Қадир әл-Арнаут растаған).

Шейх әл-Әлбани былай деді: *«Ғалымдардың айтуынша, Ибн `Аббас бұл сөздерді өз атынан айтуы мүмкін емес. Ол мұны Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) естіген, өйткені сахабалар ғайып (көмес, жасырын) істер жайында өз атынан айтпайтын»* (Тыңдаңыз: “Силсиләтул-Һуда уә-н-нур” № 410).

Әнас ибн Мәлик былай деп айтқан: *«Рамазан кіргенде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Расында, сендерге бұл ай келді! Онда мың айдан да қайырлы бір түн бар. Сонда кім ол түннен мақрұм қалса, оның барлық игілігінен мақрұм қалады. Ал оның барлық игілігінен тек нағыз мақрұм болған адам ғана айырылып қалады!”*, - деп айтты» (Ибн Мәжаһ 1/289. Хадистің сенімділігін хафиз әл-Мунзири және шейх әл-Әлбани растаған. Қараңыз “әс-Силсилә әс-сахиха” 1307).

Қадір түні өзінің осындай атауын Ұлы Аллаһтың алдындағы алатын ұлы орны мен басқа күндер мен түндердің алдындағы артықшылығы себепті, сондай-ақ бұл түні адамдардың өмір мерзімі мен несібелері, сондай-ақ жыл бойы орын алатын нәрселер тағдырға жазылатындығы себепті алды (қараңыз: “Тайсирул-Карими-р-Рахман” 1017).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Шын мәнінде, Қадір түні жер бетінде періштелер ұсақ тастардан да көп болады»** (әт-Таялиси 2545, Ибн Хузайма 2/223. Шейх әл-Әлбани хадисті хасан деген. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-сахиха” 2205).

Қадір түні – сөзсіз ең жақсы түн! Аллаһ Тағала оны игі-берекелі етті, ол түні Құранды түсіріп, басқа түндерден ерекшеледі. Сондай-ақ осы түнді мың айдан да маңыздырақ (қайырлы) етті. Ал мың ай сексен үш жылға тең келеді екен!

Хафиз Ибн Ражаб: «Ей, өз өмірін ешбір игілікке қол жеткізбей өткізген адам! Қолдан жіберіп алғандарыңды қайта толықтыру үшін Қадір түнін пайдалан, өйткені бұл түн тұтас өмірге тең келеді ғой!», - деп айтқан (қараңыз: “Ләтаифул-мә’ариф” 191).

Қадір түнінде құлшылық етуде ынта-ыждағат таныту керектігі жайында

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «*Кім Қадір түнін Аллаһтың сый-сауабына иман келтірген және үміт еткен күйде намаз оқумен өткізсе, оның бұрыңғы күналары кешіріледі*» (әл-Бухари 38, Муслим 760).

Айша (анамыздың) Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Уа, Аллаһтың елшісі, егер мен Қадір түнінің кіргені туралы білсем, не айтуым керек?*» - деп сұрағаны хабарланады Ол: «*Уа Аллаһ, расында, Сен –Кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің. Мені керіше гөр!*», - деп айт», - деді (әт-Тирмизи, Ибн Мәжаһ, әл-Хахим. Имам Әбу `Иса әт-Тирмизи, әл-Хахим және шейх әл-Әлбани хадисті сахих деген. Қараңыз: «Сахих әл-жәми’» 4423).

ع فو ف اعف ع ني ال لهم اذك ع فو ت حب ال

/Аллаһуммә иннәкә ‘афуун, тухиббул-‘афуа фа‘фу’анни/

Осы хадистерді атап болған соң, хафиз Ибн Ражаб былай деді: «*Суфиян әс-Саури: “Қадір түні дұға ету мен үшін намаз оқудан да сүйіктірек”, - дейтін. Суфьянның айтпақшы болғаны: көп дұға ету дұға жиі айтылмайтын намаздан артық. Алайда егер адам Құранды оқып, дұға ететін болса, онда әрине бұл жақсырақ. Рамазан айында түнгі намаздарды оқығанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құранды ырғақтап оқыған және мейірім туралы аят оқығанда, оны тілейтін, азап туралы аят оқыса, Одан пана сұрайтын. Осылайша ол намаз бен Құранды, дұға мен зікірді біріктіретін! Бұл Рамазан айының соңғы он түнінде және басқа түндері жасалатын ең жақсы әрі ең кемел іс болып табылады» (“Ләтаифул-мә’ариф” 204).*

Қадір түні қашан болады?

Қадір түнінің нақты күні жөнінде ғалымдар арасында көптеген пікірлер болған, алайда олардың барлығы Қадір түнінің рамазанның соңғы он түндерінің бірінде екендігіне бірауыздан келіскен. Ол туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)

былай деп хабарлаған: *«Қадір түнін рамазанның соңғы он тақ түндерінің бірінде күтіңдер!»* (әл-Бухари 2017, Муслим 1169).

Имам Әбу `Иса әт-Тирмизи: *«Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) Қадір түні рамазан айының жиырма бірінші, жиырма үшінші, жиырма бесінші, жиырма жетінші және соңғы түніне сай келгені жеткен»* (Қараңыз “Сунан әт-Тирмизи” 1/372).

Әл-Музани және Ибн Хузайма сынды имамдар осы тақырыптағы хабарлардың барлығын жинап: *«Қадір түні әр жыл сайын ауысып тұрады!»*, - деген (Қараңыз: “Сахих Ибн Хузайма” 3/329).

Осы пікірді хафиз Ибн Хәжар да таңдаған. Ол былай деген: *«Ең дұрыс пікірге сәйкес, ол (Қадір түні) Рамазанның соңғы он түндерінің бірі болып табылады әрі тақ түнге сай келеді. Оның үстіне, бұл тараудағы хадистерден анық болып отырғандай, ол әр жыл сайын әртүрлі күндерге сай келеді»* (Қараңыз: “Фатхул-Бари” 4/326).

Ғалымдардың айтуынша, Қадір түнінің нақты күні белгісіз болуының даналығы мұсылмандар тек осы күнгі құлшылықтарына ғана сенім артып қоймай, рамазан айының соңғы он түндерінің барлығын құлшылықта өткізулері үшін осылай болған болуы мүмкін.

Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі де рамазанның соңғы он түннің барлығында да құлшылықта ерекше ынта танытатын. Бұл туралы `Айша: *«Рамазанның соңғы он күндері келгенде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түндерін намазбен өткізген, отбасы мүшелерін оятқан және құлшылықтарында ерекше ынта танытқан»*, - деп айтатын (әл-Бухари 2024, Муслим 1174).

Қадір түнінің белгілері жайында

`Убада ибн Самиттен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қадір түнінің белгілері туралы былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Қадір түнінің белгісі – оның түнық әрі жарық, ал ай сол түні бейне бір жарқырап тұрғандай болатыны. Ол тыныш және жайлы, суық та емес, ыстық та емес. Бұл түні таң атпайынша жұлдыздардың лақтырылуына рұқсат берілмейді. Оның тағзы бір белгісі: таңертең күн сәулесіз, толған ай секілді түзу болып шығады, әрі шайтандарға онымен бірге шығуға рұқсат етілмейді»* (Ахмад 5/324. Хафиз әл-Хайсами “Мәжма’у-з-зауаидте” бұл хадистің барлық жеткізушілері сенімге ие екенін айтқан, ал хафиз Ибн Кәсир иснадын хасан деп атаған. Қараңыз: “Тафсир Ибн Касир” 4/255).

Шейх Ибн ‘Усаймин: «Ал осы түні иттер мүлдем үрмейді немесе аз үреді деген хабарларға келер болсақ, онда олар шыңдыққа сай емес», - деп айтқан (Қараңыз: «Шархул-мумти’» 6/499).

Бірақ Рамазанның соңғы он түндерінде Аллаһқа шынайы ықыласпен және дұрыс құлшылық еткен әрбір мұсылман Қадір түнінде жасалған құлшылығы үшін уәде етілген ұлы сыйын алады, тіпті егер ол оның дәл қай түні өтіп кеткенін білмей қалған болса да!

Рамазан айындағы мустахаб (қосымша сауапты) істер

Тәубе ету

Аллаһ Тағала былай деді: «**Ал кім тәубе етпесе, солар — залымдар**» («Хужурат» сүресі, 11-аят).

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһ тәубе етушінің тәубесін әрқашан және әр уақытта қабылдайды. Бірақ осы айда өзінің бұзақылығы мен күнәларының және тәубе етуден бас тартуының себебімен Раббысының кешіріміне лайық болмаған адамға өкініш болсын. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп баяндайтын: *«Маған Жәбрейіл періште келіп: «Уа, Мұхаммад! Рамазан айына жетіп, сонда да кешірімге ие болмаған адам Отқа кіреді, әрі Аллаһ оны Өзінен алыстатады. «Әмин!», — деп айт», - деді. Мен: «Әмин!», — дедім»* (Ахмад, Ибн Хиббан, әт-Табарани “әл-Кәбир”. Хадис сахих. Қараңыз: “Сахих әт-тарғиб” 3/216).

Тәубе еткісі келген адам үшін тәубе есіктері оның ажалы жетпейінше ашық тұрады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Расында, Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ құлының тәубесін ол жан тәсілім етердегі қырылын шығармайынша қабыл етеді»,* — деген (әт-Тирмизи 3537, Ибн Мәжаһ 4253. Шейх әл-Әлбани хадисті хасан деген).

Осы айға жетемін деп армандаған, бірақ дегендеріне жете алмаған қаншама адамдар бар еді. Олар өздерінің қабірлерінде ізгі істерін арттыра да алмайтын, көптеген күнәлары үшін кешірім де сұрай алмайтын кепілге алынған тұтқынға айналды. Сондықтан да ешкім, күнәлары қандай үлкен болса да, тәубе ету мүмкіншілігін назарсыз қалдырмасын, өйткені Аллаһ Тағала былай деді: **«Әй, Менің өздеріне зұлымдық жасаған құлдарым, Аллаһтың мейірімінен күдер үзбеңдер! Шын мәнінде, Аллаһ күнәларды толығымен кешіреді: өйткені Ол – Ерекше Кешірімді, Аса Мейірімді!»** («әз-Зұмар» сүресі, 53-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Күнәсы үшін тәубе еткен адам күнә жасамаған адаммен тең*», — деді (Ибн Мәжаһ 4250. Хадис хасан. Қараңыз: «Сахих әл-жәми'» 3008).

Сондықтан да адам Аллаһтың мейірімінен күдер үзбеуі және күнәлары мен айыптарының көп екенін әрі олардан құтыла алмайтынын сылтауратып, мойынсұнбаушылықтары мен күнәларын жалғастырып, Мейірімді Раббысын ызаландырмауы қажет.

Алайда Раббымыз Кешірімді әрі Мейірімді екенін, бірақ Ол Өзінің кешірімі мен мейірімін тек белгілі шарттар орындалған кезде, нақтырақ айтқанда, адам Аллаһ Тағалаға толық әрі ықыласты тәубемен жалбарынғанда ғана нәсіп ететінін білу керек.

Тәубе етудің үш шарты бар:

- 1) Күнә жасауды тоқтату,
- 2) Күнә жасағаны үшін өкіну,
- 3) Болашақта ешқашан осындайды жасамауға бел байлау.

Егер осы шарттардың біреуі болса да орындалмаса, онда тәубе қабыл етілмейді! Ал егер жасалған күнә басқа адамға зиянын тигізетін болса, онда тәубенің төрт шарты орындалуы керек. Нақтырақ айтсақ, жоғарыда аталған үш шартқа қоса зардап шеккен кісіден кешірім сұрау әрі егер іс материалдық құндылықтарды заңсыз тартып алуға қатысты болса, оны иесіне қайтыру (қараңыз: “әл-Әзкар” 321, “Рияду-с-салихин” 28).

Құранды көбірек оқу

Аллаһ Тағала былай деді: «**Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақиқат пен жалғанды) ажырататын дәлел түрінде Құран түсірілді**» («Бақара» сүресі, 185-аят).

Ибн `Аббас былай баяндайтын: «*Жәбрейіл періште Мухаммад пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Рамазан айының әр түнінде кездесіп, онымен бірге Құран оқитын*» (Бухари 6, Муслим 2308).

Хафиз ибн Ражаб былай деген: «*Бұл хадисте Рамазан айында Құран оқу (үйрену) үшін жиналудың абзал екеніне нұсқау бар. Сондай-ақ хадисте Рамазан айында Құран оқуды арттыру керек екеніне де нұсқау бар*» (“Ләтаифул-мә’ариф” 189).

Егер мұсылман күндізгі уақытын ораза ұстауға, ал түнін Құран оқуға арнайтын болса, онда Қиямет күні оның екі шапағатшысы болады: олар – ораза мен Құран. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Ораза мен Құран Қиямет күні Аллаһтың құлына шапағат етеді. Ораза: «Раббым! Мен оны күндіз ішіп-жеуден айырдым, сондықтан маған ол үшін шапағат етуге рұқсат бере гөр!», — деп айтады. Ал Құран: «Раббым! Мен оны түнде ұйқыдан айырдым, сондықтан маған ол үшін шапағат етуіме рұқсат бере гөр!», — деп айтады. Сосын олардың шапағаттары қанағаттандырылады»* (Ахмад 2/174. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, хафиз әл-Мунзири, шейх Ахмад Шакир және шейх әл-Әлбани растаған (қараңыз: “Сахих әт-тарғиб” 973).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары, содан соң олардың ізбасарлары Құран Кәрімнің мағыналарына үңіліп, оны оқып, Рамазан айының күндері мен түндерін өткізетін еді. Рамазан айы келгенде олар Құран оқуды көбейтетін, әрі үмметіміздің ұлы имамдары олардың осы өнегесіне ілесетін. Мысалы, имам Мәлик рамазан айында өзінің барлық ғылымдарын қалдырып, Құран оқуға кірісетін. Дәл солай Суфьян әс-Сәури де жасайтын. Ізгі алдыңғы ұрпақтарымыздан болған кейбір ғалымдарымыз түнгі намаздарында Құранды түгелдей үш күн ішінде, екіншілері – жеті күн ішінде, ал басқалары – әр он күнде оқып бітіріп шығатын. Сондай-ақ Қатада түгел Құранды әр жеті күн сайын оқып шығатындығы, ал рамазан айы басталғанда ол оны әр үш күн сайын оқып шығатындығы туралы хабарланады. (Қараңыз: “әс-Сияр” 5/276).

Алайда, Құранды үш күннен кем уақыт аралығында толығымен оқып шығуға болмайды, өйткені Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі Құранды үш күннен кем уақыт аралығында оқып шықпаған, бұған қоса: *«Құранды үш күннен кем уақыт аралығында оқыған адам оны түсінбейді»*, — деген (Әбу Дауд 1394, әт-Тирмизи 2949, Ибн Мәжаһ 1347. Шейх әл-Әлбани хадисті сахих деген).

Ал Құранды әлі оқи алмайтын адамдар туралы айтар болсақ, онда біз оларға ерік күшін иемденіп, араб әліппесін меңгеріп алуларын тілейміз. Олар игілікті рамазанда да, одан басқа уақыттарда Құранды оқып, ұлы сауапқа қол жеткізулері үшін. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Аллаһтың Кітабынан бір әріп болса да оқыған адамға, бір игі іс жазылады. Ал осы бір игі іс үшін, он есе сауап беріледі. Мен: “«Әлиф, ләм, мим» - бір әріп», - деп тұрған жоқпын. Жоқ, «әлиф» — бір әріп, «ләм» — бір әріп және «мим» бір әріп болып табылады»* (әт-Тирмизи 2910, Имам Ибн Қудама мен шейх әл-Әлбани хадисті сахих деп атаған).

Са`д ибн Әбу Уаққас былай деп айтқан: «Егер адам Құран оқуды түннің әуелгі бөлігінде аяқтаса, онда періштелер ол үшін таң атқанша дұға етеді, ал егер де ол Құран оқуды түннің ақырғы бөлігінде бітірсе, онда періштелер ол үшін кешке дейін дұға жасайды» (Ахмад, әд-Дәримиді. Хасан хабар. Қараңыз: “әл-Әзкар” 136).

Сәбит әл-Бунани былай деп айтатын: «Әнас ибн Малик Құранды түгелдей оқып аяқтаған кезде, бала-шағасы мен отбасы мүшелерін жинап, Аллаһқа дұға ететін еді» (әд-Дәримиді 2/469, Са`ид ибн Мансур 1/140. Имам ән-Науауи, хафиз Ибн Хәжар және шейх әл-Әлбани иснадтың сенімділігін растаған).

Ибн Утайба былай деген: «Бірде Мужаһид пен Абда ибн Әбу Любаба мені (кісі жіберіп) шақыртып алды. Мен оларға келгенімде, олар маған: «Расында, біз сені шақырған себебіміз, Құранды тилауат етуді (оқуды) аяқтап жатқан едік. Ал Құран оқудың соңында жасалған дұға қабыл болады», — деді» (Ибн Әбу Дауд. Имам ән-Науауи иснадын сахих деп атаған. Қараңыз: “әл-Әзкар” 119).

Ал Құран оқып болған соң айтылатын адамдардың өздері заңдастырып алған белгілі бір дұғаларға келер болсақ, онда бұның ешқандай негізі жоқ. Сондықтан имам әш-Шәтыби оны: «Енгізілген бидғат (жаңалық)», — деп атаған (Қараңыз: “әд-Дә’ифа” 13/315).

Сондықтан да Құран оқуды аяқтаған соң Аллаһқа кез-келген дұға арқылы жалбарынуға болады, өйткені бұл үшін белгіленген ешқандай арнайы дұғалар жоқ!

Көбірек жомарттық таныту

Рамазан айы жомарттық пен мейірімділік мезгілі ретінде келеді. Бұл айда мұминдер осы сипаттарды танытуда өзара жарысады. Ибн `Аббас былай баяндайтын: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең жомарт адам еді. Ал рамазанда ол ерекше жомарт болатын. Әрі ол еркін есетін желден де артық игі нәрселерге жомарт еді» (әл-Бухари 6, Муслим 2308).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметін ораза тұтушыларға қамқорлық көрсетуге ынталандырып: «**Ораза ұстаушыға ауызашар берген адам оның алатын сауабындай сауапқа ие болады, бірақ сонымен қоса (ораза ұстаушының) сауабы еш кемімейді**», — деп айтқан (Ахмад 5/192, әт-Тирмизи 807. Имам Әбу Иса әт-Тирмизи, хафиз әл-Мунзири мен шейх әл-Әлбани хадистің сенімділігін растаған).

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя өзінің «әл-Ихтиярат» кітабында хадисте тамақтың тоюға болатын мөлшері туралы сөз болып тұрғанын айтқан.

Имам Ибн Шиһаб әз-Зухри рамазан айы келгенде былай деп айтатын: «Бұл Құран оқу мен адамдарды тамақтандыру айы» (Ибн `Абдул-Барр «әт-Тәмхид» 6/110).

Ізгі алдыңғы буын өкілдеріміздің (салиқалы сәләфтарымыздың) көбісі: олардың ішінде Ибн `Умар да, Мәлик ибн Динар да, имам Ахмад та болған - өз тамақтарын кедейлердің пайдасына қиып, оларға ауызашар берген. Ал Ибн `Умарға қатысты айтар болсақ, ол тек жетім немесе кедей адаммен бірге ауыз ашатыны туралы хабарланады (қараңыз: “Сәб’унә мәсалә фи-с-сыям” 19).

Бауырлар! Біз де ораза ұстаушыны ауызашармен, ал өзімізді оған тиісті сауаптай сауаппен қуанту үшін, оны тамақтандыруға асығайық!

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Сендердің ең жақсыларың - тамақ беретіндерің!**», — дейтін (Ибн Мәжаһ, Әбу Я`лә, әт-Табарани. Хафиз Ибн Хәжар, имам әл-Бусайри және шейх әл-Әлбани хадисті хасан дәрежесіне жатқызған. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-сахиха” 44).

Егер адамдарды тамақтандыру Исламның ең жақсы көріністерінің бірі болса, онда осы ұлы амалды рамазан айында жасау туралы не айтса болады!

Аллаһ Тағала Жәннатты тақуалар үшін және кешірім етуге, дүние жұмсауға, игілік істеуге асығатындар үшін жаратты әрі оларға Өзінің жарылқауын уәде етіп, былай деді: «**Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей Жәннатқа асығындар. Олар кеңшілікте де, таршылықта да Аллаһ жолында мал сарып қылғандар. Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Аллаһ жақсылық істеушілерді сүйеді!**» («Әли `Имран» сүресі, 133-134-аят).

Құлшылықта көбірек ынта таныту

`Айша (оған Аллаһ разы болсын) былай деген: «*Рамазан айында Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа уақыттарға қарағанда көбірек ынта-ыждағат танытатын, ал рамазан айының соңғы он күнінде ол осы айдың басқа күндеріне қарағанда да көбірек ынта-ыждағат танытатын*» (Муслим 1175).

Абу Һурайра былай деп баяндайтын: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рамазан айында адамдарды түнгі нәпіл намаздарын оқуға ынталандыратын, бірақ бұны оларға үзілді-кесілді бұйырмайтын (яғни парыз етпейтін). Алайда ол: «**Рамазан айының түндерін Аллаһтың сыйына иман келтіріп және үміт етіп, намаз оқумен өткізген адамның бұрынғы күнәлары кешіріледі**», — деген*» (әл-Бухари 37, Муслим 759).

Амр ибн Мурра әл-Жуһани: «Бірде Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам келіп: “Уа, Аллаһтың елшісі! Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне, әрі сіз Аллаһтың елшісі екеніңізге куәлік беретінімді, намаз оқитынымды, зекет беретінімді, ораза ұстайтынымды және рамазанның түндерін намаз оқып өткізетінімді білесіз бе?!”, — деді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: “Кім осыларды ұстанған күйінде қайтыс болса, **Жәннатта шыншылдар мен шаһидтер арасында болады**”, - деп баяндайтын (әл-Баззар, Ибн Хузайма, Ибн Хиббан. Хадис сахих. Қараңыз: “Сахиху-т-тәрғиб” 1/419).

Аллаһтың разылығына ұмтылатын, шәһидтің сыйын қалайтын тақуа мұсылманға бұдан артық не керек?!

Оразаның рухани жағы және ораза ұстаушының мінез-құлқы

Аллаһ Тағала пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі болсын) үмметіне ораза ұстауды бұйырып, былай деген: «**Әй, иман келтіргендер! Сендерден бұрыңғыларға ораза парыз етелгендей, сендерге де ол парыз етілді – әрине тақуа боласыңдар**» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

Құдіретті әрі аса Дана Аллаһ Өз құлдарына бір үкімді бұйырғанда немесе парыз еткенде әдетте оның даналығын баяндамай, тек бұйрықтың өзін ғана атап кетеді. Өйткені Аллаһтың жалпы даналығы Ол Өз құлдарына міндеттіліктерді жүктеп, оларды сынайтындығында, әрі Оған бағынатындар мен бағынбайтындарды айқындайтынында. Алайда аталмыш аятта Аллаһ Құранда жиі кездесе бермейтін бір нәрсені атап өтті, яғни Ол ораза ұстау бұйрығының себебін: «...**әрине тақуа боласыңдар**», - деп түсіндірді.

Тақуалық деген не екен? Талқ ибн Хубайб: «*Фитна (бүлік) туған кезде, оны тақуалықпен сөндіру керек*», - деген. Одан: «Ал тақуалық деген не?», — деп сұрағанда, ол: «*Тақуалық — бұл Аллаһтың нұрының негізінде Аллаһтың сыйынан үміт етіп Аллаһқа бағыну. Тақуалық — Аллаһтың нұрының негізінде Аллаһтан қорқып, Аллаһқа мойынсұнбаушылықты тастау*», — деген (Ибн әл-Мубарак 1343, Ибн Әби Шайба 30356).

Са`ид ибн Жубайр былай деген: «*Расында, Аллаһтан қорқу дегеніміз — бұл сені мен күнәларыңның арасында тұратын нәрсе. Міне осы нағыз қорқу! Аллаһты еске алу (зикр) Аллаһқа мойынсұну болып табылады, әрі кім Аллаһқа мойынсұнса, сол Аллаһты зікір етеді. Ал Аллаһқа мойынсұнбаушыға келсек, ол Құранды көп оқып, Аллаһқа жиі мақтау-мадақ айтса да, еске алушы болып табылмайды*» (Әбу Ну`айм «Әл-Хилия» 4/276).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оразаның парызы етілуінің иләһи хикметін түсіндіріп: *«Аллаһ өтірік айтуын және өтірікке сәйкес амал етуін тоқтатпаған адамның жеп-ішуін қойғанына мұқтаж емес»,* — деді (әл-Бухари 1903).

Имам Әбу Бакр ибн әл-`Араби былай деп айтқан: *«Кімде-кім осы хадисте айтылғанды істеген болса, оразасы үшін сауап алмайды!»* («Фатхул-Бәри» 4/177).

Осы хадистен түсінетініміз, егер ораза ұстаушы адам күнә жасауды, өтірік айтуды, балағаттауды доғармаса, онда Аллаһ ондай кісінің тамақ пен судан және әйелімен жақындасудан бас тартқанына көңіл бөлмейді (қараңыз: “Итхафул-Кирам” 187).

Ораза ұстау бұйрығындағы даналық мүміндердің жағымды, хәлал және игі нәрселерден тыйылуында ғана емес, бұл ораза ұстайтын адамға міндетті болса да. Әрі бұл оразаға енгізілген жалғыз талап етілетін нәрсе емес. Аллаһ Тағала ораза ұстау туралы Өзінің әмірін *«...әрине тақуа боласыздар»* деген сөздермен аяқтайды.

Бұл «оразаның парызы етілуінің даналығы мұсылман адам ораза кезінде Аллаһ Тағалаға құлшылықтарын көбейту керектігінде, бұрынғысына қарағанда бойұсынғыш болуы және жамандықтың барлығын тастауы керектігінде» дегенді білдіреді.

Рамазан айында ораза ұстап, бірақ жаман нәрселерден тыйылмай жүрген адам, қаланы қиратып, зәулім сарай соғып жатқан біреу секілді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ораза ұстаушыға оның оразасынан аштықтан басқа еш нәрсе тимей қалуы мүмкін»,* - деген (Ибн Мәжаһ 1690. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбани растаған).

Бұл дегеніміз, Аллаһ Тағала адамдарға ораза ұстау парызын жүктегенде, олардың белгілі уақыт ішінде тек жеп ішуден және ерлі-зайыптылық қатынастан тыйылуын ғана меңземеді. Олар сондай-ақ аса Құдіретті Аллаһ тыйым салған күнәлардан және Оған деген мойынсұнбаушылықтан өздерін тыйюы керек, ал мұндай істердің арасында сөздер мен амалдардағы өтірік те бар.

Сөйтіп, ораза — бұл тек ішіп-жеуден тыйылу емес, оған қоса бұл балағаттау, ғайбаттау, өтірік айту, өсек айту, жалған куәлік беру сияқты баршаға белгілі тыйым салынған істерден бас тарту болып саналатыны бізге айқын болды. Абу Нурайрадан жеткен хадисте, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Ораза – бұл жай ғана ішіп-жеуден тыйылу емес. Ақиқатында, ораза – бос*

сөздер мен жаман сөздерден тыйылу!» (Ибн Хузайма, Ибн Хиббан, әл-Хахим. Хадис сахих. Қараңыз: “Сахих әт-тарғиб” 1082).

Әрбір мұсылман оразаны бұзатын істер - бұл тек бәріне мәлім болған ішіп-жеу мен жыныстық қатынас жасау сияқты дене амалдары ғана емес екенін білуге міндетті. Оразаның мәні бұлардан тыйылуда ғана емес. Сондықтан да кейбір ғалымдар оразаны бұзатын нәрселерді екі топқа бөледі. Рамазан кезінде адамдарға уағыз айтатын көптеген дағуатшылар, оразаны бұзатын нәрселер туралы айтып жатқанда тек ішіп-жеу және жақындасу сияқты шариғи нормалар жайында ғана сөз қозғайды. Бірақ олар оразаны бұзатын екінші топқа да басты назар аударулары қажет.

Ал енді оразасын тек ішіп-жеуден, жыныстық қатынастан тыйылумен ғана шектейтін, әрі рамазаннан бұрын бойында болған бұзық мінез-құлқында қасарысып тұрып алатын адамға келер болсақ, онда оның оразасы Раббымыз: **«...әрине тақуа боласыңдар»**, — деп нұсқаған, осы айда заңдастырылған құлшылықтың дана мағынасына сәйкес келетін ораза болып саналмайды.

Сондықтан да біз мұсылман бауырларымызға олар оразаны құнсыз ететін өзгеше, материалдық емес нәрселердің басқа да тобын да естен шығармауларын, ішкі дүниеге де көңіл бөлулерін еске салып, кеңес береміз. Оразаны бұзатын істердің осы тобын мүлдем білмейтін қарапайым адамдарды айтпағанның өзінде, уағыздаушылар мен адамдарды тура жолға салуды қалайтын адамдар да бұл туралы өте сирек айтады.

Әрбір мұсылман Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіл кесапаттарына қатысты көптеген өсиеттерін есте сақтап жүруі қажет. Жаман немесе пайдасы жоқ нәрселерді айтқаннан гөрі, үндемеген абзал, әсіресе осы ұлы айда. Му`аз ибн Жәбәлдың сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: **«Ақиқатында, сен сөйлемеген сайын игілікте болуды тоқтатпайсың. Ал сөйлей бастасаң, онда бұл (сөйлегенің) не сенің жағыңда болады, не саған қарсы болады»** (әт-Табарани “әл-Кәбир” 2/73. Хадис сахих).

Ораза тұтушы осы айда Аллаһқа құлшылық етуде және Оған бойұсынуда көбірек ынта-ыждағат танытуы керек. Адамдар келтіретін забірге төзіп, ешкіммен ұрысып-керіспей, дауысын көтермеуі керек. Егер ораза тұтушыны біреу ұрысатын болса, онда ол барынша сабырлық танытып: **«Менің ауызым берік!» /Инни соимун!/, - деп жауап қайыруы керек.** Бұл туралы мына хадисте айтылған: **«Сендерден ешкім ораза күнінде жаман сөздер айтпасын және дауысын көтермесін. Ал егер біреу оған ұрысатын болса немесе онымен**

жанжал туғызғысы келетін болса, онда ол: «Расында, менің ауызым берік!», — деп айтсын» (әл-Бухари 1904, Муслим 1151).

Адам сондай-ақ күнәлардан аулақ болуға тырысуы, тыйым салынған нәрселерге карамай, көздерін төмен түсіріп жүруі қажет. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: *«Қиямет күні үш адамның көздері Отты көрмейді: Аллаһтан қорқып жылаған көздер, Аллаһ жолында күзетші болған адамның көздері және Аллаһтың тыйым салғанын көргенде, төмен қараған адамның көздері»* (Ибн 'Асакир "әт-Тәрих" 1/297. Хадис хасан. Қараңыз: "әс-Силсилә әс-Сахиха" 2673).

Ибн Мас'удтан Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Шын мәнінде, ораза – бұл аманат (сеніп тапсырылған нәрсе). Ендеше, әркім оған сеніп тапсырылған нәрсені сақтасын!»* (әл-Харайти "Мәкәримуд-ахләқ". Хафиз әл-'Ирақи хадистің иснадын хасан деген. Қараңыз: "Тахриж әл-Ихья" 1/354).

Зәкат әл-фитр (Пітір садақасы)

Зәкат әл-фитрді төлеудің міндеттілігі

Ибн Умар былай деп баяндайтын: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зәкат әл-фитрді бір са' азық-түлік ретінде таратуды бұйырды. Ол мұны мұсылмандардан болған құл мен еркін адамға, еркек пен әйелге, кіші мен қартқа бұйырып, оны айт намазына шығудан бұрын беруді әмір етті»* (әл-Бухари; 1503).

Имам әл-Хаттаби былай деді: *«Бұл хадисте зәкат әл-фитрдің міндетті екеніне нұсқау бар, әрі оның парыз екені бүкіл ғалымдардың пікірі болып табылады»* ("Мә'алиму-с-Сунан" 3/214).

Имам ән-Науауи: *«Зәкат әл-фитр әрбір мұсылманға парыз екеніне ғалымдардың барлығы бірауыздан келіскен», - деп айтқан* («әл-Мәжму'» 6/106).

Зәкат әл-фитрдің міндетті екеніне ғалымдардың барлығы бірауыздан келіскеніне имам Ибн әл-Мунзир де нұсқаған («әл-Ижма'» 34).

Зәкат әл-фитр кім үшін міндетті болып табылады?

Зәкат әл-фитр оны төлеуге мүмкіншілігі бар әрбір мұсылманға міндетті болып табылады. Алайда «мұсылман өзінің асырауындағы адамдар үшін де фитрді беруге міндетті ме, әлде әрқайсысы өзі үшін өзі беруі керек пе?» деген мәселеде ғалымдардың арасында келіспеушіліктер болған. Имам ән-Науауи былай деп айтқан: *«Адам бұл*

зәкәтті өзі үшін әрі мал-мүлкінен жұмсауға (асырауға) міндетті болған кісілері үшін, нақтылап айтқанда: әйелі, балалары және ата-аналары үшін беру парыз болып табылады» («әл-Мәжму'» 6/128)

«Адам өзі үшін, әрі асырауға міндетті болған кісілері үшін фитрді беру - парыз» деген пікірдің жақтастары Ибн `Умардан жеткен келесі хадиске сүйенеді: «Пайгамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **“Асырауға тиісті адамдарың үшін фитр беріңдер”**» (әд-Дарақутни 2/141, әл-Бәйһақи 4/161).

Алайда бұл хадистің сенімділігі жөнінде ғалымдар пікірталасқа түскен. Ибн әл-'Араби, әз-Зәһаби, ән-Науауи және Ибн Хәжар секілді имамдар бұл хадисті әлсіз деген, ал әд-Дарақутни: «Бұл сөздер Пайгамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) емес, Ибн `Умарға тиісті екендігі дұрыс болып табылады», - деді. Бірақ кейбір имамдар, солардың ішінде шейх әл-Әлбани де, бұл хадиске сүйеніп, оның сенімділігін ұқсас мағынадағы хадистер арқылы күшейткен (“Ируаул-ғалил” 835)

Сондай-ақ бұл пікірді Сауд Арабиясының пәтуалар және ғылыми зерттеулер бойынша тұрақты Комитетінің (әл-Ләжнәтуд-даима) ғалымдары таңдаған. (“Фәтауа әл-Ләжна” 9/367).

Ал имам Ибн Хазм анасының құрсағында жатқан бала үшін де фитр беру парыз деп есептеген. Алайда бұл пікір қате әрі имамдардың ешқайсысы осыған ұқсас сөздер айтпаған. Имам Ибн әл-Мунзир былай деген: «Анасының құрсағында жатқан бала үшін фитр беру парыз емес екеніне ғалымдар бірауыздан келіскен» («әл-Ижма'»; 31).

Ал енді Әбу Шайба келтірген «`Усман ибн `Аффан өз отбасы үшін әрі тіпті құрсақтағы бала үшін де фитр берген» деп айтылған кең тараған әрі белгілі хабар туралы айтар болсақ, ол да әлсіз болып табылады (“Ируа әл-ғалил” 3/330).

Бірақ бұл хабар сенімді болған күнде де, ол ары кеткенде құрсақтағы бала үшін фитр беру тек рұқсат екеніне нұсқайтын еді, бірақ ол парыз екеніне еш нұсқамайды. Әбу Қиләба былай деп айтқан: «Саләфтар тіпті құрсақтағы балалар үшін де фитр беруді жақсы көрген» (Ибн Әбу Шайба 3/173, Абдур-Раззақ 5788. Иснады сахих).

Сондай-ақ ғалымдар «әрбір мұсылман фитр беру керек пе, әлде тек ораза тұтқан адам ба?» деген мәселеде түрлі пікірде болған. Көпшілік ғалымдар, ал олардың ішінде төрт мазһаб имамдары да: «Науқас немесе қарт кісілер сияқты ораза тұтпаған адамдар да фитр беру керек», - деп есептеген. Ал кейбір ғалымдар тек ораза тұтқан адам ғана фитр беруге міндетті деп санаған. Өйткені Ибн `Аббастың хадисінде былай деп айтылған: «Пайгамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зәкәт әл-фитрді ауыз бекіткен адам үшін бос

«әңгімелерден тазару ретінде бұйырған» (Әбу Дауд 1609, Ибн Мәжаһ 1827, әд-Дарақутни 2/138. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, әз-Зәһаби, имам ән-Науауи және шейх әл-Әлбани растаған).

Алайда бұл дәлелге жауап беру оңай. Сонда Рамазан айында бос әңгіме айтпаған адам фитрді бермеу керек пе? Әрине, беру керек (“Фатхул-Бәри” 3/364).

Зәкат әл-фитр оразада жіберілген қателерді өтейтініне күмән жоқ, алайда күнәлардың бар болуы оны төлеудің шарты болып табылмайды. Бұдан қалса, Ибн `Умардан жеткен хадисте былай делінген: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны мұсылмандардың құлы мен еркін адамына, еркегі мен әйеліне, кішісі мен қартына бұйырды*» (әл-Бухари 1503).

«*Кіші*» сөзімен кішкентай бала меңзелген, ал бірақ бала ораза тұтуға міндетті емес екені белгілі.

Егер адам фитрді басқа біреудің атынан бергісі келсе, онда ол сол кісіге хабарлап қоюы керек, әрі бұны тек соның рұқсатымен істеуі керек. Себебі зекет – бұл ниеттің болуын қажет ететін құлшылық.

Егер адамда зәкат әл-фитрді беруге мүмкіншілігі болмаса, онда оған күнә жазылмайды, сол үшін ол қарызға ақша сұрап жүруі қажет емес. Аллаһ Тағала: «**Аллаһ адамға шамасынан тыс нәрсені жүктемейді**», - деді («әл-Бақара» сүресі, 286-аят). Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Мен сендерге бұйырған нәрселерімнен шамаларың келгенді істеңдер!**» (әл-Бухари 1/234).

Имам Ибн әл-Мунзир былай деп айтқан: «*Мүмкіншілігі жоқ кісі фитрді беруге міндетті емес екеніне ғалымдар бірауызды келіскен*» («әл-Мәжму’» 6/113).

Зәкат әл-Фитрдің даналығы

Аллаһ Тағала зәкат әл-фитрді Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне мұқтаждарды айт күндері тіленіп жүруден құтқару үшін және ол ораза кезінде жіберіп алған қателердің өтеуі болуы үшін міндеттеді. Ибн `Аббас былай деп айтқан: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зәкат әл-фитрді ауыз бекіткен кісі үшін бос сөздерден тазару ретінде және кедейлерге тамақ ретінде төлеуді бұйырды. Кім оны айт намазына дейін берсе, қабыл болған зәкат болады. Ал кім оны намаздан кейін берсе, онда ол тек садақа сияқты ғана болады*» (Әбу Дауд 1609, Ибн Мәжаһ 1827, әд-Дарақутни 2/138. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, әз-Зәһаби, имам ән-Науауи және шейх әл-Әлбани растаған).

Уаки’ ибн әл-Жәррах былай деп айтқан: «*Рамазан айындағы зәкат әл-фитр намаздағы саһу сәжде секілді. Саһу сәжде намаздың кемшіліктерін толтырғандай, зәкат әл-фитр де оразаның кемшіліктерін толтырады*» («әл-Мәжму’» 6/321).

Ал енді «*Рамазан айы аспан мен жердің арасында тұрады. Әрі зәкат әл-фитрден басқа еш нәрсе оны Аллаһқа көтермейді*» (әд-Дайләми және Ибн Шаһин), - деген хадиске келер болсақ, онда ол, бұл туралы имам Ибн әл-Жәузи, хафиз әс-Суюти және шейх әл-Әлбани айтқандарындай, әлсіз.

Шейх әл-Әлбани былай деген: «*Егер де бұл хадис сахих болғанда, ол Рамазан оразасы зәкат әл-фитрсіз қабыл болмайтынына нұсқайтын еді! Бізге бірде-бір ғалымның «зәкат әл-фитрсіз ораза қабылданбайды» дегені белгісіз*» (қараңыз: “әс-Силсилә әд-да’ифа” 1/118).

Зәкат әл-фитр кімге беріледі?

Ғалымдардың көпшілігі зәкат әл-фитр тура зекет сияқты, Құранда аталған сегіз санаттағы адамдарға үлестіріледі деп есептейді: «**Шын мәнінде, садақалар (зекеттер) Аллаһ тарапынан бір парыз: қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны жинап, үлестірушілерге, көңілдері (Исламға қарай) аударылатындарға, құлды азат етуге, қарыздарларға, Аллаһ жолына және жолаушыларға беріледі. Аллаһ әр нәрсені Білуші, Дана**» («әт-Тәуба» сүресі, 60-аят).

Алайда бұл пікір қате, себебі бұлай салыстыру Ибн `Аббастың жоғарыда келген хадисіне қарама-қайшы келеді: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зәкат әл-фитрді ауыз бекіткен адам үшін бос сөздерден тазару ретінде және кедейлерге тамақ ретінде бұйырған*».

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя: «*Зәкат әл-фитрді кедейлерден басқа біреулерге беру рұқсат етілмейді*», - деп айтты (“Мәжму`ул-Фәтауа”, “Ихтияратул-фиқһия” 102).

Тура осылай шейх Ибн әл-Қайим, имам әш-Шаукани және басқа да зерттеушілер айтқан (Қараңыз: “Зәдул-мә’ад” және “Сайлюл-жәрап” 2/86).

Бір кедейге бірнеше адамның атынан зәкат әл-фитр беруге болады немесе бір фитрді бірнеше кедейлерге үлестіруге болады. Мұны Мәлик, Ахмад, сондай-ақ шейхул-Ислам Ибн-Таймийя айтқан. Алайда фитрдің бір бөлігін ғана алған кедейге оның бір са` мөлшерінен кем алғанын ескерту керек, себебі ол зәкат әл-фитр ретінде алғанын өз атынан басқаға беруі мүмкін (Қараңыз: «Шархул-Мумти’» 6/179).

Бір адам фитрді бір са` мөлшерінен артық көлемде бере алады, алайда бір са` мөлшерінен кем беруге рұқсат етілмейді, бұл мәселеде келіспеушілік жоқ (Қараңыз: “Мәжму`ул-Фәтауа” 25/70).

Тұрақты комитет ғалымдарына «Базарларда қайыр тілеп жүретіндерге зәкат әл-фитрді беруге болады ма, біз олардың шынайы жағдайын білмейміз ғой?» деген сұрақ қойылды.

Олар былай жауап берді: «Фитр кедей мұсылмандарға беріледі, тіпті егер олар күнәһар болса да, бірақ діннен шықпаған болса. Кедейдің сыртқы жағдайына қарау керек, тіпті егер ол іс жүзінде бай болып шықса да. Алайда шама келгенше шынайы кедейлерді іздеу керек. Егер адам берген зекетінің жағдайы бар адамның қолына түскенін білсе, онда бұл оның зекетіне зиян тигізбейді» («Фәтауа әл-Ләжна» № 3055).

Зәкат әл-фитрді басқа қалаға жіберуге болады ма?

Бұған деген қажеттілік болмаса, фитрді басқа қалаға жібермеу керек. Мысалы, өз қалаңда кедейлер болмаса, немесе басқа қалада фитрге деген мұқтаждық өте үлкен болса (оны басқа қалаға жіберуге болады). Мұсылман адам өз пітір садақасын рамазан айының соңын қай жерде жолықтырса, сол жерде төлеуге тиіс. Бұған көптеген ғалымдар нұсқаған. Имам Мәликтен Африканың бір елінде тұратын, бірақ ораза айт күні Мысырда болған адам туралы: «Ол зәкат әл-фитрді қай жерде төлеуі керек?» - деп сұрағанда, имам Мәлик: «Ол қай жерде болса, сол жерде төлеуге тиіс. Бірақ егер оның (өз елінде тұратын) отбасы ол үшін фитр төлесе, бұл оған саналады», - деп жауап берді. Қз.: «әл-Мудауина» 1/337.

Имам Ибн Қудама былай деген: «Зәкат әл-Фитрге келер болсақ, оны төлеуге міндетті адам қай қалада болса, сол жерде төлеуге тиіс, ол сол қалада тұрса да, тұрмаса да». Қз.: «әл-Муғни» 2/590.

Шейх Ибн Баз былай деді: «Сүннет болып табылатыны – пітірді өз мекеніңнің кедейлеріне беру және пітірді басқа қалаға жібермеу». Қз.: «Мәжму'у фатауа уа мақаләт».

Шейх Ибн 'Усайминге: «Зәкат әл-фитрді басқа қалаға жіберуге болады ма?» - деген сұрақ қойылды. Ол: «Егер пітірді жібергісі келген адамның қаласында кедей (мұсылмандар) болмаса, онда бұның оқасы жоқ. Алайда егер бұда қажеттілік болмаса әрі оның өзінің қаласында пітір беруге болатын адамдар болса, онда, бұған кейбір ғалымдар нұсқағандай, пітірді басқа қалаға жіберуге болмайды». Қз.: «Фатауа Ибн 'Усаймин» 18/318.

Зәкат әл-фитрді кімге беруге тыйым салынған

Зәкат әл-фитрді кәпірлерге беруге болмайды, өйткені зекеттің парыз үкімдерінде оларға ештеңе тиесілі емес. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды Исламға шақыру үшін Му'азды Йеменге жібергенде, былай деген: «Егер олар саған бұл нәрседе (яғни бірқұдайшылық пен намаз оқуда) бағынса, онда Аллаһ олардың байларына кедейлерінің пайдасына зекет берулерін әмір еткенін оларға хабарла» (әл-Бухари 3/225, Муслим 19).

Хасан әл-Басри былай деген: «Мұсылмандардың жерінде тұратын кәпірлерге парыз зекеттен (кәдімгі зекет пен зәкат әл-фитр) ештеңе тиесілі емес. Алайда егер адам қаласа, оларға нәпіл (қосымша) садақа бере алады» (Әбу 'Убайд 1/236).

Ал «Әбу Майсара зәкат әл-фитрді жинап, оны монахтардың арасында таратқан» деген хабарға келер болсақ, ол сенімді хабар емес ("Тамамул-минна" 389).

Сондай-ақ адам ата-анасы, балалары мен әйелі сияқты өзі асырауға міндетті кісілерге зәкат әл-фитр бермейді. Имам Малик: «Өзің асырауға міндетті жақын туысқандарыңның қатарындағы кісілердің ешқайсысына зекет берме!», - деді. (Қараңыз: "әл-Мудауина" 1/344).

Имам әш-Шәфи`и былай деген: «Зекет әкеге де, анаға да, атаға да, әжеге де берілмейді» (Қараңыз "әл-Умм" 2/87)

Имам Ибн әл-Мунзир адам өзі асырауға міндетті кісілерге зекет берілмейтінінде ғалымдар арасында келіспеушілік болмағанын айтқан (Қараңыз: «әл-Ижма'» 32).

Алайда әйел өз күйеуіне зекет бере алады, өйткені ол оны асырауға міндетті емес.

Шейх Ибн `Усаймин айтқандай, кәдімгі зекет пен зәкат әл-фитрді өзі асырауға міндетті емес кедей туыс мұсылмандарға берген жақсырақ.

Сондай-ақ зәкат әл-фитр байға әрі күшті, жұмысқа жарамды адамға берілмейді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтты: «Садақаны байға, сондай-ақ күшті, жұмысқа жарамды адамға беруге рұқсат етілмейді» (Әбу Дауд 2/234, Ибн әл-Жәруд 363. Имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи, әл-Хаким, хафиз Ибн Хәжар және шейх әл-Әлбани хадистің сахихтығын растаған).

Имам Ибн Қудама: «Кедейлер мен міскіндерге арналған садақаны бай кісіге беруге болмайды, әрі бұл мәселеде ғалымдар арасында келіспеушіліктер жоқ» (Қараңыз: "әл-Муғни" 2/522).

Зәкат әл-фитрдің мөлшері

Ибн `Аббастың сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: «Зәкат әл-фитрді бір са' мөлшерінде тамақпен беріңдер!» (Әбу Ну' айм 3/262, әл-Бәйһақи 4/167. Сахих хадис. Қараңыз: «Сахих әл-жәми'» 282).

Зәкат әл-Фитрді бір са` мөлшерінде азық-түлікпен беру керек. Бір са` төрт мұдда тең, ал бір мұдда – орташа адамның қос алақанына сыятын көлем (Қараңыз: "Маусу' атул-фиқһия" 3/163).

Шейх Ибн Баз айтқандай, бір са` мөлшері шамамен бидайдың 3 килограммына сәйкес келеді. Азық-түліктің түріне байланысты оның салмағы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, бір са` арпа 3 килограмнан аз болса, бір са` мөлшеріндегі күріш немесе сүзбе 3 килограмнан артық болуы мүмкін. Фитрді дәл бір са` көлімінде бергісі келген адам, шейх Ибн `Усаймин «Шархул-мумти`та» айтқанындай, 2,4 кг бидайдың салмағына тең азықтың мөлшерін анықтап алуы керек.

Зәкат әл-Фитрді немен беру керек

Абу Са`ид әл-Худри: «Біз фитрді бір са` тағаммен немесе бір са` арпамен, немесе құрмамен, немесе сүзбемен, немесе мейізбен төлейтінбіз», - деп айтқан (әл-Бухари 1506).

Хадистерде аталған «та`ам» сөзінің мағынасы жайында ғалымдар әртүрлі пікір білдірген. Кейбіреулері «тағам» сөзімен бидай меңзеліп тұрғанын айтқан. Ал басқаларының айтуынша, пітірді тек хадисте аталған тағам түрімен ғана төлеуге болады. Шын мәніне келсек, хадистердегі «та`ам» сөзі жалпы, әрі өлшенетін тамақтың барлық түріне қатысты деп есептейтін ғалымдардың пікірі күштірек және дәлелдірек. Бұған қоса, зәкат әл-фитрді сол аймақта негізгі тағам болып табылатын азық-түлікпен беру қажет. Бұған Абу Са`идтің келесі хадисі нұсқайды: «Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде біз фитрді бір са` азық-түлікпен төлейтінбіз, ал ол кезде біз арпамен, мейізбен, кептірілген ірімшікпен және құрмамен тамақтанатынбыз» (әл-Бухари 1510).

Әшхаб былай деп баяндайтын: «Мен имам Маликтің: “Арпа оны жемейтіндерге берілмейді! Адамдар жеп жүрген нәрсені ғана беру керек”, - деп айтқанын естідім» (Қараңыз: “әл-Истизкар” 9/263).

Хафиз Ибн `Абдул-Барр былай деген: «(Зәкат әл-фитрді беруді) қандай-да бір жердің негізгі тамағын ескеру барлық уақытта міндетті болып табылады» (қараңыз: “әт-Тамхид” 7/127).

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай деген: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зәкат әл-фитрді бір са` құрма немесе бір са` арпамен төлеуді парыз етті, өйткені бұл Мәдина тұрғындарының тамағы еді. Егер де Мәдина тұрғындары олардан өзге тамақтарды жейтін болғанда, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға олар қолданып жүрмеген тамақтарды беруді бұйырмас еді» (қараңыз: “Мәжму`ул-Фәтауа” 25/68).

Шейх Ибн әл-Қайим былай деп жазған: «Хадистерде аталған азық-түлік Мәдина тұрғындарының негізгі тамақтары еді. Егер белгілі бір жер тұрғындарының негізгі тамақтары осылар болмаса, онда олар фитрді қолданыстағы тағам түрлерімен, мысалы, жүгері, күріш, інжір және т.б. берулері керек. Ал егер олардың жейтін тағамдары сусымалы емес, есесіне ет немесе балық секілді тағамдар болса, онда олар фитрді олар жейтін нәрселермен берулері керек,

ол не болса да. Бұл - көпшілік ғалымдардың пікірі, әрі осы ең дұрыс пікір болып табылады» (“И’ләмул-мууаққи’ин” 3/12.).

Шейх Ибн `Усаймин былай деп айтқан: «Егер сусымалы азық-түлік белгілі бір жердің негізгі тамағы болып саналмаса, бірақ керісінше олардың негізгі тамақтары, мысалы, ет болса, онда олар фитрді етпен берулері керек. Дұрысы осы!» («Шархул-мумти’» 6/182).

Ал Абу Са`идтің олар фитрді бір са` мөлшеріндегі ұнмен бергені туралы айтылған хадисіне келер болсақ, онда ол, имам Әбу Дауд және басқалар айтқандай, әлсіз болып табылады (“Ируаул-ғалил” 848). Алайда бұл хадистің әлсіздігіне қарамастан, кейбір ғалымдар зәкат әл-фитрді ұнмен беруді рұқсат еткен. Имам Ибн Қудама былай деген: «Фитрді ұнмен беруге болады, әрі бұл туралы имам Ахмад айтқан» (“әл-Муғни” 2/357).

Сондай-ақ бұл пікірді имам Әбу Ханифа, шейхул-Ислам Ибн Таймийя, шейх Ибн әл-Қайим ұстанған, ал қазіргі заман ғалымдарының ішінде бұл пікірді шейх Ибн `Усаймин таңдаған.

Шейз Ибн `Усаймин: «Фитрді макарондармен де, егер олар белгілі бір жердің негізгі тамағы болып есептелсе, беруге болады», - деді («Шархул-мумти’» 6/191).

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, фитрді кез-келген азық-түлікпен: ол макарон, күріш, қара бидай, ет, тары және т.б. нәрселермен болсын – яғни белгілі бір жердің негізгі тамақтарымен беруге болады. Әрі адам фитрді ең қымбат тамақпен беруге міндетті емес, ол оны өзі жеп жүрген орта бағадағы нәрсемен бере алады.

Фитрді немен төлемеген жөн және немен төлеуге тыйым салынады

Фитрді бұзылған және де тез бұзылатын тамақпен беруге болмайды. Ибн әл-Қайим: «Нан және дайын тамақ туралы айтар болсақ, онда тіпті олардың кедейлер үшін пайдасы бар және олар уақыт пен еңбекті талап ететін болса да, бәрібір сусымалы тағамдардың пайдасы көбірек, өйткені оларды ұзағырақ сақтауға болады. Ал нан мен дайын (піскен) тамаққа келер болсақ, олар көп болса да, тез бұзылады әрі оларды ұзақ сақтау мүмкін емес», - деп айтқан (қараңыз: “И’ләмул-мууаққи’ин” 3/18).

Сондай-ақ фитрді қантпен, тұзбен және соған ұқсас нәрселермен беруге болмайды, себебі олардың барлығы тамақ емес, тек дәмдеуіштер ғана.

Ал Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Сүйікті нәрселеріңді жұмсамайынша, сендер ешқашан игілікке жетпейсіңдер, ал сендер не жұмсаңдар да, Аллаһ ол туралы біледі» («Әли ‘Имран» сүресі, 92-аят).

Зәкат әл-фитрді ақшалай беруге болады ма?

Зәкат әл-фитрді киіммен де, ақшамен де, тағамнан басқа нәрселермен де беруге болмайды, себебі бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әміріне қайшы келеді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) фитрді тек тамақ түрінде беруді бұйырған. Алайда осыған қарамастан кейбір ғалымдар фитрді ақшалай беруді рұқсат еткен. Имам ан-Науауи былай деген: *“Фақиһтардың көбісі фитрді ақшамен беруді рұқсат етпеген, дегенмен мұны Әбу Ханифа рұқсат еткен. Ибн әл-Мунзир мұның рұқсат етілгенін Хасан әл-Басриден, Умар ибн Абдул-Азизден және Суфьян әс-Сауриден жеткізген”*. “Шарх «Сахих» Муслим” 7/60.

Имам әл-Хаттаби Абу Са’идтің *“Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде біз фитрді бір са’ мөлшерінде тағаммен төлейтінбіз, ал ол кезде біз арпамен, мейізбен, кептірілген ірімшікпен және құрмамен тамақтанатынбыз”* деген хадисін келтіріп, былай деген: *“Бұл хадисте фитрді ақша түрінде беруге болмайтынына дәлел бар, өйткені бұл жерде ақша емес, нақты азық-түлік туралы айтылған”* (“Ма’алиму-с-Сунна” 2/44).

Динарлар мен дирхамдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде де болған, алайда шарифат фитрді ақшамен емес, тамақпен беруді бұйырған. Сол үшін біз де осыған тоқтауымыз керек. Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Кімде-кім (дінде) біз нұсқамаған амалды істесе, ол қайтарылады»*. Муслим 1/236.

Имам Ахмадтан фитрді дирхаммен төлегісі келген адам туралы сұрағанда, ол былай деп жауап берген: *“Оның бұл ісі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне қарсы келгендіктен, есептелмей қалады ма деп қорқамын!”* Сондай-ақ имам Ахмад: *“Фитрді азық-түліктің орнына ақшамен беруге болмайды!”*, - дегенде, оған: *“Бұл жерде адамдар: «Умар ибн Абдул Азиз ақшамен берген», - деп жатыр ғой”* – деген уәж айтылғаны хабарланады. Сонда имам: *“Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерін тастап: «Біреу солай айтты» - деп жатыр!”* - деп жауап берді (“әл-Муғни” 2/671).

Зәкат әл-Фитрді қашан беру керек?

Умар ибн Абдул-Азиз бен Әбул-Алия Аллаһ Тағаланың **«Тазарған, Раббысының атын еске алған және намаз оқыған (адам) табысқа жетті!»** («әл-А`лә» сүресі, 14-15 аяттар) деген сөздері жайлы былай деді: *«Мұның мағынасы: зәкат әл-Фитрді беріп, сосын айт намазына барды»* (қараңыз: “Ахкамул-Қуран” 3/176).

Ибн Умар былай деді: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) фитрді айт намазына шығардың алдында беруді әмір еткен» (әл-Бухари 1503).

Имам Ибн әт-Тин: «Фитр беру уақыты - таң намазынан бастап айт намазына дейін», - деген (қараңыз: “әл-Мутауари” 135, “Фатхул-Бари” 3/478).

Кейбір ғалымдар фитр беру уақыты Рамазанның соңғы күні батқан соң басталады да, айт намазына дейін жалғасады деп есептеген. Алайда оны айт намазына шықпас бұрын беру керек деген бірінші пікір күштірек, себебі ол тікелей хадиске сүйенеді.

Ал фитрді Рамазанның басында да беруге болады деп санаған ғалымдардың пікірі жайында айтар болсақ, онда ол қате әрі ештеңеге негізделмеген пікір болып табылады. Одан қалса, бұл пікір Ибн `Аббастан жеткен «Фитрдің мәнісі айт күндерінде кедейлерді тамақтандыруда» деген хабарға қайшы келеді. Имам Ибн Қудама былай деді: «Зәкат әл-Фитрдің парыз болуының мағынасы – бұл Ораза айт» (қараңыз: “әл-Муғни” 2/676).

Әш-Шаукани мен Шамсул-Хаққ Азим Абади деген имамдар былай деген: «Ғалымдардың көпшілігі зәкат әл-Фитрді айт намазына дейін беру жай мустахаб амал ғана болып табылады әрі оны айт күні аяқталғанша беруге болады деп есептеген. Алайда Ибн `Аббастың хадисі оларды теріске шығарады» («Аунул-Мә`буд», “Нәйлүл-аутар” 4/255).

Шейх әл-Әлбаниге «Зәкат әл-фитрді айт намазынан бірнеше күн немесе бірнеше апта бұрын беруге рұқсат па?» деген сауал қойылды. Оған шейх былай жауап берді: «Бұл рұқсат етілмейді, өйткені зәкат әл-фитрдің мәнісі кедейлерді мейрамда тіленіп жүруден құтқаруды қамтиды. Егер сен фитрді одан бұрын беріп қойсаң, онда кедей оны айтқа дейін сақтай алмайтынында күмән жоқ» (қараңыз: “әл-Һауи мин Фәтауа шейх әл-Әлбани” 283).

Бірақ егер адам фитрді айт намазына дейін беруге үлгермей қаламын деп қауіптенсе, онда оны айт намазына дейін бір-екі күн бұрын берсе болады. Бұл жалпы ережеден тыс жағдай болып табылады. Нәфи` былай деген: «Ибн `Умар кейде зәкат әл-фитрді айттан бір-екі күн бұрын беретін еді» (әл-Бухари 1511, Мұслим 986).

Кейбір ғалымдардың айтуынша, Ибн `Умар фитрді бір-екі күн бұрын кедейлердің өзіне емес, фитрді жинауға тағайындалған кісіге беретін еді. Бұл мағлұматты басқа хабарлар растайды. Нәфи`: «Ибн `Умар зәкат әл-фитрді айттан бір-екі күн бұрын оны жинап жүрген адамға жіберетін», - деп айтқан (Мәлик 1/285).

Айюбтан жеткен тағы бір хабарда «Ибн `Умар фитрді қашан беретін еді?» деген сұраққа Нәфи` былай жауап берген деп айтылған: «Жинаушы фитрді жинай бастағанда». Одан:

«Ал жинаушы фитрді қашан жинай бастайтын?», - деп сұрағанда, ол: «Айттан бір-екі бұрын», - деп жауап берген (Ибн Хузайма 4/83).

Алайда Ибн `Аббас: «Ал кім оны намаздан кейін берсе, онда ол кәдімгі садақа ретінде қарастырылады», - деп айтқандай, зәкат әл-фитр айт намазынан кейін берілсе, ол есптелмейтінін ескерту маңызды болып табылады.

Тұрақты Комитеттің (әл-Ләжна әд-Даима) ғалымдары былай деген: «Фитрді өз уақытында бермеген адам күнә жасады! Ол фитр беруді кешіктіргені үшін тәубе етіп, бәрібір оны кедейлерге беруге тиіс» (қараңыз: “Фәтауа әл-Ләжна” 9/369). Бірақ білмеген адамның жағдайы басқа.

Зәкат әл-фитр тек кедейге берілген кезде ғана төленген болып есептеледі. Ол кедейге немесе фитрді жинайтын сенімді кісіге уақытылы жетуі керек. Кедей адам өзіне тиесілі зекетті жинауды басқа біреуге тапсыруына болады. Сенімді кісіге зәкат әл-фитрдің уақытылы жеткені кедейдің оны алғанын білдіреді.

Алайда егер адам зәкат әл-фитрді беруге үлгермеген болса немесе оны ұмытқан болса, онда ол төлеуді талап ететін қарыз болып табылатындығына ғалымдар бірауыздан келіскен (“әл-Муғни” 2/458, “Мәусу’әтул-фиқһия” 41/43).

Шейх Ибн `Усайминнен: «Мен Рамазан айының басында Мысырда болғанымда, зәкат әл-фитрді беріп қойған едім, бірақ қазір мен Меккедемін. Фитрді қайта беру мен үшін міндетті болып табылады ма?», - деп сұраған. Шейх былай деп жауап берді: «Иә, сен фитрді қайта беруің керек, себебі оны уақытынан ерте беріп қойдың! Ис себебімен байланысты. Ал фитрдің себебі Ораза айт күні болып табылады әрі бұл уақыт аталмыш зекеттің уақыты болып саналады. Ораза айт күні тек Рамазанның соңында ғана болатынын жақсы білеміз. Фитр Рамазанның ақырғы күні аяқталып, күн батқан соң ғана беріледі. Бірақ фитрді айт намазына дейін бір-екі күн бұрын беруге рұқсат екенінде жеңілдік бар. Бұл тек жеңілдік қана, өйткені бұл зекеттің шынайы уақыты Рамазанның ақырғы күнінің кешінен басталып, айт намазына дейін созылады. Ал егер мүмкіншілік болып жатса, онда фитрді таңертең, айт намазына дейін берген жөн болады» (“Фәтауа Ибн `Усаймин” 18/180).

Оразаның өтем ақы істері мен қазаларын толықтыру жайында

Рамазан айында күндіз жыныстық қатынасқа барған адамның өтем ақысы (кәффара) жайлы

Бұзылған ораза үшін өтем ақы тек Рамазан айында күндіз жыныстық қатынасқа бару үшін талап етіледі. Одан басқа ештеңе үшін өтем ақы талап етілмейді!

Абу Һурайра былай деп баяндайтын: «Бірде, біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге отырғанымызда, оған бір адам келді де: “Уа, Аллаһтың елшісі, мен құрыдым!”, - деп дауыстап жіберді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Саған не болды?”, - деп сұрады. Ол: “Мен ораза кезінде әйеліммен қосылып қойдым”, - деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: “**Босатып жіберу үшін құлдарың бар ма?**”, - деп сұрайды. Ол: “Жоқ”, - деп айтты. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “**Ал сен екі ай үзбей ораза ұстай аласың ба?**”, - деп сұрайды. Ол: “Жоқ”, - деп жауап береді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “**Ал сен алпыс кедейді тамақтандыра аласың ба?**”, - деп сұрақ қойды. Ол: “Жоқ”, - деп тағы да жауап қайтарады».

Абу Һурайра сөзін жалғастырып, былай дейді: «Бұдан кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біраз үнсіз қалды, әрі біз осындай жағдайда отырғанымызда Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрмаға толған, үлкен кәрзеңке келтірілді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “**Сұрақ қойған кісі қайда?**”, - деп сұрайды. Ол: “Мен осындамын”, - дейді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: “**Мынаны ал да, садақа ретінде тарат!**” – деді. Сонда әлгі кісі: “Уа, Аллаһтың елшісі, мен бұны өзімнен де кедей адамдарға таратуым қажет пе? Аллаһпен ант етемін, Мәдина төңірегінде менің отбасымнан кедей отбасы жоқ!”, - деді. Сол кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тістері көрінгенше күле бастады да, сосын: “**Онда онымен өз үй ішіңді тамақтандыр**”, - деді» (әл-Бухари 1936, Муслим 2/781).

Хадистің басқа нұсқасында, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай деп айтқаны хабарланады: «**Мынаны отбасыңмен бірге же. Осы күнді өте де, Аллаһтан кешірім тіле**» (Әбу Дауд 2393, Ибн Хузайма 1954).

Шейхул Ислам ибн Таймийя осы қосымшаны әлсіз деп санаған, алайда хадистің сенімділігін имам ән-Науауи, хафиз Ибн Хәжар, шейх Сыддық Хасан Хан, шейх Ахмад Шәкир және шейх әл-Әлбани растаған. Қараңыз: “Ируә әл-ғалил” 4/91).

Осы хадистен Рамазан айындағы ораза кезінде күндіз жыныстық қатынасқа әдейі барған адам сол күнді толықтыруы және сонымен қатар өтем ақы істерін де жасауы керек.

Өтем ақы істері – бұл бір құлды босату. Егер адамның мұндай мүмкіншілігі болмаса, онда ол екі ай бойы үзбей ораза ұстауы керек. Ал егер де ол екі айлық оразасын орынсыз себептермен үзетін болса, күн санағын басынан бастау керек. Егер ол мұны да орындауға шамасы жетпесе, онда алпыс кедейді тамақтандыруы қажет. Ал егер ол кедей болып, алпыс кедейді тамақтандыра алмаса, онда ол өтем ақы істерден оларды орындай

алатындай мүмкіншілік пайда болмайынша босатылады (Қараңыз: “Итхафул-Кирам” 190).

Хадисте аталған ретті сақтаудың қажеттілігі ғалымдардың басым бөлігін пікірі болып табылады (Қараңыз: “Бидаятул-мужтаһид” 1/451, “Фатхул-Бәри” 4/198).

Егер де адам бір күн ішінде бірнеше рет жыныстық қатынас жасаған болса, онда барлық ғалымдардың айтуы бойынша, ол бәрі-бір бір өтем ақыны ғана орындайды. Алайда, егер ол жыныстық қарым-қатынасты бөлек күндерде жасаған болса, онда ол сонша өтем ақы істерін орындайды (Қараңыз: «әл-Мәжму’» 6/370).

Әйел кісі ерімен бірге өтем ақыны орындайды ма?

Егер ер адам өз әйелімен оның қалауынсыз жыныстық қатынас жасаған болса, ол өтем ақы істерін орындауға тиісті емес, бұл туралы Ибн Ақил айтқан. Ибн Таймийя «бұл оның оразасын мүлдем құнсыз етпейді» деген пікірді ұстанған. Алайда, егер әйел кісі бұған қарсы болмаған болса, онда ғалымдардың пікірлері әртүрлі болған: біреулері оның ешнәрсе істеуге тиісті емес екендігін, өйткені хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол сахабаның әйеліне де осыны бұйырғандығы туралы айтылмағандығын айтса, басқалары ол да өтем ақы істерін орындауға тиісті екенін айтқан. Қз.: “әл-Муғни” 3/27.

О бастан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жалғыз немесе жүз адамға, ерте немесе әйелге айтылған кез-келген бұйрығы баршаға қатысты болады, тек егер нақты дәлел қандай да ерекшелену жасамаса!

Күйеуі өзін ұстай алмайтынын білетін әйел өзін одан алыстау ұстауы және күндіз сәндемеуі қажет.

Рамазан айында күндіз әдейі ішіп-жеген адам өтем ақы орындауы керек пе?

Рамазан айында күндіз еш себепсіз тамақтану, ол күннің өтем ақысын орындауды талап етпейді. Оның жасаған күнәсі соншалықты ауыр, оған өтем ақы пайда бермейді. Ондай кісі тек шын ықыласпен тәубе етуі ғана керек. Ал күндіз әдейілеп тамақтанған адамға екі ай бойы үзбей ораза ұстауды міндеттеген имамдарға келер болсақ, онда олар Рамазан айында күндіз әйелімен жақындасқан адам туралы хадиске жасаған қиястарынан (ұқсастық бойынша теңеуден) басқа Құранда да, Сүннетте де оған бірде-бір дәлел жоқ. Алайда өтем ақы мәселелерінде қияс жасау орынсыз болып табылады. Имам әл-Бағауи былай деп айтқан: «Оразаның жыныстық қатынаспен бұзылуы мен оның басқа себептермен бұзылуы арасында ұқсастық бойынша теңеу жасауға болмайды. Өйткені шарият тек

жыныстық қатынас үшін гана өтем ақы орындауға нұсқаған!» (Қараңыз: “әл-Мухаррир” 1/229).

Ораза кезінде әдейі тамақтанған адам оразасын өтемейді деген пікірді Әбу Бакр, `Умар, Усман, `Али, Ибн Мас`уд және Абу Нурайра сияқты сахабалар ұстанған (Қараңыз: “әл-Мухаллә” 6/180).

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай деген: «Кім әдейілеп оразасын бұзса немесе намазын өткізіп алса, оларды толықтыра алмайды» (“Ихтияратул-фиқһия” 65).

Рамазан айында күндіз ұмытшақтықпен немесе білімсіздікпен тамақтанған немесе жыныстық қатынасқа барған адам оразасын өтеу керек пе?

Ғалымдардың басым бөлігі, солардың арасында төрт имам да бар: “«Әлі таң атпады» деп ойлап, немесе «күн батып кетті» деп пайымдап, оразаны бұзатын нәрсе жасаған адам сол күнді қайта толықтыруы керек”, - деп есептейді (“Фатхул-Бәри” 4/244).

Алайда «ондай күнді қайта толықтырудың қажеті жоқ» деген пікір дұрысырақ болып табылады!

Әсма бинт Әбу Бакр былай деп айтқан: «Бірде, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде, біз бұлыңғыр (бұлтты) күні ауыз ашқан едік, содан соң күн шығып келді» (әл-Бухари 1959).

Ибн Хузайма: «Бұл хабарда «оларға сол күнді қайта өтеуге әмір етілді» деген нұсқау жоқ!», - деген (қараңыз: “Сахих Ибн Хузайма” 4/200).

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай деп айтқан: «Егер де Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға сол күнді қайта толықтыруды бұйырғанда, ол бізге парыз болатын еді» (қараңыз: “Мәжму`ул-фәтауа” 25/231).

Имам Ибн Хазм былай деген: «Түн болды деп ойлап тамақтанған, немесе күн батты деп есептеп әйелімен жақындасқан, немесе қателесіп күндіз су ішіп қойған адамның оразасы бұзылмайды, өйткені ол оразаның уақыты аяқталды деп ойлаған. Әрі осы нәрседе ұмытқан немесе қателескен адамның арасында еш айырмашылық жоқ. Бұл қияс (салыстыру) емес. Аллаһ Тағала былай деген: **“Егер қателік жасасаңдар, әрі оны жасауды жүректеріңмен қаламаған болсаңдар, онда қате жасағандарың үшін сендерге күнә болмайды. Аллаһ – Кешірімді, Мейірімді!”** («әл-Әхзаб» сүресі, 5-аят).

Сондай-ақ Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтты: **“Расында, Аллаһ мен үшін үмметіме олардың қателесіп, ұмытып және де мәжбүрлі**

күйде істеген нәрселерін кешіреді” (Ибн Мәжаһ 2045, әл-Бәйһақи 7/356, әт-Тахауи 2/56. Хадис сахих). Бұл сәләфтарымыздың көпшілігі ұстанған пікір. Зәйд ибн Уаһб былай деп айтқан: “Умар ибн әл-Хаттабтың кезінде адамдар уақытынан бұрын ауыздарын ашып қойды. Содан соң күн де шықты. Сол кезде олар: “Біз осы күнді қайта толықтыруымыз қажет”, - деді. Бұған Умар былай жауап қайтарды: “Не үшін?! Аллаһпен ант етемін, біз күнә жасауды қалаған жоқпыз ғой!”. Сондай-ақ әш-Шу`ба, әл-Хаким ибн Утайбадан әлі түн шығар деп пайымдап, күн шыққан соң сәресін ішкен кісі туралы сұрағанын айтқан. Бұған ол: “Оразасын жалғастыра берсін”, - деді» (Қараңыз: “әл-Мухаллә” 6/331).

Ибн Хазмның «әл-Мухаллә» кітабына шарх (түсіндірме) жасаған шейх Ахмад Шәкир, оның айтқан барлық сөздерімен толық келісті.

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай дейтін: “«Осындай жағдайларда ораза бұзылмайды», - деп есептейтіндер олардың дәлелдері күштірек екендігін айтады! Құран мен Сүннеттің дәлелдері біздің пікірімізге жақынырақ, өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтады: **«Раббымыз, егер біз ұмытсақ немесе қателессек, бізді жазаға бұйырма!»** Сенімді хадисте сахабалар Пайғамбардың (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде уақыттан бұрын ауыз ашып жібергені туралы хабарланады, бірақ хадисте оларға осы күнді қайта толықтыру бұйырылғандығы туралы айтылмайды. Хадистің жеткізушісі Хишам ибн Уруа: «Орнын толықтыру міндетті!», - деп айтатын. Алайда оның әкесі одан білімдірек болатын әрі: «Олар орнын толықтырмайды», - деп айтатын. Сондай-ақ әл-Бухари мен Муслимнің жинақтарында кейбір сахабалар ақ жіпті қара жіптен ажырата алмайынша тамақтана беретіндігі туралы хадис келтіріледі. Алайда Пайғамбар (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: **«Сөз күннің ағы және түннің қарасы туралы болуда!»**, - деп айтты. Әрі ол оларға осы күнді қайта өтеуді бұйырғаны белгісіз. Бұл адамдар заң ережелері туралы білмейтін және сол үшін қателесушілерден болды. Сондай-ақ Умар ибн әл-Хаттабтан, олар ауыз ашқанда күн шыққандығы және ол: «Біз өтемейміз!», - деп айтқаны, ал хадистің басқа бір нұсқасында ол: «Біз өтейміз!», - деп айтқаны хабарланады. Алайда одан жеткен бірінші хабардың иснады сенімдірек. Сөйтіп, бұл пікір (сахабалардан жеткен) деректермен де, қорытындылармен де күштірек, өйткені ол Құранмен, Сүннетпен және қияспен расталады!” Қз.: “Мәжму’ул-фәтауа” 20/572-573.

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя сондай-ақ: “Егер ораза ұстаушы ұмытшақтықпен немесе қателесумен ішіп қойған немесе жыныстық қатынасқа түскен болса, ол өзінің оразасын қайта өтеуге тиісті емес”, - деп айтқан. Қз.: “Мәжму’ул-фәтауа” 25/228.

Білімсіздіктің де үкімі осындай. Шейхул-Ислам ибн Таймийя былай деп айтқан: «Егер ораза ұстаушы адам оразаны бұзатын нәрсені, оның тыйым салынғанын білмей жасаған болса, онда ол ештеңені де өтеуге тиісті емес» (Қараңыз: “әл-Фәтауа әл-кубра” 2/19).

Алайда, егер біреу ораза кезінде қателесіп немесе ұмытып, оны бұзатын себептердің бірін жасайтын болса, оразасын күннің соңына шейін ұстап шығуға міндетті. Мәселен, адам күн батып кеткенінде анық сенімді болып, тамақтанып қойса, онда оның оразасы дұрыс, әрі ол ештеңені өтемеу керек, алайда ол оразасын соңына дейін ұстау қажет (Қараңыз: “Сахих фиқһу-Ссунна” 2/105.).

Сұрақ: «Мен Рамазан айындағы ораза кезінде әйеліммен ойнап-қырындайтын едім, сосын бұл жыныстық-қатынаспен аяқталатын еді. Мен оның тыйым салынғандығын білмедім, әрі «ұрық шашусыз болған жақындасу, оразаны бұзбайды» деген ұғымым бар еді. Менің білімсіздігімді ескере отырып, сұрағыма жауап беруіңізді өтінемін!»

Жауап:

«Рамазан айында әйелімен жақындасқан ораза тұтушы адамның екі жағдайы бар:

1 – оның «Рамазан айындағы ораза кезінде ұрық шашусыз болған жақындасу тыйым салынбаған» деген сенімі бар. Сол үшін ол білімсіздіктен әйелімен қосылады.

2 – ол жыныстық қатынастың тыйым салынғанын біледі, бірақ ол істің жазасынан бейхабар.

Дұрысырақ пікір бойынша, оразаны бұзатын нәрселердің бірін немесе ихрам кезінде (қажылықта) тыйым салынған нәрсені, немесе намазды бұзатын істердің бірін білімсіздікпен жасаған адамға ештеңені (өтем ақыны да, орнын толықтыруды да) істеудің керегі жоқ. Аллаһ Тағала былай деді: **«Раббымыз! Біз ұмытсақ, не қателесетін болсақ, бізді жазалама!»** («ән-Ниса» сүресі, 286-аят). Аллаһ бұл дұғаға: **«Мен мұны істеп қойдым»,** - деп жауап берді (Муслим).

Кім (ораза кезінде) әйелімен жыныстық қатынас жасасудың тыйым салынғанын білмей: «Ол тек ұрық шашу кезінде ғана харам болады», - деп ойлап, әйелімен жақындасқан кісі ештеңені жасауға міндетті емес.

Ал екінші жағдай туралы айтар болсақ, онда егер адам Рамазан айында күндіз жыныстық қатынасқа барудың тыйым салынғанын білген болса, бірақ оның өтем ақысы (кәффара) бар екенін білмесе, онда ол өтем ақы істерін орындауға міндетті. Өйткені үкімді (хукм) білмеу мен жазасын (уқуба) білмеудің арасында айырмашылық бар. Жазаны білмегені үшін, адамның мойнынан жауапкершілігі түспейді, бірақ үкімі жайында білмеген адамға істегені кешіріледі. Сондықтан ғалымдар былай деген: “Егер адам мас қылатын бір сусынды ішсе, бірақ оның мас

қылатынын немесе оның тыйым салынғанын білмесе, ол күнә алмайды. Ал егер ол оның мас қылатынын әрі тыйым салынғанын білген болса, бірақ бұның жазасынан бейхабар болса, онда ол жазаланады, әрі жаза мойнынан түспейді”.

Осыған сүйеніп, біз сұрақ қоюшыға былай жауап береміз: егер сен ұрық шашусыз жақындасудың тыйым салынғанын білмеген болсаң, онда ештеңе істеуің керек емес. Сол сияқты, әйеліңе де, егер ол да бұл туралы білмеген болса, ештеңе міндетті емес» (Шейх ибн `Усайминнің жауабы).

Ниетін таң атқан соң ғана бекіткен адам оразасын қайта толықтыруы керек пе?

Бұндай адамдардың қатарына: рамазанның келгені туралы күндіз ғана білген кісі; немесе Рамазан айында күндіз Ислам қабылдаған адам; немесе рамазанда ержету белгілері пайда болған бала; немесе рамазанда ақылы қайта оралған есі ауысқан адам жатуы мүмкін. Осы адамдар күннің қалған бөлігінде ораза тұтып шығулары қажет. Ал олардың оразаны қайта толықтырулары жайында, ғалымдардың арасында келіспеушіліктер бар.

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай деп айтқан: «Егер адам оразаның парыз екенін түнде білмеген болса, онда таң атқан соң бекітілген ниетпен парыз оразасын тұту дұрыс болып есептеледі. Ол қалған күн бөлігінде ораза тұтуы керек әрі оны өтеуге міндетті емес, тіпті осыған дейін тамақтанған болса да» (қараңыз: “Ихтияратул-фикһия” 4/63).

Бұл мәселеде шейхул-Исламды Ибн әл-Қайим, имам әш-Шәукәни және шейх әл-Әлбани қолдаған.

Әйелдердің еттекірі немесе туғаннан кейінгі қаны келуі себебімен, оразаны қайта толықтыруы

Рамазан айындағы ораза күндерін өткізіп алған еттекірі немесе босанғаннан кейін қаны келген әйел оларды қайта толықтыруы қажет, әрі бұдан басқа оның өтем ақысы жоқ. `Айша былай деді: «Аллаһтың Елиісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде бізге еттекіріміз келгенде оразаны қайта толықтыру әмір етілген еді де, намазды толықтыру міндет етілмеді» (Муслим 1/265).

Науқас пен жолаушының оразаны қайта толықтырулары

Аллаһ Тағала былай деді: «Ал егер біреу науқастанса немесе сапарда болса, онда сонша күн басқа уақыттары ораза ұстасын» («әл-Бақара» сүресі, 185-аят).

Ескерту

Демек орынды себеппен ораза ұстамаған кез-келген адам мүмкіншілігі пайда болған уақытта оны өтеуге тиіс. Аллаһ Тағала: «...**онда сонша күн басқа уақыттарда ораза ұстасын**», - деді («әл-Бақара» сүресі, 185-аят).

Өткізіп алған ораза күндерін лезде өтеу керек пе?

Айша былай деп баяндайтын: «Менің мойнымда рамазан айының (өтеуге тиіс) оразасы болғанда мен оны Ша`бан айынан басқа айда өтей алмадым» (әл-Бухари 1950, Муслим 1146).

Хафиз ибн Хәжар былай деген: «Бұл хадисте жіберіп алған ораза күндерін өтеуді себеппен не себепсіз болсын кешіктірудің рұқсат етілгеніне нұсқау бар» (Қараңыз: “Фатхул-Бәри” 4/191).

Алайда жіберіп алған ораза күндерін өтеуге асығу әрі Аллаһ Тағаланың әмірлеріне немқұрайлық танытпау абзал. Ал жіберіп алған оразаны толықтыруға асықпау Аллаһтың заңына қатысты немқұрайлық танытуға нұсқайды.

Ал Айшаның Ша`баннан бұрын оразасын өтемегені жайлы айтар болсақ, онда, имам әз-Зәйн ибн Мунайир айтқандай, бұның себебі оның қолы бос болмаушылығында еді. Әрі еш себепсіз оразаны өтеуді кешіктіру Аллаһ Тағаланың «**Тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі аспандар мен жерге тең Жәннатқа және Раббыларыңның кешіріміне асығыңдар!**» деген әміріне қайшы келеді («Әли`Имран» сүресі, 133-аят).

Және де Аллаһ ізгі амалдарды істеуге асығатын адамдарды мақтап, былай деді: «**Олар ізгі амалдарды жасауға асығады да, онда басқаларды озады**» («әл-Муминун» сүресі, 61-аят).

Жіберіп алған ораза күндерінің арасын үзбей өтеу міндетті болып табылады ма?

Ораза күндерінің арасын үзбей толықтыру міндетті емес. Аллаһ Тағала өтеу туралы айтып: «...**онда сонша күн басқа уақыттары ораза тұтсын**», - деді де, бірақ ретті атап кеткен жоқ, әрі бұған ешқандай уақыт орнатпады. Ибн `Аббас былай деді: «Оразаны қатарынан емес өтеудің ешқандай айыбы жоқ» (Абдур-Раззақ 4/43, әд-Дәрақутни 2/192. Иснәді сахих).

Әнас та: «Егер қаласаң, оразаңды арасын үзбей өте, ал егер қаламасаң, қатарынан емес толықтыра бер», - деген (Ибн Әби Шәйба 9115. Иснады сахих).

Алайда, егер адамның еш себебі болмаса, онда ол оразаны лезде әрі арасын үзбей тұтқаны жөн (“Тамамул-минна” 422-423).

Жіберіп алған оразасын келесі Рамазанға дейін толықтыруға үлгермеген кісі өтем ақы орындауы керек пе?

Рамазан айының кейбір күндерін орынды себептермен жіберіп алған адам оларды келесі Рамазаның келуінен бұрын толықтырып болуы керек.

Егер де ол жіберіп алған күндерін келесі Рамазан келгенге дейін орынды себептерсіз өтемеген болса, онда өз міндеттеріне салғырт қарандығы үшін сөгіске лайық болады.

Ал енді «ол өтем ақы істерін орындау керек пе, жоқ па, немесе тек жіберіп алған ораза күндерін толықтыру ғана керек пе?» деген мәселеге келер болсақ, онда ғалымдар арасында бұл туралы екі пікір бар.

Бірінші пікір бойынша, белгілі себептермен жіберіп алған ораза күндерін толықтыру керек. Әрі ешқандай өтем ақы істерін орындамаса да болады. Өйткені, оған Құранда да, Сүннетте де ешқандай нұсқау жоқ. Екінші пікір бойынша, бұндай адам жіберіп алған ораза күндерін толықтырып, әрбір өтелмеген оразасы үшін бір кедейді тамақтандыруы керек. Бұл пікірді кейбір сахабалар да ұстанған.

Мойнында Рамазан айның өтелмеген күндері бар, бірақ оларды келесі Рамазанға дейін толықтырмаған адам туралы Абу Һурайраның былай деп айтқаны хабарланады: «*Ол келген Рамазанда ораза ұстайды да, жіберіп алған айын толықтырады, әрі әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандырады!*» (әл-Бәйһақи 4/253. Шейх әл-Әлбани иснадын сахих деп атаған).

Дәл осыны Ибн `Умар және Ибн `Аббас айтқан (`Абдур-Раззақ 4/235, 237, әл-Бәйһақи 4/235).

Егер «келесі Рамазанға дейін оразасын өтеуді үлгермей қалған адам кедейді тамақтандырмау керек» деген пікірді ұстанатын жақ, бұл мәселеде сахабалардың пікірін дәлел ретінде келтірмесе, онда біз екінші пікірді құптаймыз. Себебі, адамдардың ішінде дінді ең жақсы түсінгендер сахабалар болып табылады. Ал сахабалардың арасында келіспеушілік болмаған жағдайда, олардың пікірі мықты дәйек болып есептеледі.

Қайтыс болған адам үшін оның оразасын өтеу керек пе?

‘Аишадан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: «*Әрі ораза ұстауға тиісті болған адам үшін оның жақындарының (уәлиінің) бірі ораза ұстасын*» әл-Бухари 1952, Муслим 2/789.

Ғалымдардың басым бөлігі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл бұйрығы міндетті болып табымайды деп есептейді.

Сондай-ақ Ибн ‘Аббастан бір кісі Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Менің анам бір айы бойы ораза ұстауға тиісті еді, алайда ол қайтыс болды. Мен ол үшін ораза ұстауым керек пе?»*, - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ия»*, - деп жауап берді де: *«Өйткені Аллаһқа деген қарыз төленуге бәрінен лайықтырақ»*, - деп жалғастырды.

Бұл хадистер егер ораза ұстауға тиісті мұсылман адам қайтыс болса, онда оның жақындарының бірі ол үшін ораза ұстауы керектігіне нұсқайды. Алайда бұл хадисті түсінуде ғалымдардың пікірі бірікпеді. Олардың бір бөлігі: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығы жалпы болып табылады әрі парыз оразаның кез-келген түрін ұстау қажет»*, - деп есептеді, ал басқа ғалымдар: *«Сөз тек нәзір етілген ораза турасында болуда»*, - деп санады. Бұл пікірдің жақтаушылары: *«Рамазанның әрбір қаза болған күні үшін бір кедейді тамақтандыру керек, ал қайтыс болған адам үшін тек нәзір етілген оразаны ғана өтеу қажет»*, - деп есептеген.

Ал бірінші пікірдің жақтаушылары бұл дәлелдердің сендіретіндей еместігін, өйткені олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахих хадисіне қарсы тұра алмайтындығын, ал рамазанның қаза болған күні үшін бір кедейді тамақтандыру керектігі туралы нұсқаудың жоқтығын айтқан. Сондықтан да Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығы парыз оразаларының барлық түріне қатысты күшке ие. Қз.: “Фәтхул-Бәри” 4/235-236 және “Субулюс-Саләм” 2/580.

Алайда ең күшті пікір болып екінші, яғни «қайтыс болған адам үшін тек нәзір етілген оразаны ғана өтеу керек» деген пікір табылады, өйткені Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрықтарын бізге оның сахабалары түсіндіріп берді, ал олар дінге өздерінен еш нәрсе қоспайтын.

Бірде бір әйел кісі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келгені және апасының (сіңілісінің) бір ай ораза ұстауды нәзір етіп, нәзірін орындай алмай қайтыс болғанын айтады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Апаң (сіңілің) үшін ораза ұста»*, - деді. Өт-Таялиси 2630. Шейх ал-Әлбани хадистің сахихтығын растаған.

Ибн ‘Аббас былай деген: *“Егер адам рамазан айында ауырып қалып, ораза ұстамаған болса, кейін қайтыс болса, оның әрбір өткізіп алған күні үшін бір кедейді тамақтандыру қажет және*

ол үшін ораза ұстау қажет емес. Ал егер ол ораза ұстау туралы нәзір берген болса, онда ол үшін туысқандарының біреуі ораза ұстауға тиісті» Абу Дауд 2401. Иснады сахих.

‘Амраның шешесі қалдырып кеткен ораза күндерін өтемей қайтыс болғанда, ол ‘Аишадан шешесі үшін ораза ұстауға тиісті ме деп сұрады. ‘Айша оған: «Жоқ, оның қалдырған әрбір күні үшін жарты са`мөлшерінде (тамақ) садақа бер», - деді. Эт-Тахауи 3/143, Ибн Хазм 7/4. Иснады сенімді.

Ибн Умар былай деп айтатын: “Сендерден ешкім басқа біреу үшін ораза ұстамасын, әрі сендерден ешкім өзге біреу үшін намаз оқымасын!» Абдур-Раззақ 16346. Иснады сахих.

Имам Малик былай деген: “Мен сахабалардан немесе таби`индерден немесе Мәдина тұрғындарынан біреу басқа біреу үшін ораза ұстауға немесе намаз оқуға бұйыратынын естімепін” Қз.: “Насбу-ррая” 2/334.

Бұл пікірді Сүннет имамы Ахмад ибн Ханбал де абзал көрген. Абу Дауд былай деп баяндаған: “Мен имам Ахмадтың: «Қайтыс болған адам үшін оның нәзір еткен оразасынан өзге ораны өтемеу керек» Қз.: “әл-Мәсаил” 96.

Ибн ал-Қайим былай деп айтқан: “Рамазан айының парыз оразасына қатысты іс намазға қатысты істей. Ешкім басқа біреу үшін намаз оқи алмайды және басқа біреу үшін Исламды қабылдай алмайды, әрі осы нәрсе оразаға да қатысты. Ал нәзір етілген оразаға қатысты айтар болсақ, ол қарыз ретінде қарастырылады, әрі адам туысқаны үшін қарызын өте алатындай, өзінің туысқаны үшін осындай ораны ұстай алады, әрі мұның барлығы фикһтың нәзік тұстары” Қз.: “И`ләмул-мууаққи`ин” 3/554.

Алайда қайтыс болған адам үшін оның нәзір еткен оразасын өтеу үшін, әрі осы оған пайда келтіруі үшін, ол мұсылман болуы керек. ‘Амрдың әкесі өмір сүру кезінде жүз түйені құрбан шаламын деп уәде бергені, бірақ нәзірін орындамай қайтыс болғаны туралы хабарланады. Оның баласы ‘Амр Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкесінің орнына өзі құрбан шалса, бұл оған пайда береді ме деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Егер әкең мұсылман (бірқұдайшыл) болған болса, онда сенің ол үшін жасаған құрбандығын, ол үшін жасаған қажылығың, (ораза мен садақ) оған пайда келтірер еді», - деп жауап берді. Абу Дауд 2883, ал-Бәйһақи 6/279, екі жақшалардағы сөздер Ахмадтың риуаяты болып табылады 2/182. Хадис хасан.

Ал қайтыс болған адам үшін дәл кім ораза ұстай алатынына қатысты айтар болсақ, онда келтірілген хадистерге сүйенген түрде ол оның кез келген туысқаны болуы мүмкін, ал бірінші хадистегі уәлидің аталғандығының себебі, осы туралы Ибн ал-Қайим айтқанындай, бұл сөздің мағынасы көбірек жинақталған болуында.

Рамазанның ораза ұстамай қалып кеткен күндерін өтеуден бұрын нәпіл ораза ұстауға болады ма?

Рамазанның оразасын өтеуден бұрын нәпіл ораза ұстаудың рұқсат етілгендігіне қатысты үш пікір бар. Біріншісінің мәні – бұл іс рұқсат етілгендігінде, өйткені бұның тыйым салынғандығына ешқандай нұсқау жоқ. Себебі нәпіл ораза рамазан айының оразасымен байланысты емес. Әрі осы - ханафилердің және оны артық көріп: *«Кім мойнында рамазанның өтелмеген күндері бола тұра Арафа күнінің немесе Ашура күнінің оразасын ұстаған болса, оның оразасы дұрыс»*, - деп айтқан шейх Усайминнің пікірі. Қз.: “Фәтауа әс-сыям” 438.

Алайда Ибн Усаймин бұл (үкім) рамазан айынан кейін жалғасатын шәууал айының алты күндік оразасына қатысты емес деп айтқан, өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Кім рамазанда ораза ұстаса, содан соң оған шәууал айында алты күн қосса, бір жыл бойы ораза ұстаған секілді болады»*. Муслим 1164. Сөйтіп, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шәууалдың оразасының сауабын рамазанмен байланыстырды, әрі кім осы сауапты алғысы келсе, сол алдын рамазанның оразасын өтеуге тиіс. Қз.: «Шархул-мумти’» 6/448.

Рамазан айының оразасын өтеуден бұрын нәпіл ораза ұстауға қатысты екінші пікірдің мәні – бұл рұқсат етілетіндігінде, бірақ құпталмайтын амал болып табылатындығында. Әрі бұл туралы кейбір мәликилер мен шәфи`илер айтатын.

Үшінші пікір: бұл рұқсат етілмейді, әрі адам рамазанның күндерін өтемейінше оның ұстаған нәпіл оразасы қабыл болмайды. Бұл - ханбалилердің өте сирек кездесетін пікірі, әрі олар дәлел ретінде Абу Һурайрадан жеткізілетін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Кім рамазан айын қарсы алса, әрі оның мойнында өткен Рамазанның өтелмей қалған ораза күндері болса, онда оның оразасы қабыл болмайды! Әрі кім мойнында рамазанның өтелмей қалған ораза күндері бола тұра нәпіл ораза ұстайтын болса, ақиқатында, ол рамазанның оразасын өтемейінше бұл одан қабыл етілмейді!»*, - деп айқан хадисті келтіреді. Ахмад 8606.

Бұл хадистің сенімділігіне қатысты Ибн Ләхи'а есімді риуатшының себебімен келіспеушіліктер болған. Ғалымдардың ол туралы пікірі қарама-қарсы болған. Олардың арасында оның хадистерін толығымен қайтаратындар болған. Әрі оның кітаптары өртеніп кеткенге дейін жеткізген хадистері қабыл алынатынын, ал одан кейінгілері қабылданбайтынын, өйткені ол осыдан кейін қателесетінін және шатасатынын айтқан ғалымдар да болған. Оны (хадистері) қабыл етілетін риуатшы деп есептейтіндер бұл хадисті сахих деген, ал олардың арасында хафиз әл-Хайсами, имам әс-Суюты және шейх Ахмад Шакир бар.

Алайда шейх әл-Әлбани бұл хадисті әлсіз деп санаған әрі имамдардың басым бөлігі Ибн Ләхи'аның хадистерін оның кітаптары жанып кеткенге дейін де, одан кейін де қабылдамағандығын айтқан.

Әрі егер осы хадис әлсіз болса, онда ең жақсы пікір болып, шейх Ибн Усаймин қолдаған бірінші пікір табылады. Уа-Ллаһу а'ләм.

Рамазан мен ораза туралы кең таралған, бірақ әлсіз не ойдан шығарылған хадистер

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Менің атымнан мен айтпаған нәрсені айтқан адам Оттан орын алуға дайындала берсін!»* (Бухари 109).

Хафиз ибн Хәжар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) *«Өзі өтірік деп санайтын нәрсені менен жеткізетін кісі өтірікшілердің бірі болып табылады!»* деген сөздері жайында: *«Егер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атынан ол айтпаған нәрселерді тіпті баяндауға тыйым салынған болса, онда осыған негізделген амалды жасау туралы не айтуға болады?! Хадиске негізделген амал жасауда, бұл үкімдерге (ахкам) немесе артықшылықтарға (фадаил) қатысты болады ма – мұның еш айырмашылық жоқ, өйткені мұның барлығы шаригат!»,* - деп айтты ("Тәбйин әл-'ажаб" 3-4).

Әлсіз хадистер:

1. *«Егер де құлшылық етушілер Рамазанның артықшылығын білгенде, онда олар жыл бойы Рамазан болуын қалар еді»* (Ибн Хузайма 1886).

Бұл хадис ойдан шығарылған болып табылады. Бұл хадистің жеткізушілер тізбегінде жалған хадистерді айтатын Жәрир ибн Айюб деген адам бар (қараңыз: "Лисан әл-мизан" 2/101).

Бұл хадистің әлсіздігі туралы имам әл-Бухари, имам ән-Нәсаи, имам Ибн әл-Жәузи, шейх әл-Әлбани және басқалар айтқан (қараңыз: "әл-Мәуду' ат" 2/188).

2. *«Рамазанның басы – мейірім, ортасы – кешірім, ал соңы – Оттан құтылу... Әрі осы айда ізгі амал жасаған адам ол үшін парыз амал жасағандай сауап алады. Ал парыз амал жасаған адам ол үшін басқа уақытта жасалатын жетпіс парыз амалға тең сауап алады»* (Ибн Хузайма 1887, әл-Бәйһақи 3/128).

Бұл хадис Али ибн Зәйд деген жеткізушінің себебімен әлсіз болып саналады. Оны Ахмад ибн Хәнбал, Ибн Са`д, Ибн Әбу Хайсама, Ибн Хузайма және басқалар әлсіз деп атаған (қараңыз: "Тәһзиб әт-тәһзиб" 7/322).

Бұл хадистің әлсіздігі жайында сондай-ақ имам Ибн Са`д, Ибн Ма`ин, Ибн Әби Хатим және т.б. аятқан (қараңыз: "әс-Силсилә әд-да'ифа уәл-мәуду'а" 871).

3. *«Ораза тұтыңдар, сонда сау боласыңдар»* (әт-Тәбарани «әл-Әусат 1/69»)

Бұл хадис Нахшәл ибн Са`д деген жеткізушінің себебімен әлсіз болып табылады. Ол – жиі өтірік айтып жүрген, қабылдауға тұрмайтын адам еді. Хадистің әлсіз болуының тағы да бір себебі әд-Дәххактың Ибн `Аббасты кездестіргендігінде (Қараңыз: "әс-Силсилә әд-дә'ифа уәл-мәуду'а" 253).

4. *«Кімде-кім Рамазан айының бір күн оразасын орынды себебісіз және ауырмастан бұзатын болса, ол өмір бойы ораза тұтып шықса да, сол күнді өтей алмайды»* (әл-Бухари 4/160).

Хафиз ибн Хәжар бұл хадистің үш ақауы бар екенін айтты: 1. Анықсыздық, 2. Белгісіз жеткізуші, 3. Үзілген иснад (қараңыз: "Фатхул-Бәри" 4/161).

Хадистің әлсіздігіне Ахмад, Ибн Хузайма, әл-Мунзири, әл-Бағауи, әл-Қуртуби, әз-Зәһаби және сол сияқты тағы да көптеген имамдар нұсқаған. Тіпті бұл хадис туралы: «Абу Һурайрадан.....жеткізіледі», - деген имам әл-Бухаридің өзі де оның әлсіздігіне нұсқаған, өйткені ол бекітілген түрде: «Маған.....айтты», «Бізге.....жеткізді», - деп айтатын сенімді хадистерден айырықша белгісіз және мақұлдап айтылмайтын формада айтады.

Хадистану ғылымында «жеткізілетіндей», «айтылады», «хабарланады» деген белгісіздікті білдіретін сөздер осындай хабарлардың күмәнды не әлсіз екендігіне нұсқайды. Ал күмәнсіз нәрселер «айтты», «істеді» т.с.с. деп жеткізіледі, мұны имам ән-Науауи түсіндіргендей. Қз.: «әл-Мәжму'» 1/63.

5. *«Ораза тұтушының ұйқысы – құлшылық, оның үнсіздігі – тасбих, оның дұғасы қабыл етіледі, ал амалдары екі еселенеді».* Әл-Бәйһақи 3/143.

Имам әл-Бәйһақи былай деген: *«Ма`руф ибн Хасан (осы хадистің жеткізушісі) әлсіз болып табылады, ал Сулайман ибн Амр ән-Нәха`и (басқа жеткізушісі) одан да әлсіз!»*. Хафиз әл`Ираки былай деген: *«Сулайман ән-Нәха`и өтірікшілердің бірі!»* (“Тахриж әл-Ихья” 1/310). Сондай-ақ бұл хадисті әлсіз деп имам әл-Мунауимен шейх әл-Әлбани атаған (Қараңыз: “Фәйдул-Қадир” № 9293, “әс-Силсилә әд-дә`ифа уәл-мәуду`а” 4696).

6. *«Үш нәрсе Исламның тірегі мен негізі болып саналады, әрі кім олардың біреуін болса да қалдырса, қаны рұқсат етілген кәпір болады: бұл Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ деп куәлік беру; бес уақыт намаз оқу және Рамазан айында ораза ұстау»* (Әбу Я`лә 2/126, әл-Ләләкәи 1/202).

Аталмыш хадис Амр ибн Мәлик ән-Нуридін себебімен әлсіз болып табылады. Ибн Хиббаннан басқа ешбір имам оны сенімді деп санамаған. Ал мухаддистердің арасында имам Ибн Хиббанның әлсіз әрі тіпті белгісіз жеткізушілердің сенімділігін күшейту әдеті белгілі болған. Бұл туралы Хафиз Ибн `Абдул-Һади айтқан.

Сондай-ақ бұл хадистің тізбегінде Мумәл ибн Исма`ил деген кісі бар, ол шыншыл жеткізуші, алайда, бұл туралы имам Әбу Хатим айтқандай, қателіктер жіберетін еді.

Бұған қоса бұл хадис Ислам үш емес, бес тірекке негізделгені туралы хабарланған көптеген сахих хадистер мен анық нұсқауларға қарама-қайшы келеді.

Шейх әл-Әлбани былай деп айтқан: *«Мен оразаның міндеттілігін мойындай отырып, оны қалдырған адамды, ғалымдардан біреу болса да кәпір деп атайды деп ойламаймын! Алайда бұл хадистің (ораза тастаған адамның кәпір болатындығы туралы) сыртқы мағынасына қайшы келіп тұр. Әрі осыда да бұл хадистің әлсіз екеніне ғылыми дәлел бар»* (“әс-Силсилә әд-дә`ифа уәл-мәуду`а” 94).

7. *«Аллаһ Тағала былай деді: “Ауызашарға бәрінен тез асығатындар Менің ең сүйікті құлдарым болып табылады”»* (әт-Тирмизи 700).

Бұл хадис Қурра ибн `Абдуррахманның себебімен әлсіз болып саналады. Оны Ахмад, Ибн Мә`ин, Әбу Зур`а, Әбу Хатим және басқалар әлсіз жеткізуші деп атаған (Қараңыз: “Ируа әл-ғалил” 1/38).

8. *«Рамазан айы аспан мен жердің арасында тұрады, әрі оны зәкат әл-фитрден басқа ештеңе Аллаһқа көтермейді»* (әд-Дәйлами, Ибн Шахин).

Бұл хадис есімі Мухаммад ибн `Убайд деген белгісіз жеткізушінің себебімен әлсіз болып саналады (қараңыз: “әл-`Иләл” 824).

Шейх әл-Әлбани: *«Егер бұл хадис сахих болғанда, онда Рамазан оразасы зәкат әл-фитрсыз қабыл болмайтынына нұсқау болар еді! Мен «зәкат әл-фитрсыз ораза қабылданбайды» деген бірде-бір ғалымды білмеймін», -* деген (қараңыз: “әс-Силсилә әд-дә`ифа” 1/118).

Әрі соңында әлемдердің Раббысы Аллаһқа мақтаулар айтамыз!